

821.512.122

бс 75

Сұлтан ЫБЫРАЙ



**ЖАРЫМ АДАМНАН
ТОЛЫҚ АДАМҒА**



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының
мерейтойы



«Абай мұрасы – біздің ұлт болып
бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол
ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да
Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек,
ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде
мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық
арманы. Халық арманы мен аманатын
орындау жолында аянбағанымыз абзал.
Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа
Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



**«АБАЙ АКАДЕМИЯСЫ»
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖОБАСЫ**



НҰР СҰЛТАН 2021

«АБАЙ АКАДЕМИЯСЫ» СЕРИЯСЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Ерлан Сыдықов, *бас редактор*

Дихан Қамзабекұлы, *бас редактордың орынбасары*

Думан Айтмағамбетов, *жауапты хатшы*

Ерлан Сайлаубай, *жауапты редактор*

Серік Қирабаев

Жабайхан Әбділдин

Мырзатай Жолдасбеков

Сейіт Қасқабасов

Болат Көмеков

Ғарифолла Есім

Тұрсын Жұртбай

Серік Негимов

Құныпия Алпысбаев

Шәкір Ибраев

Тілеген Садықов

Жантас Жақыпов

Амантай Шөріп

Рақымжан Тұрысбек

Жанат Аймұхамбет

АҢДАТПА

Өр заманда ұлт пен мемлекет келбетін жарқын да жасампаз идеяларымен айқындаған тұлғалар болады. Қазақ елі тарихында сондай тұлға – Абай Құнанбайұлы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан гұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – өлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға» деген сөзі – ақынның жаһандық аядағы құбылысына берілген нақты баға.

Өткенді пайымдау арқылы өскелең ұрпақты тарихтың айшықты рухани құндылықтармен қауыштыру, адамзатқа ортақ терең ой-парасатты жария еткен дара да дана тұлғаларды ұлықтау – дүниедегі ең ардақты іс екені анық.

Тағылымы мол тарих қойнауынан бізге жеткен елеулі құндылық – дара тұлғалар мұрасы. Халыққа жол сілтер кемел ой айтқан, заманынан озып парасат пен көркемдік биігіне көтерілген, шығармашылық мұрасы қай уақытта да өміршеңдігін жоғалтпайтын алыптар – ұлттың мақтанышы мен тірегі. Қазіргі таңда өркениеттер генезисінде, мәдениетаралық диалогте ой бөйгесінің орны айрықша. Сол даналық аңсарлар жалғасын тапса, ғасырлар тезінен өтіп өлемді рухани жаңғыртса, бұл өркениеттің зор жетістігі болмақ.

Президент Қ.К.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Өлемдік мәдениетте

Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс» деп, ауқымды зерденің көзін ашты. Біртуар ақын мұрасы мен мұраты ел бірлігін нығайтып, жаңарған қоғамдық сананың өрелі істеріне темірказық болары сөзсіз.

Абайдың даналық биігі – барша әлеуметті, әсіресе жастарды мемлекетшіл істерге баулудың бірден-бір дара жолы, сондай-ақ Қазақстанды өлемге танытудың өнегелі өрісі. Ақын армандаған кемелдікке терең ақыл мен тегеурінді қайрат қана апаратыны ақиқат.

Университет ұжымы және арнайы ғылыми топ осы міндеттен туындайтын ізгі мақсат жолына игілікті үлесін қосуға белсене кірісті. Мемлекет басшысы бастамасымен университет жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды.

Бұл ғылыми құрылым «Абай Құнанбайұлы мұрасы және қазіргі Қазақстан: жаңаша аспектіде жүйелеу, талдау және басылымға даярлау» атты кешенді ғылыми жобаны жүзеге асыруды қолға алды. Жоба аясында ғұмырнамалық зерттеулерді, ақын шығармашылығы туралы монографияларды, дерекнамалық еңбектерді, жаңа технологиялық жетістіктерге негізделген оқу-әдістемелік жұмыстарды танымдық сериялық басылым түрінде зиялы қауымға, ғылыми ортаға, барлық деңгейдегі білім алушылар мен көпшілік әлеуметке ұсынбақпыз. Басты мақсатымыз – абайтануға қатысты жаңа сипаттағы сан қырлы аспектідегі ғылыми зерттеулер арқылы бүкіл қоғамға, әсіресе жастарға Абай мұрасын жан-жақты насихаттау мен танымалдандыру, болашақ жарқын істерге жол салу.

Өрелі де өрісті ұлт болуымыз ақын шығармашылығын жалпылама дәріптеумен ғана емес,

оны ел дамуының өзегіне айналдыру арқылы жүзеге асатынын әрбір отандасымыз терең ұғынуы маңызды. Абай – ұлтты сүйудің эталоны, әлемдік даналыққа бой түзеудің өлшемі. Шынында да «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ақын қағидасымен өмір сүрсек, халқымыз парасатты, мемлекетіміз тұғырлы, келешегіміз жарқын болмақ!

Шығармашыл тұлғаның ақыл-ой жетістігі жаһандық руханият қазынасына құйылады. Егер ол ұлт пен әлемнің адамгершілік мүддесін табиғи үйлестіріп, замана сын-қатерінен өтетін жол нұсқай білсе, рухани көшбасшыға айналады. Абайдың биік поэзиясы, «толық адам» қағидасы осыған сәйкес келеді.

Ол өз дәуіріндегі білім-ғылым жаңалықтарына қырағы көзбен қарап, «жаңаның басы» болар адамның қалыптасып-дамуына себепші ғаламдық ойды қозғай білді. Ақынның тұлғалық портретін қазіргі адамзат қоғамы танып-білетіндей деңгейде байыптап жазу – ұлт ғылымының асыл мақсаты.

Абай Құнанбайұлының сарқылмас мұрасы мен заңғар тұлғасы ұрпақ төлімін, ұлт мұратын, мемлекет дамуын үйлестіруші рухани күшке айналып, бүгін де, ертең де, болашақта да ел өркендеуіне жаңаша мазмұн береді деп сенеміз.

Ерлан СЫДЫҚОВ,
*«Абай академиясы» жобасының
ғылыми жетекшісі,
академик*

Сұлтан Ыбырай

**ЖАРЫМ АДАМНАН –
ТОЛЫҚ АДАМҒА**

УДК 1/14 (574)
ББК 87.3 (5 Қаз)
Ы 13

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысанаға трансферт есебінен әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басым шығару және таритуды» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

Пікір жазғандар:

Д. ҚАМЗАБЕКҮЛЫ, ҚР ҰРА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Ы 13 Ыбырай Сұлтан

Жарым адамнан – Толық адамға. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. – 208 б.

ISBN 978-601-7627-35-5

Бұл кітапта Абай Құнанбайұлының «38 қара сөз» – «Ғақлият тасдиқат» – «Кітаб тасдиқ» мұрасы Мүрсейіт көшірген нұсқасымен салыстырылып, бүгінгі қазақ тіліне лайықталып қайта жазылып шыққан. Шығарманың ғылыми–философиялық негізі, «толық адам» идеясы, хакім қолданған ғылыми–методологиялық әдістер талданып, ой-тұжырымдарына түсінік берілген. Сондай-ақ қазіргі жастардың ұтымына жақыпдату мақсатында коучинг тәсілімен жазылған бөлім енгізілген. Мұрадағы кездесетін Құран аяттары мен араб-парсы сөздерінің мағыналары жаңадан толықтырылып, түпнұсқа тілде көрсетілген. Абайдың діни-философиялық ой-толғауларына байлақысты жаңа анықтамалар жасалынып, «Ғақлият тасдиқаттың» орысша және ағылшынша жаңадан жасалған авторлық аудармалары ұсынылған. Сонымен қатар автордың абайтануға қатысты басқа мақалалары берілген. Бұл басылмада қазақ руханиятының тамысрағы Абайдың «толық адам» идеясының мәнін ашуға талпыныс жасалған. Кітап хакімнің философиясына, қоғамдық ойларына қызығушы тартуға иелерге, жалпы оқырманға, әсіресе жастарға арпалады.

УДК 1/14 (574)
ББК 87.3 (5 Қаз)

© Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020
© «Абай академиясы» ҒЗИ, 2021
© Ыбырай С., 2021
© «Алашорда» қоғамдық қоры», 2021

ISBN 978-601-7627-35-5

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Қазір ғылым мен білім туралы қалыптасқан дәстүрлі пікір-тұжырымдыр өзгерді. Мұнын бірнеше себебі бар: біріншіден, жаратылыстану мен технология ғылымдарының дамуы адам танымына елеулі серпін берді; екіншіден, гуманитария саласында бұрын идеологиялық және зайырлық түсініктермен шектеліп келген аса шетін мәселелерді қайта қараудың мүмкіндігі туды.

Осы тұрғыдан келгенде, биыл туғанына 175 жыл толған Абай Құнанбайұлы тұлғасы – ғылымға да, адамзатқа да әрі мәлім, әрі беймәлім. Мәлімі – белгілі. Беймәлімі – ақынды болмысы мен шығармашылығының өзегі болған діннен, аса күрделі заманы мен замандастарынан бөліп қарағанымыз. Осылай жалғаса бермейтінін ұққанымызға да ширек ғасырдан асты...

Қолымызға өдебиет, тарих, дінтану, философия саласына қатысы жоқ, бірақ көкірек көзі ашық һәм отандық оқудың да, батыстық оқудың тұнығынан су ішкен Сұлтан Ыбырайдың «Жарым адамнан – толық адамға» атты еңбегінің қолжазбасы түскенде, «Бұл не жазба?» деп ойланғанымыз рас. Оның үстіне аннотациясындағы «Кітаб тасдиқ» туралы ақпарат селт еткізді.

Сонымен, уақытымызға қарай бір апта ішінде қолжазбамен танысып шықтық. Автордың алға қойған мақсаты маңызды: ол – бүгінде ақынның «38-қара сөзі» болып кеткен «Кітаб тасдиқ» еңбегін «толық адам» тұжырымдамасы аясында қарастыру және жаңа заман тілімен, амалымен (коучинг тәсілімен) жеткізу. Басқа-басқа, мәселенің осы тұрғыдан зерделенуінің өзі – жаңалық.

Еңбектің мәнін арттыратын сипаттар:

1) Автор Абай мұрасының аса өзекті мәселесін ғылыми-практикалық тұрғыдан қарастыруды алдына мақсат етіп қойған.

2) Өз бетімен ізденіп, дін және қоғам, руханият және халық т.б. проблемалардың «Кітаб тасдиқ» талқысындағы жүйесін анықтауға тырысқан.

3) Бүгінгі жастарға «Китаб тасдиқты» коучинг тәсілімен түсіндіруге талап қылған.

4) «Китаб тасдиқтың» орысша және ағылшынша баламасын (аударма) жасаған.

Әрине, сын-ескерпе де бар. Кейбір тілдік, соның ішінде стильдік селкеуліктерді көрсеттік. С. Ыбырай коучингі руханияттан хабары бар, ептеп діни сауаты бар оқырманға арналған. Енді діни түсінігі мүлде кем, тіпті адасқандарға бағытталған коучинг туралы да жоба құрған жөн. Сонымен бірге Абайдың асыл ойларын сараптап, бүгінгі өмірмен байланыстырғанда эмоцияға бой алдырудан сақтанған абзал.

Тұтастай қарағанда, абайтану табалдырығын аттаған ізденуші үшін бұл аз еңбек емес. Сондықтан бұл «іргелі жұмыстың басы» деп, тілектестікпен қараймыз.

Автордың қазақ қоғамы шешуді аңсаған Абай жұмбағына батыл баруы әрі «38-қара сөз» құпиясын табуға ұмтылуы – азаматтық, білімдік өрісінің дәлелі.

Сұлтан Ыбырайдың «Жарым адамнан – толық адамға» атты қолжазбасы басылуға даяр, рухани мұраға ынтызар оқырман үшін қызықты еңбек деп санаймын.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі

КІРІСПЕ

Бісміллә – сөздің басы. Бұл кітапты қолға алуыңыз Абайға қызығушылық танытуыңыздың белгісі. Кемеңгердің кемел ойларынан сусындамаққа бет қойсаңыз, хакімнің «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деп жазғанындай, сіздің де естілігіңіздің белгісі болар. Өзгергіңіз келсе, талабыңызға нұр жаусын!

Донғалақтың ойлап табылуы – адамзат тарихындағы ең үлкен технологиялық төңкеріс. Адамзаттың сатылап дамуының ерекше үлгісі – арбаға арналған шабағы бар донғалақтың алғаш көшпелілер даласында (Сынтас мәдениеті, Арқайым) жасалғаны – археологиялық факт. Жылқының да ең алғаш қазақ жерінде (Ботай мәдениеті) қолға үйретілгені белгілі. Даламыздық әр жерінен табылып жатқан «алтын адамдарды» айтпай-ақ қояйық. Заманында ғылым мен технологияда озық болған бабаларымыз бүкіл дүниені мойындатты. Ұлы тарихымызға көз жіберсек, қалың жұрт білетін арғыдағы дүбірлі Тұмар ханым мен Еділ патшаларды былай қойып, кешегі өткен Шыңғыс қаған өз ұрпағымен Еуразия құрлығында иілмеген бас, бүгілмеген тізе қалдырмап еді. Дешті қыпшақтың ұлы Бейбарыс сұлтан ғана бетін көйтарған. Бір қызығы, он сегізінші ғасырдың соңында Мысырды жаулауға келген сол кездегі алдыңғы қатарлы соғыс қарулары мен жаңа әскери тактика қолданған Наполеонға қарсы ескі қаруымен соғысқа бастаған араб билеушілері емес, тағы сол мемлүктердің ұрпағы болды, ал содан жарты ғасырдан кейін басқа қазақ емес, Шыңғыс қағанның 27-ші ұрпағы Кенесары хан (қазақша дұрыс айтылуы хан емес – қан, көне түрік сөздігінде де *qan*, көне түрікте *x* дыбысы негізінен санскрит пен арабтан енген сөздерде ғана кездеседі, хакім Абай да қадым арабша жазуында *x* дыбысы бола тұра каф *z*, яғни қ әрпімен жазады) қылышпенен Ресей империясының зеңбіректі әскерімен күресіп жатты... Абылай хан заманы өткеніміздегі жақсы кезең болды дегенімізбен, ол тек қана

етек-жең жинап, ес жиған бергі тарихымыздағы бір мезет қана еді. Алтын Орда қандай ұлыс еді?! Оның құлауына Ақсақ Темірді, оба ауруын кінәласақ та, көшпелі өркениетті шыңына жеткізген бабалар, отырықшы өркениет ғылым мен технологиясын дамытқаннан кейін тарих сахнасындағы басты рөлден айырылып қалды, одан кейінгі елдік мақсат ұлыс-империя құру емес, жан сақтау болып бүгінге дейін келе жатыр... Бодандықтан босағаннан бері отыз жыл ішінде боламыз ба, бордай тозамыз деген сұрақ әлі тұр. Мұқым қазаққа, жалпы түрік жұртына, тіпті кісі мұсылманға сапалы өзгеріс керек екені Сұлтан-Махмұтша айтсақ, Айдан анық, Күннен өшкере.

Бүгін байқайтынымыздай, біздің қоғамдағы адамдық жақсы сапа – оқыған шынайы зиялыларда, не озық ұлттық дәстүр немесе түзу дін ұстағандар сияқты сенімі мықты жекелеген адамдарда ғана қалып, көпшілік тобыр мәдениеттің ықпалына түсті. Жаһанданудан келіп шығатын дамыған бай, қуатты елдердің – бүгінгі империялардың тарапынан болатын саяси-экономикалық, идеологиялық шабуылдарға төтеп беру үшін, жалғыз сенім жеткіліксіз екендігі білінді, сенімі мықты жеке адам өзін, отбасын күтқаруы мүмкін, бірақ көпшіліктің, елдің сыртқы күштердің шабуылына төтеп беру үшін, қоғамды ішкі тұтастыққа жеткізуге ұмтылу үшін сеніммен қоса ақыл керек, яғни философиялық пікір болмаса, сол философияны дамытқандардың, терең ойланғандардың ықпалына түссіз, сондай-ақ өз халқыңыздың жағдайы жөнінде терең ойланбасаңыз, ол жайында басқалар «ойлай» бастап, біздің проблемаларды шешкен болып, өз мүдделерін түгендей бастайды. Сондықтан философиясыз ұлттық даму жоқ. Философия мен ұлттық даму арасындағы байланыс соншалықты тығыз және күрделі, сондықтан оларды нақты ажырату оңай шаруа емес. Қазіргі таңдағы ең жақсы ғылымға, білімге негізделген, сәтті сарапталып талданған және түсіндірілген философия мен философиялық көзқарастар ұлттық дамуға өксітін негізгі фактор болып табылады. Философия деген сөздің этимологиясы грекшеде даналықты сүю деген мағына білдіреді. Даналық сіздің иманыңыз бен ақыл-біліміңізден туындамақшы. Бірақ әр философ философияны әрқилы түсіндіреді. Адамзаттың қоғамға, көпшілікке өзінің ақылын қосып жасаған әр пайдалы ісінің астарын-

да философия жатыр. Хакімнің идеяларын марксистік-лениндік философия тұрғысынан алғашқы сынауға әрекет жасаған Ілияс Қабылұлы философияға жақсы анықтама берген. (1928 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің №208 санына шыққан «Абай және оның пәлсапасы туралы», «Егемен Қазақстан» 23 тамыз 2019ж), «Пәлсапа – барлық ғылымдардың жалпы заңын тексеретін ғылым». Әрине, осы тексерісті жасағанда даналық керектігі анық. Батыстық философия мен ислам философиясының айырмашылығы бар, негізі фәлсафа (пәлсапа) деп ислам философиясын айтады. Ислам фәлсафасы (الفلسفة الإسلامية) адам ақылы мен ислам ілімі арасындағы үйлесімділікті қалыптастыруға бағытталатын әрекет. Кең мағынада философия жалпы қоғамның даму заңдылығын анықтаушы әрі бағыттаушы қызметін атқарады. Аристотель сынды ежелгі грек ойшылдарының идеялары бүгінге дейін маңызды болуы, орта ғасырлардағы Әл Фараби, Ибн Сина, Әл Ғазали сияқты мұсылман хакімдерінің философиялық көзқарастары Еуропа ренессансына әкеліп, оның ғылым мен техникасы дамып, орта ғасырлық христиандық қараңғылықтан шығуына тікелей әсер етті. Кейін керісінше мұсылмандар қараңғылық қамытын киіп, ол бүгінге дейін жалғасып келеді. *Қазіргі тығырыққа тірелген қазақ қоғамына да дұрыс бағытта даму үшін үлгі-парадигма ретінде бір үлкен идеяға сұраныс тұр.* Біз ол идеяны дамыған батыс пен шығыстан іздейміз, отыз жылдық тәуелсіз деп аталатын кейінгі тарихымызда кімнің шапанын иығымызға жамылып, кімнің бөрігін басымызға киіп көрмедік, кебісіне де жабыстық, ол тек біреудің батысшыл, екінші біреудің шығысшыл болуына, тағы біреулер маргиналданып шетін жолға түсуіне, енді бірінің қарабайырланып орта ғасырға бет бұруына, басқа да көптеген «шылдар» мен «құлдықтарға» әкелді, нәтижесінде ұлттың бірлігіне нұқсан келді, бодандықтан жойылуға шақ қалған елдік құндылықтар одан сайын құлдырады. Біздің осындай болғанымызға «рушылдар», «жершілдер», «орысқұлдар», «арабқұлдар», «қытайқұлдар», «мамбеттер», «ұлтшылдар», «оралмандар», «биліктегілер», «президенттер», «мемлекеттік органдар», «мемлекеттік қызметкерлер», «мәжілісмендер», «сенаторлар», «уахыбтар», «сопылар», «төңірішілдер», «шоқынғандар», «кришнаиттер», «атеистер», «жемқор-коррупционерлер», «олигарх-

тар», «банкирлер», «бизнесмендер», «саудагер-коммерсанттар», «базардағылар», «шет елде қашып жүрген оппозиционерлер», «жерін-елін сатқандар», «қаладағылар», «ауылдағылар», «көп балалы аналар», «жұмыссыз еркектер»... – бәрі кінәлі болды. Біздің осылай бөлінуімізге сыртқы күштерді ықпалы бар екенін жоққа шығаруға болмас, дегенмен біз бәріміз өзіміздің ортақ кемшілігімізді таппай, бір-бірімізді кінәлаумен келеміз. Проблеманы тұтас көре алмай, бір бөлігін ғана байқап, біз ең бастысы өзіміздің қазіргі жағдайымызды дұрыс сараптап, бағасын бере алмай отырмыз. Соның салдарынан біз бәріміз қиянатшыл «жарым адам» қоғамында өмір сүруге мәжбүр болып отырмыз. Бір жақсысы, біздің бұл ортақ кемшілігімізді алтын хакім 120 жыл бұрын көрсетіп қойған: «Бұл қиянатшылар жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман» (*Фақилат тасдиқат, F.T.*) «Жарым» деп хакім адамгершіліктің жартыкештігін, адамдық қасиеттің шалалығын айтып отыр. Сол қасиетсіздіктен қоғамдағы қиянат бастау алады. «Сегіз аяқтағы» «Үш-төрт жылғы өдетін, Өзіне болар жеңдетің» дегендей, сол жаман өдеттеріміз қисық мінез болып қалыптасып, өзімізге жау болып отыр. Иә, біз бәріміз жарым адамбыз, тіпті мұсылмандығымыз да жарым. Содан болар, Абайдың «шарғыға муафиқ өнері» – шариғат аясындағы еркін ойлары, ақылға ерік бергендігі өз заманындағы ғана емес, тіпті бүгінгі жарым моллаларға да ұнамайды.

«Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек... Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек... Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек» (41-сөз).

Бізді қоя тұрып, жалпы адамзат тарихында «бек зор өкіметі де, есепсіз байлығы» да қолында бар қанша хандар мен патшалар өтті, олар өз елдерін ақыл берем, түзеймін деп қам жемеді деп айта алмайсың, бірақ көпшілігі өз халықын түзете алмады, сонда хакімнің бұл тұжырымы қате болды ма десек, жауабы он жетінші қара сөзде жатыр екен. Абайдың үшкілі «жүрек, қайрат пен ақыл» дегеніне ой жүгіртсек, сол хандар мен патшалар ақыл-айласымен де, қайратымен де ел басқарған, осал тұстары осы ақылы мен қайратын жүрегіне бағындыра алмауында жатса керек...

Құдайсыз қоғамнан шыққан баршамыздың ортақ кемшілігіміз «жарым адам» болып шығуымыз заңдылық деп

айтсақ қате болмас. Бүгін егер бізде идеология бар десек, ол да кешегі, көнбесен күшке салған қиянатшыл совет қоғамынан бастау алғандықтан «жарым адам» тәрбиелеу бүгінге дейін өлі жалғасын табуда.

Абайдың «Масғұт» поэмасында бір толассыз жаңбыр жауып, қалың елге кесір келіп, сол жаңбырдың суын ішкен бар халық есінен адасқанда, хан мен уезір алдын ала таза су жинап алып, ішіп, аман қалып, халқына түзу сөз айтса, көпшілік түсінбей қарсы шығады, халықтың қысымынан олар да жынды су ішуге мәжбүр болып, көптің сөзін сөйлегенде барып халық оларды жайына қояды. Мұнда «Өздеріңді өзгертпей, жағдайларыңды өзгертпеймін» (13:11) деген Құран аятындағы хикмет бар, қоғамның әр мүшесі өзін түзетсе, яғни ішкі жағдайын түзесе, Жаратушы сыртқы жағдайды түзейді. Біз де осы поэмадағыдай кесірге толы күн кәріп, өлместің күнін кешудеміз. Бұл көпке топырақ шашу емес, ақыл тоқтатып, ауруымыздың дұрыс диагнозын қойып, емделудің жолын іздеп көруге талпыныс. «Жарым адам» тәні сау, бірақ жаны дімқос адам. «Алла бір ауру жіберген болса, оның емін де жіберген» деген хадиске сүйене отырып, ол кеселдің емін іздеу керек.

Енді артымызға бұрылып, қоржын ақтарып, дұрыс дамуымызға негіз болатын идея іздесек, өзімізде іске жарайтын не бар еді деп ой толғасақ және жалпы ондай талпыныстар болып па еді деп кейінге көз жіберсек, Алаш арыстары бірінші еске түседі, ал олардың бастауы неден басталып еді десек алтын хакімге келіп тірелеміз. *Абайдан нені аламыз дегенде «толық адам» идеясы алдымыздан шығады, «жарым адам» қоғамын «толық адам» еліне айналдыру мақсаты көрінеді.*

Әуелі «толық адам» кім деген сұраққа жауап берілуі керек, сосын оны осы заманға лайықтап түсіндіре алсақ, ісіміз алға жылжуы мүмкін. «Толық адам» – «*Ғақлиат тасдиқаттың*» басты тақырыбы, Абай философиясының негізі.

«Абай философиясы бізде тіпті зерттелмеген, Абай философ болса, оның ойларын Шығыс, Батыс философиясын білмей зерттеу, құрғақ өдеби талдауға салыну – пайдасыз», – дейді ғалым Әуелбек Қоңыратбаев. («Өркениет» басылымы, 31 желтоқсан, 1994 ж).

«Абайтанудан жарияланбаған материалдар» деген еңбегінде Мұхтар Әуезұлы «Абайды философ деуге болмайды, себебі философ болуы үшін, белгілі философиялық система болуы керек. Абайда олай емес» (19 том, 31 бет), «Философиядан алған білімі белгілі бір жүйеге түспеген еді. Маркс және оның ғылымы туралы ол білмеген болуы керек» (19 том, 32 бет), «Өзінен туған, өзіндік философиялық системаны танытатын арнаулы трактат тағы жоқ» (20 том, 181 бет) деп жазған болатын.

Бұл ертеректегі пікірлер, әрине, Абайдың философиясының зерттелмеуі хакім ойларының марксизм-ленинизм философиясының тақиясына сыймауында, «Құдай жоқ» деген идеологияда, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп отырса, айтпаса да түсінікті емес пе? Неге Мұхтар Әуезов, өз алдына бөлек кітап болған «Ғақлиат тасдиқатты», тағы бір атауы «Кітаб тасдиқты» басқа қара сөздердің ішіне «38 қара сөз» деп «зорлап» қосты? Ол жеке кітап болып тұрса, совет үкіметі тұсында ешқашан баспа бетін көрмейтіндігі анық еді, әйтпесе өзі ғұлама ғалым, өзі жазушы, өрі абайтанушылықтың ғылыми негізін салушы, кешегі Абайдың өзі «Әуке аға», «Үлкен қожа» деп атаған Әуездің өзі тәрбиелеген немересі бұл кітапты түсінбеді деген ақылға сыймайды.

«Ғақлиат тасдиқат» – хакім шығармашылығының шыңы, көлемдісі, соңғысының бірі және басқа шығармаларынан ерекшеленіп тұр. Бұл кітапта ғылыми негіз тұрғаны бірден сезіледі, дәлелдер, анықтамалар мен тұжырымдар бар, жасампаздық басым. Бұл еңбек шағатайша, қазақша жазылды дегені болмаса, қазақтың ғана кемшілігін көрсетіп, оны жою жолын көрсету ғана емес, адамның жанын тану жайында болғандықтан, бүкіл адамзатқа ортақ шығарма. «Ғақлиат тасдиқаттың» универсалдылығы осында жатыр. Жалпы хакімнің басқа қара сөздерінде сұрақтар мен сын көп болса, бұл кітап сол сұрақтар мен сындарға жауап іздейді. Мұндай шығарма қазақ тарихында Абайдан ілгеріде болған жоқ, өкінішке қарай кейін де бола қойған жоқ. Үлкен проблема көтерген, өзіндік жүйесі бар, белгілі бір методологияға сүйенген философиялық трактат. Мұхтар Әуезұлы: «...Осы топта көлемі мен мазмұны бойынша ең үлкен орын алатын отыз сегізінші сөз – «Ғақлиат тасдиқат». Бұнда Абай аят, хадистерден цитаталар келтіріп сөйлейді. Жалу тілінің

басқа қара сөздердегі анық қазақтық түрін өзгертіп, кітапшылап (түрікше) тың үлгі, стиль іздейді». [Әуезов, «Абайдың қара сөздері»].

Көкбай Жанатайұлы «Абай жайындағы естелігінде»: «Абайдың жалпы діни өсиеттері мен негізгі діни пікірлері қара сөзінің ішіндегі «Ғақлиат тасдиқат» деген сөзінде толық айтылған. Әрқашан ауызша айтатын уағыз насихаттары болсын, өлеңмен үгіт қылып айтатын адамшылық жолы, құдайшылық жолы болсын, барлығы сол сөзіне жиналып келіп қорытылған сияқты. Кейде жазылған дін жайындағы өлеңдері болса, түгелімен сол сөздің жеке-жеке пікірлерінен туған сияқты» дейді.

Кеңестік дәуірде бұл шығарманы зерттеуге мүмкіндік берілмеді дедік, түсінуге қиындық тудырған тағы бір себеп, мұндағы діни және араб-парсының сөздерінің көптігі, шағатай, татар, тіпті осман түрік орфографиясының болуы. Абай заманындағы бүтін түркі халықтарына ортақ «кітаби тілде» жазылғандықтан, бұл шығарманы белгілі бір дайындықсыз оқып, түсіну оңайға соқпады. Жалпы Абай өз шығармашылығында 11 тілдің сөздерін қолданған. Бұл шығарманы түсінудің ауырлығы бүгінгінің мәселесі емес, сол Абай заманының өзінде-ақ қиындық тудырған. Оның дәлелі, оны түпнұсқадан араб қадым жазуында көшіргендегі және кейіннен латын, кирилл жазуына түсіргенде түсінбестіктен қателіктердің кетуі және «Ақ жол» газетінің 1923 жылғы бірнеше санында басылған татар ғалымы Әбдірахман Сағидидың мақаласында ұлы ақын шығармаларының 3-ші басылымы деп ұсынылған 1922 жылғы жинақта (Ташкентте басылған) Абай мәтіндерінде қазақ тіліне еңбеген араб, парсы, орыс сөздері де Абай мұрасын түсініп оқуға сәл кедергі жасауы мүмкін екендігін айтып өтеді. Құдайберген Жұбанов «Абай қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінде хакімнің тілі 1864 жылдан кейін шағатайдың ықпалынан арылды» дегенмен, бұл шығарма ғылыми еңбек болғандықтан «кітаби тілде», яғни сол кездегі түркі-мұсылман жұртындағы ғылым-білім тілінде жазылған. Мұнда мысалы, Құран, хадистерден басқа, ислам философиясы-пәлсапа мен маңтығындағы логикасындағы терминдер көптеп кездеседі.

«Ғақлиат тасдиқаттың» жазылуы 1896 жыл делініп жүр. Абайтанушылар бұл датаның дұрыстығына күмәнданып

жүрген болатын, бір қызығы осы еңбектегі мына сөйлем сол күмәннің дұрыстығын дәлелдейді:

«Электрді тауып, аспаннан найзағайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен лезде жауап алып тұрып...», (...«найзағайды» – Никола Тесланың айнымалы тоқты сымсыз тарату тәжірибелері, 1899 жазда, Колорадо спринз), («дүниенің бір шетінен лезде жауап алып» – бірінші алыспен радиобайланыс Ла Манш бұғазы арқылы, 1899 жылғы, Маркони, сол жылы Попов, Қара теңізде кемелер арасында байланыс орнатқан).

Жоғарыда көрсетілген ғылыми жаңалықтардың ашылуы бұл еңбектің 1896 жылы емес, 1899 жылы, не кейін жазылғандығының дәлелі, яғни хакім өмірінің соңына қарай шығармашылықпен айналысқан жоқ деген ойды терістейді.

Абайдың төлім алған үш рухани бастауы:

(1) ұлттық: халық және жазба әдебиеті;

(2) батыс-орыс;

(3) мұсылмандық: араб-парсы.

Ұлттық және батыс-орыс кеңес дәуірінде коммунистік идеология шеңберінде болсын, әйтеуір біршама зерттелді.

Ал араб-парсы, мұсылман, яғни шығыстық бастауы сол идеологияның әсерінен көп зерттеле қойған жоқ, дегенмен замана желіне ықпаған Мекемтас Мырзахметұлы, Ақжан Жақсыбекұлы сынды ғалымдар осы бағытта еңбек етті. Жалпы алғанда совет дәуірінде де, тәуелсіздік жылдарында да Абай тақырыбына соқпаған қазақтың ақын-жазушылары кемде-кем.

Хакім еңбектерін өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатында, Абай тілінен алшақтамай және бізге жеткен Мүрсейіт Бікеұлының көшірмесіне сүйене отырып, араб-парсы тілінде берілген ұғымдары бүгінгі жас ұрпаққа түсінікті тілде ыңғайлап жазу күн тәртібінде тұрғанына біраз болған. Оқушыларға, зерттеушілерге түсінікті болмақ үшін бүгінгі қолданыстағы Мүрсейіттен алынған кирилше түсірілген нұсқа мен бүгінге бейімделіп жазылған нұсқаны кестеде қатар келтірдік. Сонымен қоса, хакімнің осы еңбегіне талдау жасау мен ойшылдың негізгі тағылым боларлық идеяларын жас ұрпаққа жанаша түсіндіруге талпыныс жасадық.

Араб және парсы сөздерінің түсініктері Н. Оңдасынов пен К. Баранов сөздіктерінен және ашық интернет көздерінен

алынды. Хакімнің осы шығармадағы қолданған Құран аяттары түпнұсқада берілді: 2:44; 2:82; 2:195; 3:57; 5:42.

«Өркімнің өз Абайы бар» дегендей, бұл кітапта автор өз Абайын ортаға салады. Өр адамның қателесуге құқы болатындықтан, қателер, кемшіліктер кездессе, автор алдын-ала оқырманнан кешірім өтінеді.

Дұрысын тек бір Алла ғана біледі.



51 жастағы Абай мен ұлдары Ақылбай (сол жақта) және Тұрағұл (оң жақта)

І БӨЛІМ

«КІТАБИ ТАСДИҚ» МӘТІННІҢ ТҮСІНДІРМЕ ТАЛДАУЛАРЫ

Шығарма тақырыбы

«Ғақлиат тасдиқат» – *адамның мінезі* туралы ұрпаққа арналған шығарма. «Сөз» деген ұғым Абайда шығармашылық, *идея* деген мағынада. Хакім «қара сөздерді» – «*ғақлияны*» өзі «*бал*» деп атаған.

Абайдың интеллектуалды атмосферасы

Осы шығарманы оқу барысында кездесетін хакімнің «*нақлия*» және «*ғақлия*» дәлелдері не үшін керек деп сұрақ қойсақ, аталған еңбекті және Абайдың интеллектуалды атмосферасын түсіну мақсаты классикалық исламның білім жүйесіндегі мойындалған әдістерді білуді керек етеді. Неге ислам білім жүйесі деген сұраққа хакім қолданған терминдерге көз жіберсек «тасдиқ, нақлия, ғақлия, тағриф т.б.» классикалық исламның білім жүйесінен хабар береді, бірақ білім, таным жайындағы ғылым – эпистемология, діннен тыс, әмбебап, өйткені ғылым-білім жалпы адамзатқа бірдей ортақ.

Нақыл және Ақыл ғылымдары

Классикалық ислам екі түрлі білім мен ғылымға (ілім) негізделді – араб тілінде «*нақыли*», яғни «бұрыннан белгігі, таратылған, ауызша не кітап түрінде жеткен» және «*ақыли*» – «интеллектуалды» ақыл-ой қорытудың, пікірленудің жемісі. Бұл айырмашылық – білім алу әдісіне қарай айтылған.

Ғалым болудың шарты

Отыз екінші қара сөзінде хакім: «Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – *мұлахама* қылу, екіншісі – берік *мұхафаза* қылу». Бұл екі қуатты зорайту

жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды». Арабша *طالع* – мұлахаза 1) байқау, қарау; 2) ойлану, ескерту, ғылымда табиғи құбылыстарды бақылау арқылы гипотеза қалыптастыру және оны тексеру. Гипотеза, жаңа идея қалыптастыру терең ойды, пікірленуді талап етеді. *Мұхафаза* *حفظ* сақтау, бұзбау. Хәкімнің бұл айтқандары – «берік мұхафаза қылу», яғни «берік есте сақтау» нақыл ғылымын, ал «мұлахаза қылу» – «бақылау, ойлану» ақыл ғылымын игеру үшін керек екен. Қысқасы, «*ғылым игеру үшін есте сақтау мен ой қорыту қабілетін қатар дамыту керек*». Бұдан Абайдың эпистемологиядан хабарының жақсы болғандығын шамалаймыз.

Пікір, ойды дәлелдеу әдісі

Пікір, ойды дәлелдеудің де сондай екі түрі бар: «нақыли» және «ақыли». *Нақылдық дәлел* мәтіндік дереккөзден алынып, дәлел келтіретін адамға үйретіледі, түсіндіріліп беріледі, жатталып та қабылданады. *Ақылдық дәлел* – дәлел келтіруші адамның өзінің пікір-ойды ресми немесе бейресми логикадан (мантиқ), индуктивті, дедуктивті немесе басқа ойлау тәсілдерінен өткізіп, өңдеуінен туындайды. Адамзаттың дамуына және сол дамудың әр кезеңінде хәкімдердің, ақылды адамдардың еркендеуге қосатын үлесі орасан зор екені белгілі. Яғни хәкімдер өткеннен жеткен нақылдық білімді өз ойынан өткізіп, жаңа заманның өзгерістеріне сай ой қорытып, қоғамды қозғайтын жаңа идея өкеледі. Бұл – ақылдық білім.

Нақылдық білім жинау

Нақылдық ғылым білім бір ұрпақтан келесі ұрпаққа, ұстаздан шәкіртке беріліп отырады. Бұған жетудің дұрыс жолы басқа біреуден алу, яғни «жүректен жүрекке» жету арқылы. Практикада нақылдық білімді адамның өзі де оқу арқылы алуына да болады, бірақ ол қиын жол, адамның білім деңгейіне, ынтасына байланысты.

Тарих, грамматика, морфология, ситаксис, тіл үйрену, шарият, заң т.б. бұлар бұрыннан белгілі, берілген, таратылған нақылдық білімдерге жатады. Құран, Пайғамбардан өзгерусіз жеткен хадистер де – нақылдық білім көзі. Бірақ Құран мен хадистердің жолы бөлек, оларды әркім оқи алады, бірақ олардың түсіндірме-тәпсірлеріне сәк болу керек.

Ақылдық білім жинау

Ақылдық, интеллектуалды білімді ұстаздан не кітаптан толықтай алу мүмкін емес. Ол ақыл-ойды, өртүрлі деңгейдегі логиканы қатаң түрде жұмыс жасату арқылы, индукцияны және дедукцияны, рефлексияны пайдалануды талап етеді. *Ақылдық білім* – ғылым-білімнің қысқаша, керекті және ыңғайлы негізін алған сол, ғалымның өзі жасайтын білім.

Математика – ақылдық білімнің негізгі мысалы. Классикалық мұсылмандардың түсінігі бойынша сіз жоғарғы математиканы қатаң жаттығулар, логика мен дедукция арқылы, ақыл-ойды іске қосып толық түсінбейінше математиканы үйрендім деп айта алмайсыз. Адамның ақылы ақиқатты тануға қабілетті болғандықтан, математиканы түсіну адамның ақыл-ойына туа бітеді, тек талмай, мұқият жаттығуды қажет етеді. Ұстазға тәуелділік болмауы керек, ұстаз негізгі теорема, аксиома, постулаттарды үйрете алады, бірақ ақыл-ойды басшылыққа алып, сол ұстаздардың бақылауымен оқушы ретінде өз дәлелдемелерін жасай білу қабілетін дамытуы керек.

Логика – математикамен байланысты басқа бір мысал. «Логика» – «мантиқты» философиядан – «хикметтен» немесе «пәлсападан» бөліп қарастырады, себебі формалды логика әдіснама ретінде философияның бір бөлігі, бірақ сайып келгенде математикадан және тілден шығады. Философия логикаға негізделіп құрылады және дәлелдеуді керек етеді, бірақ олар екі түрлі ғылымдар.

Философия да логикаға негізделгендіктен ақылдық білімге мысал. Сізге ешкім философияны үйрете алмайды, ол ақыл-ойдың жаттығуынан туады. Ұстаз бағыт береді, дүниеден өткен хакімдерді, философтарды оқытады, оларды қазіргі күн тұрғысында түсінуді үйретеді. Одан кейін сіз ақылыңызды терең оймен іске қосуыңыз керек. Пікірсайыстар, таластар, дәлелдер мен қорғаныстар арқылы бір нәтижеге келесіз.

Нақылдық білімсіз Ақылдық білімнің өзімен ғана ғылым жасауға бола ма?

Адам өзі ойлай білсе нақыл білімнің керегі не? Біріншіден, нақылдық білім адамзаттың ғасырлар бойы жасаған білімдер жиынтығы, жаңа ақылдық ғылым

солардың негізінде жасылмақшы. Екіншіден, нақылдық білімге Құран мен хадистер жататындықтан ақылдық білім соларға негізделіп, Құдайдың заңына сай болмақшы, яғни ондай ғылым адамның азғындауына, теріс жолға түсуіне, қиянат жасауына, өлтіруіне жол бермейді.

Хақім деген кім?

Нақылдық, ақылдық білімдердің, дәлелдер мен теоремалардың өзорындары бар. Бүлекі білімді қай жерде, қалай қолдануды білетін интеллектуалдық кемелдікке жеткен, жүзеге асыра алатын және сөйкесінше әрекет ететін адам «хақім» деп саналады. «Ғақлиат тасдиқатты» оқып отырып бұл шығарманың жоғарыдағы талаптарға толық жауап беретінін байқаймыз. Бірінші нақылдық және ақылдық дәлелдердің қолданылуы және оны хақімнің өзі астын сызып айтады: ...*«Бұл сөзіме нақлия дәлелім – жоғарыдағы жазылған Алла Тағаланың есімдері, ғақлия дәлелім Құдай Тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты...»*. Бұл Абайдың өзінің нақылдық және ақылдық білімді қатар қолдана алатын хақім екеніне дәлел. Хақім хикметті түсінген адам. Бірақ, хақімдіктің Алланың тарапынан берілетін нығмет екендігі Құранда айтылған:

«Алла (Т.) хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады». (Бақара, 269 аят).

Исламдық логика – мантық

Исламның өзіндік логикасының эпистемологиясы бар. Ол Исламдық логика деп аталады және үш әдіс-тәсілден тұрады. Олар тассәуур; тасдиқ және истидлал.

Тассәуур жинақталған бес талқылау тәсілдерінен тұрады: дилала; 'алфаз; куллият әл-хамз; әл-тағриф және нисбаһ. Тасдиқта негізгі пікірталастар қадияһқа бағытталған, мысалы мәлімдемелер. Қадияһ өз кезегінде, қадият һәмлияһ пен қадият шартияттан құралады. Соңғы тәсіл Истидлал тікелей рационалдық пайымдаулар тәсілдерді және жанама рационалдық пайымдаулар тәсілдерін қамтиды. Негізінде, Исламдық логика – Алланың тарапынан түскен нақылдық

дәлелдер және ақылға негізделген дәлелдердің екі түріне негізделген исламдық білім саласы.

Бұл білім саласын кейінірек ислам ғалымдары дәстүрлі ислам білімдерін жасау немесе тарату үшін қолданылды.

«Тасдиқ» сөзінің мағынасы

Бұл шығарманың «Тасдиқ» аталуы және жазылу барысында «тағриф» әдістерінің қолданылуы, жоғарыда айтып өткендей, мұнда исламдық логиканың қолданылғанын көрсетеді.

«Тасдиқ» сөзі *فی دصت* тасдиқ – ратификациялау, бекітіту, растау, куәландыру, сенім, мақұлдау деген мағыналарды білдіреді. Түбірі *صديق* – *сыдық, шындық*.

«Тіл тұрғысынан алғанда, ислам – жалпылама және кең, ал сенім (иман) жеке және нақты түсінік. Иман – Исламның ең асыл, жарқын бөлігі, сондықтан барлық тану, мойындау (тасдиқ) – бұл мойынсұну (тәслим), бірақ кез келген мойынсұну тану мен сенім (тасдиқ) емес». Орысшасы: «С точки зрения языка, *ислам* – понятие более общее и широкое, а вера (*иман*) – более частное и конкретное. *Иман* представляет собой самую благородную часть *ислама*, следовательно, всякое признание (*тасдиқ*) – это покорность (*таслим*), но не всякая покорность есть признание и вера (*тасдиқ*)». [Имам Әл Ғазали «Их йа' улум ад-дин» – «Дін ғылымдарын жақарту» Издательский дом «Нуруль Иршад» МОСКВА 2007, 1-ші том, (509 бет)]. Сонымен қатар, «тасдиқ» сөзі осы кітаптың 93-ші бетінде «сенім», 251 бетте «ақиқатты қабылдау», 412,448,508,509,512,528,529,530,534, беттерде «ақиқатты мойындау, тану» деп түсіндірілген.

У. Смит «Сенім Тасдиқ ретінде» еңбегінде былай дейді: «Шынында да, ислам теологиясына сәйкес, сенімнің (иман) анықтамасы – *тасдиқ*. «Тасдиқ – бұл ақиқатты тану, оны бекіту, растау, іске асыру. Ақиқат әр жағдайда жеке және шыншыл» (106 бет), [Islamic Philosophical Theology, Edited by Parviz Morewedge, 1979, State University of New York Press, Albany, "Faith as Tasdiq". Wilfred Cantwell Smith, Dalhousie and Harvard Universities]. «Исламдық формадағы әдеттегі сенім біліммен тығыз байланыста болады. Мұсылмандар үшін «сенім – білімнің басқа қыры, бірақ білім жағында тұрған жоқ» (Сонда., 108). «Бұл сенім дегеніміз тек білім ретінде қарастырылады дегенді білдірмейді, яғни білім –

сенім деген сөз емес, сенімде білім қамтылған, бірақ ол тағы бір қосымша нәрсе. Бұны Калам адамдары «тасдиқ» деп атауға келіскен», (Сонда., 109). «Сенім – білімге негізделген тасдиқ, «сенімнің серпіні, күшеюі» емес. Білім мен тасдиқ арасындағы айырмашылық шынайылық пен «тасдиқ» терминмен белгіленген операциялық қосындыда жатыр. Білім – біреудің өзінен тысқары сырттағы ақиқатты қабылдауы, ұғынуы, түйсінуді;

«Тасдиқ – бұл сол қабылданған ақиқатты жеке бастың игеруі, бойына сіңіруі. Бұл адамның ішкі өзегін, дүниесін қайта құрап, түзеп, соған сәйкес әрекет етуі; интериоризация – шынайылықпен ақиқатты жан дүниесіне қосып алу және іске асыру. Тасдиқ – жай ғана «сену» емес, ақиқатты тану және оны жүзеге асыру» (Сонда, 110).

«Әділет», «мейірім», «ғылым» үшеуі «Ғақлият тасдиқаттың» өзегін құраушы, толық адамның қасиеті, яғни адамды адам қылатын ақиқат та осы, «Тасдиқ – бұл сол қабылданған ақиқатты жеке бастың игеруі, бойына сіңіруі. Бұл адамның ішкі өзегін, дүниесін қайта құрап, түзеп, соған сәйкес әрекет етуі; интериоризация – шынайылықпен ақиқатты жан дүниесіне қосып алу және іске асыру. Тасдиқ – жай ғана «сену» емес, ақиқатты тану және оны жүзеге асыру». Хакімнің «ғамал ус салихқа» – ізгі амалдарға ерекше көңіл бөлгендігі белгілі, Құранда мейірімді болу, әділетті болу сол ізгі амалдардың қатарынан делінген. Бірақ әділет пен қиянатты, мейірім мен зұлымдықты айыру үшін де білім керек. Ханафи мазһабында иман-сенім мен амал бөлініп қарастырылады, яғни иман бар, немесе жоқ, ол азайып көбеймейді, егер иман азаятын болса, ең төменгі деңгейге жетсе, діннен шығып кету қаупі бар. Алла бар және бір, пайғамбарлары, періштелері, кітаптары бар, өлгеннен кейін тірілу деген сенім өзгермейді. Ал адамның амалы, тақуалығы өзгермелі, тақуалық бірінші Алланың тыйым салған істерінен аулақ болу. Пайғамбар СФС «иман мен ізгі амалдар бір-бірін толықтырып тұрушылар» деген. Тақуалықтың жоғары деңгейі – ихсан. Ихсан күлшылықта өркез өзің Жаратушыны көріп тұрғандай немесе өзіңе Құдай қарап тұрғандай сезіну. Өрбір істеген іс пен басқан қадамыңызда, жасаған амалдарыңызда әділет, мейірім мен ғылымды басшылыққа алу сол тақуалығыңыздың азайып кетпеуіне кепіл, ихсанға жетудің жолы.

Жалпы Абайдың бір жазған өлеңіне қайта оралмағандығы, түзетпегені белгілі, бірақ «Сегіз аяқтың» Қайым Мұхаметханұлы арқылы жеткен ерекше нұсқасы болған:

*Тасдиқсыз иман,
Тағылымсыз қылған,
Тағатында пайда жоқ.
Мұнафиқ мінез шыны жоқ.*

Осы бір шумақ пен алғашқы «Тасдиқсыз иман» жолына қарағанда «тасдиқ» шынайылықты меңзейді, ал адамның шынайылығы ісінен, амалдарынан көрінеді. **بلاغ** (*ta'at*¹) тағат – 1) *бойсұну (құдайға), тіл алу, құлақ салу, көңгіштік, тіл алушылық, бағыну; تعلق* (*ta'li*²) тағылым – 1) *оқу, оқыту; 2) білім; 3) шынығу;*

Оған осы «Ғақлиат тасдиқаттағы» хакімнің «Иман құр сенумен болмайды, әділет пен мейіріммен бірге болады» дегені де дәлел.

Қазақ дәстүрінде жаңбыр болмаған, қуаңшылық жылдары, жұрт жиылып, құрбандық шалып, Алладан жаңбыр тілеп жасайтын амалды «тасаттық» дейді. бұның мағынасы «тас ату» емес, тасты қажылық парыз өтеу кезінде шайтанға атады, ал «тасаттық» қазақша өзгеріске ұшыраған «тасдиқ» сөзі.

Бүгінгі күнгі діндегі адасушылық иман мен амалды шатыстырудан туындайды. иман келтірген, бірақ амалдарды толық орындамаған адамды діннен шығарып көпірге жатқызу да соның көрінісі.

Атап өтер жайт *тасдиқ* түсінігі *калам* мен *логикада* екі түрлі мағынада қолданылған. Мутакалиміндер *тасдиқ*-ты сенім ретінде қабылдаса, мантиқшылар білім-ғылымның бір бөлігі деп қарастырған. (118 бет). [Islamic Philosophical Theology, Edited by Parviz Morewedge, 1979, State University of New York Press, Albany, "Faith as Tasdiq", Wilfred Cantwell Smith, Dalhousie and Harvard Universities].

Абайдың *тасдиқтың* сенім ретіндері мағынасын жоғарыда «Сегіз аяқтың» алғашқы нұсқасында қолданғанын көрсек, «Ғақлиат тасдиқатта» кітаптың атына сәйкес логикалық өдіс ретінде пайдаланғанын бақылаймыз.

Хакімнің толық адамның мінез сипатын табу әдіс-методологиясы

Абайдың өз айтуы бойынша бұл еңбек адам мінезіне арналған. Адамзаттың негізгі проблемалары адамның өзінің мінезден туындайды. Хакімнің ойы Пайғамбар Мұхаммет СФС-ның миссиясы адамзатқа «көркем мінез» әкелуі деген идеядан бастау алған. Сондықтан адам толық кемел мінезге жету үшін ондвй мінездің қандай болу керектігін, сипатын білуі шарт және ол сипаттардың қайдан, неден бастау алатынын да білуі керек. Адам – Жаратушының Жер бетіне өзіне орынбасар қылып жіберген ақыл иесі. Адам «жан» – «мен» және «төннен» – «менікі» тұрады. Төн – топырақтан жаралады, топырақта қалады, жап – Алланың тарапынан келген, сол тарапқа қайтады. Адам мінезі – жанның сипаты, ол өзінің «менін» танымақ болса, Алланы тануға мәжбүр. Аллада төн жоқ, ештеңеге ұқсамайды, көздерге көрінбейді, біз Оны Өзі жаратқан әлемдегі ісі мен жаратылысы арқылы сезініп, Оған деген сенімнен өзі түсірген Құрандағы сипаттары арқылы білеміз. Оның ісінде кемшілік жоқ, шексіз Әділетті, аса Мейірімді деп танып, біз ісімізде, амалымызда сондай болуға ұмтылсақ (ғамал ус салих – ізгі амал), шынайы адамдық сипатымызды табуымызға мүмкіндік туады.

Үш ойлау, пайымдау әдісі. Жоғарыда мантиқ-логика ғылымы туралы айтқандай, онда үш негізгі әдіс-тәсіл бар. Біріншісі – тассәуур (тұжырымдама) ойлау әдісі. Екінші тасдиқ – шыныдыққа жету әдісі. Үшіншісі – дәлелдемені растау әдісі (истидлал). Бұл үш әдіс бір толық циклды құрайды. Тассәуур – зерттелетін объектілер мен түсініктерді сипаттау әдісі. Тасдиқ – тассәуурмен сипатталған тақырыпты ақиқат немесе жалған екенін зерттеу әдісі. Истидлал жеткен нәтижені тексеру әдісі ретінде әрекет етеді.

Бұл жерде мінез – тассәуур, концепция-тұжырымдама ретінде алынып, оның «мен»-«жанға» тиесілі екендігі және бастауы Жаратушының сипаттарында деп қабылдануы. Содан кейін тасдиқ әдісіне салып осы тұжырымның ақиқат немесе жалған екенін зерттей келе хакім *толық адам әділетті, мейірімді және ғылым-білімді болуы керек* деген нәтижеге келеді. Ал осы дәлелдемені растау әдісіне (истидлал) хакім *жауанмәрттікті*⁹⁶ келтіреді және «Бұл айтылған үш қасиеттің иесі болғандардың алды – пайғамбарлар, онан соң әулиелер, одан кейін – хакімдер,

ең ақыры – көміл мұсылмандар. Құдай ісінің соңында болу, өзін Алланың құлы деп есептеу, бұл (үш) сипаттарды сүюге ұмтылу» дейді.

Кітаптың аты неге «Ғақлиат тасдиқат»?

Хакімнің кітаптың атын «Ғақлиат тасдиқат» қою себебін топшыласақ, тасдиқ – белгілі бір ұғымның ақиқат не жалған екенін зерттеу әдісі екені жоғарыда айтылды, яғни хакім зерттеу нәтижесінде адам мінезі кемелдену үшін адам *әділетті, мейірімді және ғылым-білімді болуы керектігі* ақиқат екеніне көз жеткізді. Және бұларға адам өз ақылымен жете алады, ізгі амалдар жасай алады. Соған қарап, «Ғақлиат тасдиқат» деген ақын ойынша «ақылмен жеткен ақиқат» деген мағынаны меңзеуі мүмкін. Бұған жетудің алғы шарты, әуелі адам Алланы тануы және өзін Оның Жердегі орынбасары, қызметшісі деп білу керек. Бұл – иманның бірінші жартысы, ал екінші жартысы – толық адамның қасиетімен жасалатын ізгі амалдар.

Шығарманың мазмұны

Адам мінезі туралы хакімнің ұрпағына қалдырған естелігі

Адам тәрбиесінің негіздері

Әуелгі адамдықтың өлшемі – сол адамның ақылы мен білім-ғылымының деңгейі. Оған жету үшін адамның дені сау, һауас салим (һауас салим, һауа ас салим, «һауа» сөзінің үш мағынасы бар, бірақ арабшада жазылулары басқа, 1. *Һауа ана*, 2. *Жел ауа және* 3. *Әуестік*.) Мұндағы һауа – әуестік, салдары қалай болатынына мән бермей ләззат алуға ұмтылу, ләззат ала тұрып арты өкінішке ұрындыратын қадам, «әуейлік» деген сөздің түбірі болуы мүмкін, адамды хайуан күйіне түсіреді, бірақ хайуан өз істегеніне жауапты емес, бақылай да алмайды. Қазақшада «әуесқой» деген жасанды сөзде оң мағынасы бар. *Салим* – кемел, қатесіз, қауіпсіз, сау, яғни жаман әуестіктен ада, ақыл-есі өзін бақылайтындай деңгейде) дұрыс болуы керек, мұсылмандардың сенімі бойынша әрбір туған баланың фитрасы болады, *фитра* (فطرة) – туа біткен инстинкт. Фитра – адамгершілікке, білімге, өдемілікке деген ұмтылыс. Одан кейін адамның ортасы дұрыс болуы керек, ата-анасы, дос-құрбылары, ұстаздары. Адам тәрбиесінде киянатқа,

күшке жол берілмеуі керек, бірақ еппен, ақылмен баланың бойындағы білім-ғылымға деген махаббатын ояту керек. Содан кейін Алла Тағаланы тану, өзін тану, дүниені тану, өзінің адамгершілігін бұзбай пайда табу мен зияннан қашуды айыру сияқты ғылым-білімді үйрету керек.

Бүгінгі жағдайда қазақ баласын тәрбиелеуші ата-ана мен балабақша, мектептер бағдарламалары хакімнің осы тәрбие негіздеріне сай жасалуы керек.

Проблеманы анықтау және шешу жолдары

Жарым адам—қиянатшыл қоғам

«Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман». Олардың адамдығының кемелденуі – қиынның қиыны.

Жарым адам – концептуалдық ұғым. Қоғамның негізгі бөлігінің сипаты, қойылған диагноз, анықталған проблема.

Кез келген адамның істеген ісінің, амалының нәтижесі қандай да бір деңгейде зұлымдыққа, қатыгездікке өкелсе, кісі өлсе, адам өміріне қауіп төнсе, қоғамның басқа мүшелері зардап шексе, құқықтарына нұқсан келсе, материалдық шығын болса, қоршаған ортаға, жаратылысқа зиян келсе, ол адамның адамдық қасиеті толыспаған, жарым-жартылайлық бар, ол адам «жарым адам». Ол адамнан залымдық шығуы мүмкін.

Қиянатшыл қоғамдағы «жарым адамның» ісінен залымдық туындаса, енді осы «жарым адамды» «толық адам» жасау мақсаты тұр. «Толық адам» залымдыққа бара алмайды. Залымдықтың қарама-қарсысы не? «Ғамалус-салих залымдықтың зидды» дейді хакім, яғни залымдықтың қарсысы ізгі амалдар. Залымдықты мінезі нашар, тәрбие қормеген жасайды. Тәрбиелі, мінезді адамнан ізгілік шығады. Қоғамды түзету үшін оның әрбір мүшесінің мінезін түзету керек. Ал жақсы мінез деген не және оның өлшемдері қандай екенін табу хакімнің осы еңбегінің мақсаты.

Абай сыни ойлауды қазақта бірінші ғылыми негізде қолданушы

Абай шығармаларын атүсті қарасаңыз немесе орысша аудармасын оқысаңыз, хакім қазақты жамандаушы, жек көруші болып көрінуі мүмкін. Соның нәтижесінде Абай

қазақты «жаман болуға программалап қойды» деген ой-пікірлер тарай бастады.

Сыни ойлау жүйесі бізден 2500 жыл бұрынғы Сократ хакімге барып тіреледі, Сократ көпшілікке сұрау сала отырып, адамдар өздерінің «білем» деген тақырыбын өз ақылымен негіздей алмайтынына көз жеткізген, шатастырылған мағыналар, орынсыз дәлелдер, теріс сенімдер әдемі сөздің тасасында қалып қоятынын байқаған. Философ ақылға сиятын білім мен түсініктер адамның «беделіне» де байланысты емес екендігін анықтаған, ол билік пен қоғамдағы жоғары орны бар лауазымды адамдар да абдырағыш, ақылға шолақ болуы мүмкіндігін көрсеткен. Сондықтан Сократ хакім бір идеяға сепбестен бұрын, адамдарға ой салатын, терең мағыналы сұрақтарды қоюдың маңыздылығына көзі жеткен. Философ дәлелдерді іздеудің, осы дәлелдер мен пікірлерге мұқият көңіл бөлу, түсініктер мен айтылған, істелінген істердің себеп-салдарын сараптаудың маңыздылығын айтқан.

Бұл сұрау әдісі «Сократ сұраулары» деген атпен белгілі болып, сыни ойлауды оқытудың ең белгілі стратегиясы. Осы сұрау әдісінде Сократ нәтиже анық болуы үшін, ақылға салып ойланудың және логикалық бірізділіктің міндетті екендігін ескерткен.

Қара сөздерінде Абай хакімнің ащы сұрақтарды көптеп қоюы, осы сыни ойлау тәсілін жете меңгергенінде жатыр. Сыни ойлау — адам өз ақыл-ойымен сырттан келіп түскен ақпаратқа күмәнмен қарай алу қабілеті.

Сыни ойлау үлкен мағынасында — проблемалардың ішкі логикасына үңіле алатын, өзімшілдіксіз, әлеуметтік жіктеусіз шынайы зерттей алатын тұлғаның ой-пікірі, яғни тұлға өзін абстракциялы түрде қоғамнан ажыратып, сол қоғамдағы проблемаларға жоғарыдан, сырт көз болып қарай алу деңгейіне жетуі. Сыни ойлау ақиқатқа жету бағытындағы кездесетін кедергілерден шынайылықпен өтуге бағытталады.

Кемеңгер ақын сол ащы сұрақтарын қоя отырып, берісі қазақ, өрісі бүкіл адамзат қоғамындағы проблемаларды анықтап, оның себеп-салдарын, ақиқаттың не екенін, қайдан іздеу керек екенін осы «Ғақлиат Тасдиқатта» анықтап берді, қоғамдығы қиындықтар адамның мінезінен (жа-

рым адам) туындайтына көз жеткізді, сондықтан да өзі бұл шығарманы «мінез жайындағы жәдігер» деп атады.

Ғылым табудың дұрыс жолы

Әр нәрсенің сырын білуге ұмтылған адам, ғылым игеріп, өзін тануға, Алланы тануға ұмтылып, Оған ғашық болады. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол ақиқат, білімге ұмтылудың өзі де адамдық. Көңіліңде материалдық байлыққа күмарлық тұрса білім-ғылым табылмайды. Байлық пен құрмет адамға еңбекпен келсе, адамдықты бұзбайды өрі адамға көрік болады. Егер де адам тек материалдық байлық іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады.

Бүгінгі жағдайда ғылыммен айналысам деген әрбір қазақ баласына қойылатын талап пен сұрақ.

Иманнан пайда алу, Аллаға ұқсау

Ақиқатты сүйіп, шынды білмек болған адам әуелі иманның ақиқатын білу керек. Иман деген бір ғана нану-сену емес, адам өз иманынан пайда алу керек және қалай пайда алуды білуі керек. Ол үшін Алланың 99 көркем аты бар, соларды біліп, оның ішінде Алланың сегіз субутиялық сипаттарын терең білген дұрыс. Өзіңді Алланың құлы сезініп, мойынсұну шарт. Алла адамды жаратқанда көру, сөйлеу, тыңдау, жаратылған бар затты ұқсату, өңдеу, жамаан мен жақсыны, әділет пен қиянатты, ақиқат пен жалғанды өз шама-парқынша айыра білетіндей қабілет-қасиеттермен жаратқан. Мұндай аты ұқсас Аллада бар кемел ұлы сипаттар *суббутия*-тұрақты, дәлелдеуші деп аталады: Өмір, Ғылым, Құдірет, Көру, Есту, Сөз-Көлам, Қалау, Бар қылу. Адам өз амал-істерін өзінің шамасы келгенше Алланың осы сипаттарына ұқсатуды өзіне қатаң талап қылып қоюы керек. Бірақ адам өз бойындағы кішкене қабілет-қасиеттерін Алланың ұлы сегіз сипатына тікелей ұқсатқанымен мүсілім бола алмайды. *Әл-Бұхари (6227) Мұслім (2841) Әбу Хұрайрадан жеткен хадис: «Алла адамды өзіне ұқсатып жаратты».* Мекенсіз, тәнсіз, ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын Аллаға ұқсау мүмкін емес, тек іс-әрекетімізді ұқсата аламыз.

Бүгінгі жағдайда әрбір өзін мұсылманмын деп есептейтін адам иманнан пайда алуды білуге тырысу керек.

Алланы таңу жолы

Алла Тағаланың заты ешбір сипатқа мұқтаж емес, ол сипаттар бізге ақылымызбен шамамыз келгенше Алланы танып, білу үшін қажет, сондықтан жоғарғыда жазылған сипаттармен анықтап тану керек. Егер де ол сипаттармен анықтамасақ, Алланы тану қиын болады.

Біз Алла Тағаланы өзінің білінгені шамасында ғана білеміз, болмаса түгел білу мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне, даналығына ешбір хакім, кемеңгер ақыл ілестіре алмайды. Алла Тағала – өлшеусіз, шексіз, біздің ақылымыз – өлшеулі, шектеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Біз Алла Тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» деп айтуымыз да – ақылымызға, ұғуымызға ыңғайлы болу үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» деп айту да Алла Тағалаға лайықты емес.

Абайдың ғалам жайындағы метафизикалық түсінігі

Хакімнің ғалам жайындағы түсініктері бүгінгі космологиялық ғылымға дәл келетіндігі таң қалдырады. Космология – ғаламның сипаттары мен дамуын зерттейтін ғылым.

Физикалық өлем деп көзге көрініп, сезім мүшелерімен олардың бар екендігін сезіне алатын материалдық өлемді айтамыз. Метафизика деген ұғым сол физикалық өлемнің «артында тұрған», физикалық өлшемге сыймайтын, көзге көрінбейтін сипаттарын айтады. Арабшада физикалық өлемді *табиғат* десе, метафизиканы – *иЛлаһия*, яғни ғаламның ішкі сыры Жаратушыныкі дегенге саяды, яғни ғаламның да сыр мен сымбаты бар.

Алланың бір және бар болуы Мумкинаттың (бар болуы мүмкін кеңістіктің, мысалы ғаламның, *мумкинат* – *теологтар қолданған табиғатта көрінетін күші мен сипаттары арқылы Құдайдың бар екендігін дәлелдеу үшін қолданатын термин*) ішінде бір нәрсенің болмысы бар болса, ол «бір» деген өлшемнен құтылмайды. Мысалы, бір орасан үлкен шардың ішінде гелий газы бар десек, ол шардың ішіндегі әрбір нүктеде сол бір гелий газы болады, бірақ Алланы ғалбен салыстыру мүлде қате, түсінік үшін мысал ғана, шар шектеулі кеңістік. Әрбір жаңаға (затқа, жаратылғанға) айтылатын ұғым бір ескіге анықтама болмайды, яғни жаратылған затқа берілетін анықтама, Жаратушыға жарамайды. Ол

«бір» деген сөз (*идея*) ғаламның ішінде, яғни Алланы «бір» деп айтушы және солай деп түсінуші адамның ақылы, Жерде, Күн жүйесінде, ғаламның ішінде, ал ғалам Алла Тағаланың ішінде. Бүгінгі ғылым адамзатқа «көрінген» ғаламның радиусы 46,7 млрд жарық жылы дейді, ал жарық бір секундта 300000 км жүреді. «Ғалам Алла Тағаланың ішінде» – бұл Аллаға мекен беру емес, Алла Тағаланың шексіздігі мен жер мен көкте, яғни ғаламның әрбір нүктесінде не болып жатқанының «Бәрін көруші» «Бәрін білуші» екенін, сөйте тұра трансценденттігін, батиндығын – «көздердің жетпейтіндігін» білдіру. Күлтегік жырындағы көк түріктер түсінігі «биікте Көк тәңірі» болса, Абайдағы исламдық түсінік Алла «лә мәкән», яғни мекенсіз, сонымен қатар барлық жерде бар. Жаратушының имманенттігі-заһирилығы (білінуі) мен трансценденттігі-батинилығы қатар жүреді, яғни Оның барлығы, бірақ Оған «көздердің жетпейтіндігі».

Алланы көкте немесе аршыда отыр деп түсінбей, Алланың еш нәрсеге ұқсамайтынын, тәнсіз, мекенсіз деп танып, сөйте тұра оның бір барлық жерде «Бәрін көруші» «Бәрін білуші» екеніне сену.

Дедукция. Алланың сипаттарынан толық адамның қасиеттерін шығару

Ғалымдар Жаратушының Құрандағы (нақылдық) сегіз тұрақты, позитивті сипаттары мен бірге тоқсан тоғыз көркем есімдерін білдірген. Бұлардың барлығы Алла Тағаланың заттық, тұрақты және фиғлия (әрекеттік) сипаттары. Осы сипаттардан адамның мүсілім бола алатындай сипаттар шығару жоғарыда айтылған «Ақылдық дәлел – дәлел келтіруші адамның пікір-ойды ресми немесе бейресми логикадан (мантик), индуктивті, дедуктивті немесе басқа ойлау тәсілдерінен өткізіп, әңдеуінен туындайды. Яғни хакімдер өткеннен жеткен нақылдық білімді өз ойынан өткізіп, жаңа заманның өзгерістеріне сай ой қорытып, қоғамды қозғайтын жаңа идея әкеледі» деген тұжырымға сай Алла сипаттарын дедукциялау, хакімнің өз сөзімен айтсақ «тағрифтап тану» арқылы, Құран аяттары мен хадистерді қолдана отырып, адам өз іс-әрекетін Алланың ісіне ұқсату үшін, Алланың сипаттарынан толық адамның қасиеттерін (Әділ-әділеттілік, Ғылым-білімділік,

Рахым-мейірімділік) шығарады. Дедукция – жалпыдан жалқыға өту, яғни жалпы кемшіліксіз Алланың сипаттарынан «толық адамның» қасиеттерін шығару.

Бүгінгі қазақ қоғамын жайлап отырған барлық кемшіліктерді жеңудің кілті «толық адам» қасиетін әрбір адамға сіңіру, тәрбие негізіне айналдыру керектігінде.

Адам баласынан Махшарда сұрау алатын қылып жаратқандығында әрі әділет әрі махаббат бар

Адамды басқа мақұлықтан артық жаратып (Алланың адамға деген махаббаты) Жер бетіне Өзінің орынбасары қылып жібергені үшін адам жауап беруі керек. Адам Жер бетінде барлық жан-жануарға, қоршаған ортаға билік жүргізе алатындығы себепті, жауапкершілікте (сұрау салудағы әділет), Құдайдың жердегі орынбасарлығын міндетін атқару үшін, даму үшін адамзатқа ғылым-білім керек, адамзатқа ғылым-білімнен басқа жол жоқ.

Сенімі бар адам о дүниеде Қиямет күнінде Алланың адамға деген шексіз махаббатымен адам басқа мақлұқтан ақылымен артық болғандығы және олар үшін жауап беретіндігі әділеттілік екенін сезінуі керек.

Ғамал ус салих, яки ізгі амалдар – зылымдықтың қарама-қарсысы

Дінімізде иман мен амал бөлек деп қарастырылады. «Иман келтіргендер сенімде бірдей, бірақ амалдарында өртүрлі» дейді Әбу Ханифа, яғни иман келтіріп мұсылман атанғаныңызбен иман жүрекке жетпесе мұмин-момын бола алмайсыз, жасаған амалдардың деңгейі соған байланысты. Білім үйрену, үйрету, шындық, әділдік айту, мейірімділік, жақсылық жасау ізгі амалдарға жатады. Амалдарында ұқыпты адам тақуалыққа жетеді, тақуалық бірінші Алланың тыйым салған істерінен аулақ болу, тақуалықтың шыңы – иқсан.

«Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады».

Он төртінші қара сөз.

Адамның әрбір қадамы іс-амалдарға толы, енді сол іс-амалдарды жасап жүріп адамның жаза басуы, қателесуі оңай, тек тілдің ғана емес, жалпы қателеспеудің жолы «жүректің айтқанына көну», ал «амалдың тілін алса»

пенделікке ұрынады. Сондықтан адам «жай амал» емес, «ізгілікке бастайтын салих амал» – «ғамал ус салих» жасауы керек. «Ғамал ус салих» әділет пен мейірімге негізделеді, яғни бір адамның ісінен басқа адамдар мен тірі табиғат, жан-жануарлар, өлі табиғат, қоршаған орта зардап шекпеуі керек. Ізгі амалдар – залымдықтың қарма-қарсысы. Енді осының бәрін танып-біліп ажырататындай ғылым-білім керек.

Имани сұл – ұш сүю

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті,
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті.*

Алланы сүю

...«Құдайдың ісін зерлеп, құмар болып, ұлгі, өнеге алып гибраттанушыларға тую жоқ, бәлкі, Құдай ісінің себебін білуге құмарлықтан Оның жасампаздығына ғашықтық шығады. Алланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын деп айту да орынсыз. Ғашықтық-сүйіспеншілікке Жаратушы мен жанды жаратылыс-мақлұқ ортасы үйлесімсіз, жараспайды». «Алла Тағаланың пендесін махаббат және рахыммен жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпенен ғана елжіреуді Құдайға ғашық болды дейміз». Сүйген адам сүйіктісінің айтқанын жерге тастамайды, Алланы шын сүйдім деген адам Оның заңдарын орындауы керек. Махаббат – құрбандық, Аллаға деген махаббат үшін жаман мінезінді құрбандыққа шалу.

Адамзатты сүю

«Миллион хикметпен жасалған машина, фабрика адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушының махаббатпен адам баласын сүйгендігі емес пе?» Бүкіл адамзаттың тұрмысын жеңілдету, технологияларды, ғылымды, білімді дамытуға үлес қосу, көптің пайдасын ойлау.

*Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден Тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп Иең сүйсім.*

Әділетті сүю

«Әділет – барша ізгіліктің анасы. Ынсап, қыят – бұл әділеттен шығады. Ешқашан әділет, шапағаттан шықпаңдар. Егер шықсаң, иманнан да, адамдыقتан да барлығынан айрыласың... Кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның қыяты жоқ, кімнің қыяты жоқ болса, оның иманы жоқ».

Иман – әділет пен мейіріммен бірге

«Қиянатшылыққа бет бұрған адам – мұсылман емес... Ізгі амалдар залымдықтың қарама-қарсысы... Иман құрсенумен болмайды, әділет пен мейіріммен бірге болады. Ізгі амалдар әділетті және рахымды болуы керек, барлық денемен істеген құлшылдықтардың ешбірі әділетті, рахымы бермейді. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не жағдайда екендіктерін, оған дәлел керек емес».

Жауанмәрттік – рыцарлық қасиеті

Жомарттық (жауанмәрттік, мәрт, сыпайы, ержүрек, ақылды) үш қасиетпен болады деген, сиддик, кәрәм, ақыл – бұл үшеуінен сиддиқ әділет болар, кәрәм шапағат болар. Ақыл ғылымның бір аты екендігі белгілі.

Толық адам болу – сүннет

Үш қасиеттің (әділеттілік, білімділік, мейірімділік) иесі болғандардың алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, одан кейін – хәкімдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар. Бұл үшеуі, яғни Құдай ісінің соңында болу, өзін Алланың құлы деп есептеу, бұл сипаттарды сүюге ұмтылу пайғамбарлардан қалған.

Дүние тәркілік сыны

Адамдардың кемелдікке жету деңгейі әулиелік болса, күллі адам тәркі дүние болып, бұл дүниеден безінсе, «Һу» («Ол» – Алла деген мағынада) деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болар еді. Бәрі бұлай болса малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Харам – тиым салынған, макруһ – жеккөрінішті істер, амалдары былай тұрсын. Құдай тағаланың берген қуатыменен, ынта жігер,

ақылыңменен тауып, рахатын көру үшін жаратқан, берген нығметтеріне, одан көрмек рахатқа суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?

Өмір өзі – ақиқат

«Қиы жерде өмір жоқ болса, онда кемелдік жоқ». Яғни, тіршілік бар жерде өсіп-өну бар, даму бар, кемелдікке жетуге ұмтылу бар, адамзаттың саны мен сапасы, ақыл-ойы, ғылымы мен технологиясы, экономикасы өсіп өркендейді. Сондықтан, бұл дүние жалған емес, жалған деп «таусыншақ күн» тез өтіп кететіндігі, жылтыраған алдамшылығы, уақытша сынақ болғандығы үшін айтылған, сондықтан бұл «ақыреттің егінін» – өмірді бос өткізіп алмас үшін, адам өзіне есеп беріп отыруы тиіс.

Әулие, хакім және ғалым айырмашылықтары

«Әулиелер о дүниенің пайдасын ғана ойлады. Оларды жақсы көріп, ғашық болғаны соншалықты, бұл дүниені, дүниедегі тиетін пайдасын ұмытты. Бәлкі, есепке алмады...»

«Хакімдер дүниеде тиетін пайда жайында айтты... Бұлар ақиқат пен жалғанды айыруға, себептерін білуге тырысқандарыменен барлығы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші орында қалып, бір ғана ақиқатты табу, әрбір нәрсенің себебін табумен ләззаттанады. Адаспай, тура жолмен іздеген хакімдер болмаса, дүние күйреп, ойран болар еді».

Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым. Ғалым – нақылдық (нақылия) білімге, ал хакім нақылдық пен ақылдық (ғақылия) білімдердің екеуіне де жүйрік.

Иман түрлері

Ғалымдарының нақлиясымен мұсылман «иман тақлидиге», яғни оқып, көріп еліктеу, дағдылану, тікелей қабылдау арқылы «тақлид»-«тақілеттес» иманға жетеді. Хакімдердің Ғақлиятымен жетсе, яғни оқып, көргенін ақыл-ойдан өткізіп, таразылап, жүрекке бекітіп, өз ақылымен сеніп, ең анық, жақын-иман яқинига жетеді.

Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеніз.

Абайдың батысының қайта шығыс болуы

Хакім өмірінің соңында оның батысы қайтадан шығыс болды. «Хакімдердің асылы – мұсылман хакімдері. Басқа діннің ғалымдарды дүниенің һәм адам баласының өмірінің сырына жетсе де, діннің ақиқатына жете алмағандар», бірақ Абай басқа діндегі ғалымдардың адамзат үшін жасаған пайдалы істерін мойындайды.

Заманға пайдалы білімді, жаңа тәртіпті қолдау

«Бұл күндегі білім беру орындары ескі медреселер ғұрыпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Османдық Түркияда әскери мектеп, орта мектептер салынып, жаңа тәртіпке айналған. Мұндағы біздің жастарымыз ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымы пайдасыз ұзақ бақталастықпен күнін өткізіп, тұрмыс, дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, ешбір hareketке, іс қимылға лайықты болмаған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады».

Өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсету

Дүниеде кімде кім өзіне өзгешелік бермек мақсатымен, малға махаббатын аударып, дүние соңында кеткендерді Құран айыптайды. Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі. Әуелгісі – адам әрбір жаман істің қасында тұрып сол адамның адамдығын бұзатын жаман істі істеуге бармау, бұл адамға нұр болады. Екіншісі – өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсету адамдықтың нұрын, ғұлн бұзады. Үшіншісі – басқаға қастық қылу, басқаны қор тұту, кеміту, олар дұшпандық шақырады. Һәм өзін басқадан өзгеше тұтудың түбі – мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды.

Өнер

Біз ғылымды сатып, байлық іздемең емеспіз. Байлықпен ғылым кәсіп етпекпіз. Өнер – өзі де байлық, өнерді үйренбек – өзі де жақсылық, жарылқаушылық. Бірақ ол өнер әділеттен

ажырамасын, шариғатқа үйлесімді болсын... Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.

Өнер шариғатқа сай болмаса, өнермен адамды аздыруға, өнермен кісі өлтіруге, не жалған өнермен елді алдап пайда табуға болады.

Қайырымдылық

Адамға шамасы келгенше қайырымды, жарылқаушы болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің қайырым, жарылқауына сүйенбек дұрыс емес.

Бүлікшіл ғалымдар

Моллалар тұра тұрсын, әсіресе бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар. Олар – бүлікшіл ғалымдар, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері шариғаттың үкімін таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһл тариқат (дұрыс жолдағы мұсылман) біліп және біреулерді үйретуге өздеріне міндет қылады. Бұл олардың ісі емес, бұлардың жеткізбегі, үйретпегі қолдан келмейтін іс, бұлар адам аздырушылар, дінге де залалды, қауіп төндіреді. Бұлардың сүйгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – қолындағы тасбиғи мен басындағы шалма-сәлделері, одан басқа ешнәрсе жоқ.

Құдай тағаланың жолы, толық адам

Құдай Тағаланың жолы деген жол Жаратқанның өзіндей шексіз болады. Оның шегіне ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне мақсат етіп кім қадам басты, ол – таза мұсылман, толық адам. Дүниеде түпкі мақсатың – өз пайдаң болса, өзің шектеулісің, ол жол Құдайдың жолы емес.

Сыртқа қасиет бітпейді

Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бір дәулет деп біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бар ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайдашықты? Сыртыңа, киіміңе, түріңе қасиет бітпейді, Алла Тағала қарайтын жүрегіңе, боямсыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың

ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүюмен өсер.

Дұрыс киіну, сымбатты болуға тырысу, эстетикалық талғамның болуы – жақсы қасиет, бірақ бүгінгі әртүрлі шоу болып өтетін сұлулық, сәндік байқаулар, тән сұлулығы жарыстары – адамның сыртының жарыстары, ол адамық қасиетті дамытпайды. Сонымен қатар сенімде де, жүрегіне шын иман бекімей тұрып, өзіне ерекше белгі беріп «таспигы мен шалмасын» діндар екеніне дәлел қылу да – мақтанның белгісі.

Ынсап пен үміт Құдай жолы

Байлық бар әлемнен жиылсын, маған ғана құйылсын, отырған орнымға ағып келе берсін деген ол не деген ынсап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я байлығыңнан әділет, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізу мақсатың болса, ол жол – Құдайдың жолы. Ол шексіз жол, сол шексіз жолға аяғыңды берік бастың, шексіз Құдай жолына жақындай түсіп, нағыз ізгі құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар?

Адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпек

Құдай Тағала дүниені кемел шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін өнсін деп жаратқан. Сол өсіп өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – әуелі дос көбейтпек. Дос көбейтудің жолы – өзіңнің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық қатынаста болуың. Кімге достығың болса, достық-достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қастық жасамау һәм өзіне өзгешедік беремін деп, өзін сөзімен не мінезімен басқалардан артық көрсету мақсатынан аулақ болу.

Өлеуметтік желідегі «виртуал»-«жорамал» достың көп болғанымен, отбасымен араласқан, шынайы сырыңды бөліскен, дастарқандас, дәмдес болған, қиналсаң қасыңнан табылған «тірі» достың орны бөлек.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе

Содан қашу керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білерсің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз білу

мүмкін емес. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртықш хайуан есебіне қосылады.

Ғибадат пен иман

Сіздің сыртқы ғибадатыңыз (ораза, намазыңыз) ішкі иманыңыздың айнасы, бірақ адам ғибадаттың ішкі сырына бойламаса, ғибадат жасап жүріп те иманнан айырылады.

Жүрекке бекіген имансыз, сырт көз үшін, риямен жасалған, мақтан үшін жасалған не сенімнің толық болмаған да жасалған ғибадат ұзаққа бермейді,

Ғылыми жаңалықтар және шығарманың жазылу уақыты

«Электрді тауып, аспаннан найзағайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен лезде жауап алып тұрып, от пен суға айласын тауып, мың адам істей алмайтын қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, адам баласының ақыл ойын ерекше дамытып, ақиқатпен пен жалғанды айыруды үйреткендігі – осының барлығы адамзатқа пайдалы болған соң, біз олардың алдында міндетті екенімізге дау жоқ».

Осы жоғарыдағы сөйлемде келтірілген ғылыми жаңалықтардың ашылу уақытына қарап, шығарманың жазылған мезгілін шамалай аламыз. (...«найзағайды» – Никола Тесланың айнымалы тоқты сымсыз тарату тәжірибелері 1899 жазда Колорадо спрингзде жасалған).

(«дүниенің бір шетінен лезде жауап алып» – Маркони тұңғыш рет алыспен радиобайланыс Ла Манш бұғазы арқылы 1899 жылы жасаған).

От айласы – XIX ғасырдағы іштен, сырттан жану двигателдерінің жасалуы.

Су айласы – 1870-80 жылдардағы ГЭС-тердің пайда болуы.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми нақтылы мәліметтер бұл еңбектің 1896 жылы емес, не 1899 жылы, не одан кейін жазылғандығын дәлелдейді, сондай-ақ яғни хакім өмірінің соңына қарай шығармашылдықпен айналысқан жоқ деген ойды терістейді.

Ишарат

Бұл гиадиттан бір ұлкені – намаз, оның шарты әуелі дәрет алу, онан соң намазды бастап оқу, ол дәреттің алды истинжа (нәжістен тазару) еді. Мұны қатаң есте сақта. Соңында екі аяққа дымқыл саусақтармен мәсіх тартумен бітуші еді, бұлар барлығы болмаса да көбі ишарат – белгі еді. Аяққа, мойынға жасаған мәсхтер – ол жуу емес, өздері де жуулы деп көрсеткен ишараты. Намаздан әуелі құлақ қақтыңыз – егер Алла Тағаланы жоғарыда деп, мекенін дәлел етпесең де, биігірек созу әдепсіз болып, күңә дариасына баттым, яғни дүние әуестігіне батырмай қолымнан тарт, яғни «құтыларлық жәрдем бер» дегеннің ишараты. Онан соң қиямда тұрып қол байлау – құлдың қожаның алдында тұруы – бұқара халықтың патшаның алдында тұрғаннан артық Алланың қадірлігіне, өзінің дәрменсіздігін мойындауының беріктігін көрсеткен ишараты. Құбылага қарамақ – әрине, Құдай Тағалаға ешбір орын мүмкін емес болса да, зиратын парыз еткен орынға жүзін қаратып, сондағы дұғадай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты. Рукңғта бас ұру – Құдайдың алдында тұрғандай болу, ол да ишарат. Сәжделер – әуелі жерден жаралғанының, туганыңның белгісі, екіншісі – және жерге қайтпағыңның, өлудің белгісі, бас көтеру және қайта тіріліп, сұрау беретіндігіңді мойындаудың ишараты.

Мінез

Хакім осы шығарманың басында ұрпағына «мінез» жайлы жәдігер қалдырдым деді, бірақ бір қараған адамға бұл сөзде мінез жайында айтылмағандай көрінеді. Сонымен «толық адам кім?» деген сұрақ қойсақ, жауабы: Құдай ісінің соңында болу, өзін Алланың құлы деп есептеу, әділеттілік, білімділік, мейірімділік қасиеттерін сүюге ұмтылу мүсілім болудың шарты.

«Елге қызмет ету білімнен емес, мінезден» – деген Әлихан Бөкейханның сөзі осы хакімнің осы сөліндегі идеясымен қуатталып тұр. Әділеттілік – барлық ізгіліктің анасы, әрнәрсенің, адамның өз орнында тұруы, басқалармен тең қатынас ұстану, адамгершілік қасиет. Әділеттілік жасау – әрбір адамға өз құқығын беру. Қоғамда тыныштықты, тепе-теңдікті қамтамасыз ететін фактор.

Білімділік – адамның сапалы өмір сүру қабілетін, қоғамның, экономиканың, ғылым мен технологияның дамуын арттырушы фактор, әркімнің профессионал, өз ісінің шебері болуы елдің бүгінгі мен болашағының кепілі. Білім алу процессінде адамның біліктілігі артып, мінез-құлқы өзгереді.

Мейірімділік – мейірімсіз, рақымсыз, кешірімсіз, жанышырлықсыз адам қоғамы жыртықш аңға лайық болып, қиянат белең алып, тыныш өмір сүру мүмкін болмас еді.

Осы үш қасиетке ие болған адамнан жаман мінез шыға ма?

Абайдың философиясы және бағыты


1934 жылғы «Әдебиет майданы» журналының №11 санындағы Мұхтар Әуезұлының «Абай ақындығының айналасы» мақаласында қазақ данасының бірінші имам Ғазалиге ұқсайтындығы, Хайым Насыридi, Шигабуддин Маржанидi, Ысмайыл Ғаспаролiнi қолдайтыны айтылады, сонымен қатар Жәлеледдин Ауғани мен Мұхаммет Әбдуһты атайды. «Егер Шәһабуддин Маржанидiң жәдидтік бағдарламасы мен есептi ақылға құрылған пікірін ұстанбаса Абай еуропалық ғылым мұхитының жағасына жете алмас еді». Абайдың Маржанидiң шөкіртi Камареддин қазіреттен (Айжарық Бижомартұлынан) оқығандығы белгілі.

Сонымен қатар, Мұхтар Әуезов «Ибраһим Құнанбайұлы» атты монографиясында Абайдың көзқарасында философ, математик Рене Декартпен ұқсастықтар бар екенін атап өтеді. Декарттың дуализмі, жан мен тәнді бөлек қарастыру философия тарихында имам Ғазалидың әсері екендігі бүгін дәлелденген. Абайдың Бокльды, Мильдi, Дрәпер т.б. еуропа ғалымдарын оқығандығы да тарихи факт.

Батыс пен шығысты қатар оқығандығымен қатар және хакімнің өзінің қолданған өдіс-методологиялары және еңбектеріндегі ұғым-түсініктерінің бір-біріне қарама-қайшылығының жоқтығы Абайдың шынайы философ екендігіне шүбә келтірмейді, бірақ мұсылман философы деген абзалырақ. «Батысынан шығысы басым» екенін М. Әуезовтің айтқаны белгілі. Ислам фәлсифасы (فلسفه اسلامی) адам ақылы мен ислам ілімі арасындағы үйлесімділікті қалыптастыруға бағытталатын өркет. Осы

«Ғақлиат тасдиқат» сияқты нақылдық білім мен ақылдық білімнің синтезі.

Абайдың көксегені адамзаттын, көптің, ел-жұртының, ұрпағының пайдасы, болашағы, баршаның бақыты, сол бақытқа жетудің жолы. Тіпті, көптің пайдасы үшін өзін құрбандыққа шалушы. Адамзаттын көпшілігінің бар саладағы жоғары өл-аукатын қамтамасыз ететін, оған пайда келтіретін ең жақсы іс-қимыл жайындағы этикалық, философиялық теорияны *утилитаризм* дейді. Utilitarianism – utility – пайдалы болу дегенді білдіреді. Утилитаризм ең жақсы, белгілі және ең ықпалды мораль жайындағы теория. Классикалық утилитаризм өкілдері Джереми Бентам (Jeremy Bentham) пен Джон Стюарт Милль (John Stuart Mill). Джон Стюарт Милль XIX ғасырдың «ең ықпалды философы» атанған, «Логика жүйесі» деген еңбегі бар және «индуктивтілік логиканың» негізін салушы. Абайдың ағылшын философиясын ден қойып оқығандығы, әсіресе Милльді оқығандығы Джордж Кеннанның «Сибирь и система ссылки» кітабында анық жазылған.



Джон Стюарт Милль (John Stuart Mill – 1806-1873) – ағылшын философы, политэкономы. Абайдың қызығып оқыған авторларының бірі

«Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я байлығыңнан әділет, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізу мақсатың болса, ол жол – Құдайдың жолы».

«Өзімшілдік адамды бұзатын пәйыл». Хакімнің осы тақылеттес көптің қамын ойлаған көзқарасына қарап отырып оны утилитаризм бағытын ұстанған философ ретінде бағаласақ қателеспейміз. *Утилитаризм деген әрбір адам өзінің іс-амалын басқа мақұлықтар (Алланың жаратқан) өздерін мейлінше бақытты сезіне алатындай етіп жасауы керек, яғни барлық адамзатқа, мақлұқатқа пайдалы болуы керек, мұнди адамзатты сүю де, бүкіл жаратылыстағы тепе-теңдік, балансты ескеретін экологиялық сана да қамтылса керек.* Жалпы мұсылман хакімдерінің барлығын дерлік осы бағытқа жатқызуға болады.

Абайдың дуализмі

Философ, математик Рене Декарттың дуализмі, жан мен тәнді бөлек қарастыру философия тарихында имам Ғизалидың өсері екенін жоғарыда келтірілді. Абайдың «мені» мен «менікісіне» көз жүгіртейік.

Жалпы алғанда «мен» мен «менікі» – адам үшін ең үлкен құндылықтар. Өйткені адам өзіне-өзі «керек», өзін жақсы көреді. Құндылық болған соң адам оларды дамытуға, көбейтуге мүдделі. «Менікі» осы дүниенің құндылығы, яғни өтпелі, уақытша құндылық. Ал «Мен» екі дүниеге де ортақ мәңгі құндылық. Адам әрине, екі дүниенің ортақ құндылығын көбейтсе ұтады. Абайдың өз сөзімен айтсақ «менікі» «меннің», яғни төн жанның «қонақ үйі». Сондықтан адам «қонақ үйдің» де таза, әдемі, әрі мұқтажсыз болуына мүдделі. Хакімде «қонақ үйі» – тән, «сырт», «захир» бұлар синонимдер, адам өзін-өзі тануға ұмтылғанда осы екі жалпы құндылықтарды шатыстырып алмау керек. Өйткені адамды адам қылатын қасиеттер «сыртқа», тәнге бітпейді, ол қасиеттер «менде» болады. Әр құндылықтың талаптары бөлек.

«Менікінің» – тәннің талабы – «мен» – жан тастап кетпейтіндей жағдайда болу, тәнді дұрыс сау қалпында ұстап тұру, шөлдегендесу, қарныашқанда тамақ беріп, шаршағанда дем алу сияқты басқа да физиологиялық сұраныстары қанағаттандыру. «Мен» «менікінің» қожайыны болғанда екі дүние тең ұтсалады, адамның адамдығы бұзылмайды.

Керісінше, «менікі» «меннің» қожайыны болғанда адамды нәпсісі билеп, мырза болсам, бастық болсам, сыйды болсам, «дүние маған бар жақтан құйыла берсе», салуды тәсек

салқын үй, кең сарайда ішсем-жесем, ұйықтасам, елде жоқты кісем, «жүйрікті байласам, сұлуды жайласам», ел кезсем, ақ дегенім алғыс, қара дегенім қарғыс болса деген сияқты «ғадауат» ойлар адамның жүрегін билейді.

Абайдың «мені» көп қырлы, өте күрделі, бір екі сөйлемге сыйғызу мүмкін де емес. «Батин», «сыр», «қалып», «адамның іші», «ар», «махаббат», «рахым», «өділет», «ғәділетті жүрек», «жүрек», «нұрлы ақыл»... Мұсылман әдебиеттерінде «батинді» рухтың синонимі деп қарастырады.

Тән – адамның физикасы болса, жан – адамның мета-физикасы, яғни физикалық өлшемдерден тыс сипаты. *Әділетті, білімді, мейірімді болу, толық адам заңы – адамның «менін» дамытуға арналған.*

«Толық адам» қоғамын қалыптастыру жолдары

Адам кім? Адам басқа жануарлардан бөлек жаратылыс па? Адамды жасаған кім? Құдай адамды жаратса, не үшін жаратты, неге адамды Жер бетіндегі орынбасарым деді? Адамның ісі Жердегі Алланың орынбасарына лайық болуы үшін не істеу керек?

Толық адам кім? Жақсы қымыз ішсек «кімдікі» деп сұраймыз, «қай биенің сүті деп емес, кім баптаған қымыз деп сұраймыз». Адамды Құдай жаратты десек те «кім, қалай өсіріп, тәрбиеледі» деген сұрақ туады. Толық адамының тәрбиесі қалай болуы керек?

Абайдың «Ғақлиат тасдиқатта» қоғамға қойған диагнозы: «жарым-жартыкеш», содан қиянат туындайды. Қоғамның төні емес, жаны ауру.

Қазақ кезіндегі үлкен ұлыс-империя құрған ұлы бабалардың ізбасары, содан біртіндеп хан Абылайдың түсіндегідей бақа-шаянға айналды. Көшпелілердің соңғы ұлы империясы Алтын Ордадан Қазақ хандығына дейін бөлшектенген соң үш жүз жыл қалмақпен соғыс, орыс отаршылдығы, кеңес үкіметі тұсындағы қиянат, аштық, мәнгүрттендіру саясаты бізді ес жиғызбай жарым адамға айналдырды, сол ұлы сынақтардан «мың өліп, мың тіріліп» жүріп өтіп бүгінге жеттік, ақыры біз жарым адамға айналдық. Біздің бүгінгі қоғамның барлық ауруы, яғни біздің ауруымыз біздің барлығымыздың жартыкештігіміз, хакімше айтқанда, «Жарым адам, жарым мұсылманбыз».

Неге жарым мұсылманбыз? Дін үш өлшемнен тұрады, «ислам», «иман» және «ихсан», біздің бүгінгі ұстанған дінімізде «ихсан» жоқ, *Ихсансыз ғамалус салих жоқ, ізгі амал жоқ, ісімізден қиянат, қасаңдық шығады.*

Неге жирым адамбыз? Ісімізде әділеттілік жоқ, мейірім жоқ, ғылым-біліміміз шала.

Пайғамбардан жеткен сөз: «Алла ауру жаратса, оның емін қоса жаратады». Абайдың мақсаты қиянатшыл жарым адамды, жарым мұсылманды емдеп, толық адамға жеткізу, ұлттың жанын жеген вирусқа қарсы дәрі табу. Ол вирус – жаман мінез.

Толық адам жасау деген адамның мінезін, яғни адамды жақсы жағына өзгерту, адамның мінезі тәніне емес, жанына байланысты. Жан өзі жалпылама айтқанда нәпсі мен рух, рух нәпсіден жоғары тұрса адам жақсы болмақ.

Абай айтатын Махаббат пен Ғадауаттың майдандасуы, сүйіспеншілік пен жауыздық – дұшпандық – *рух пен төменгі нәпсінің күресі, рухы жеңген пенденің кемелдігіне (пенденің камалаттығына), төменгі нәпсісі жеңген айуандыққа бет бұрады.*

Ал дінде «толық адам» болу сүннет, өйткені Абай айтады: «Үш қасиеттің (әділеттілік, білімділік, мейірімділік) иесі болғандардың алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, одан кейін – хакімдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар. ...Құдай ісінің соңында болу, өзін Алланың құлы деп есептеу, бұл сипаттарды сүюге ұмтылу пайғамбарлардан қалған».

Енді «толық адам» нақтылы кім деген сұрақ бар. Ол екі бөліктен тұрады: «Құдай ісінің соңында болып, өзіңді құл сезіну және Ғылым, Рахым, Әділет, бұл негізгі үш сипатты игеру».

Бірінші жартысы – Құдай кім, өзің кімсің, дүние деген не деген сұрақтар. Екіншісі – Ғылым, Рахым, Әділет.

Өзгеріс керек. Құран «Өзің өзгер, сосын сыртқы жағдайыңды өзгертеміз» дейді.

Бірінші – жеке адамның өзгерісі. Өзгерісті әрбір адам өзінен бастау керек, басқаларға кінә тақпай, өзіне де, өзгеге де әділетті бол, білімге ұмтыл, адам баласына, қоршаған ортаға мейірімді бол. Құдайдың құлы болу – Адамның, дүниенің, қарынның, байлықтың, нәпсінің, адамзатқа залалды идеяның, технологияның құлы болма дегені. Құдай адамзатты махаббатпен жаратты десе, Құдайдың

ісі барша жаратылғанға жақсылық жасау, адам да барша жаратылғанға мейірім көзімен қарасын дегені болса керек.

Екінші – мемлекеттік деңгейде өзгеру.

Енді толық адам қоғамын орнату үшін алғышарттар керек. Әрине Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан «Құдай ісінің соңында бол, өзінді Құдайдың құлы сезін» деп айта алмайсың және сенімде зорлық жоқ, бірақ екінші жартысы Ғылым, Рахым, Әділет зайырлы қоғамның еншісі бола алады.

«Толық адам қоғамы» үш нәрсеге көңіл бөлсе керек:

1. Әділетті қоғам құру, заңның баршаға ортақ болуы, мықты құқық қорғау жүйесі;

2. Ғылым-білім жүйесін ретке қою, адал, шынайы заманауи білім беру, оқу орындарындағы талапты күшейту;

3. Әлеуметтік қолдау және денсаулық сақтау жүйесін көтеру.

Әділеттілік – барлық ізгіліктің анасы, әр нәрсенің, адамның өз орнында тұруы, басқалармен тең қатынас ұстану, адамгершілік қасиет. Әділеттілік жасау – әрбір адамға өз құқығын беру. Қоғамда тыныштықты, тепе-теңдікті қамтамасыз ететін фактор.

Білімділік – адамның сапалы өмір сүру қабілетін, қоғамның, экономиканың, ғылым мен технологияның дамуын арттырушы фактор, әркімнің профессионал, өз ісінің шебері болуы елдің бүгінгі мен болашағының кепілі. Білім алу процессінде адамның біліктілігі артып, мінез-құлқы өзгереді.

Мейірімділік – мейірімсіз, рақымсыз, кешірімсіз, жанашырлықсыз адам қоғамы жыртықш аңға лайық болып, қиянат белең алып, тыныш өмір сүру мүмкін болмас еді.

«Толық адам» заңының бүкіл адамзат үшін маңызы

Бұл заңның (толық адам) екі жағы бар дедік, яғни екі дүниені тең ұстаудың жолы. Алғашқы жартысын (*Құдай ісінің соңында болу, өзін Алланың құлы деп есептеу*) қазір негізінен өздерін мұсылманбыз деп есептеген, екіншіше қарай диктатураға жол берген, алпауыт батыс мемлекеттерінің құлы болуға айналған, жокшылық себебінен адамгершіліктен айырылған, өзіндегі қазба байлықтарын игеруге ғылымы мен технологиясы жетпейтін, надандығы басым елдер басшылыққа алған, ал екінші жар-

тысын (*әділеттілік, білімділік, мейірімділік қасиеттерін сүюге ұмтылу*) зайырлы, дамыған, бірақ азғындауға бет алған, бәтшағарлық, гомосексуализм, лезбияндық белең алған, материалдық байлықты негізгі мақсат қылған, «көңіл көтеру индустриясы дамыған» таза тұтынушы қоғам – «демократиялық дамыған елміз» дейтіндер ұстын етіп алған. *«Басқа діннің хакімдері дүниенің һәм адам баласының өмірінің сырына жетсе де, діннің хақтығын тани алмағандар»*, яғни дамыған батыс пен қиыр шығыс елдері өз дамуларында үлкен жетістікке жетсе де моральдық азғындауға, шынайы адами құндылықтардың күлдірауына, діндердің «либералдануына» жол беріп отыр. Бұл заңның екі жағы тең болғанда ғана адамзат кемел қоғам құрмақшы.

Ғылым – білім беру жүйесі мықты, *рахым* – әлеуметтік, денсаулық қорғау деңгейі жоғары, *әділет* – құқық қорғау жүйесі жетік осы үш негізді ұстанған дамыған Еуропа, Жапон сияқты батыс-шығыс елдері соғыстар мен төңкерістерді бастан өткеріп барып, практика жүзінде енді жетіп, көріп отырғаны жөне осы зайырлы мемлекеттердің алға басуына кепіл осы негіздерге Абай бір ғасырдан астам бұрын қиырдағы ауылда жүріп оймен жеткені ақиқат.

Абай ескіре ме?

Ойшылға бүгін тағылатын мін: «Заманы өтті, қашанғы Абайдың деңгейінде жүреміз, дамымай жатқанымыз содан, ол орысшыл болды, қазақты сынап, жамандыққа «программалап» қойды». Орыс тілділері бар, Абайды оқымаған, не оқыса түсінбеген, түсінуге өресі жетпеген өз бауырларымыз бар. «ауыз менікі» деп күнде «жаңалық ашып» жататындарға таңданбайтын деңгейдеміз. Жақын тарихымыздағы ұлтымызға «Хақтың сәулесі түскен» уақыт – Алаш кезеңі еді. Әлихан сияқты алыптың өзі бастап Абайды пір тұтқан, сол замандағы оқығанының бәрі хакімнің шапанынан шықты десек, артық айтпаспыз. Өлде біздің ой-санамыз олардан биік тұр ма? Иә, тәуелсіз елміз, ол заманға қарағанда біздің ақпарат, біліміміз көп. Интернет заманы. Абайдың түсіне де кірмеген оқу орындары, аспанмен таласқан зәулім үйлер салдық, ғарышқа да ұшып жатырмыз, бірақ хакім ескірмей тұр. Неге?

Иә, Абай пайғамбар емес – пенде, бірақ кемелдік пен хакімдікке жеткен пенде. Ол қазақты жамандаған жоқ, жаман мінезін сынады. Қазір жақсылы-жаманды біліміміз болса да мінезіміз сол қалпы. Бүгінгі барлық проблема – мінезімізден: әділетсіздік, паракорлық, ұрлық, шенқұмарлық, жағымпаздық, жандайшаптық, білімсіздік, қатыгездік, қиянатшылдық, сатқындық, өтірікшілік, мал шашпақ, надандық, өзімшілдік, бойкүйездік, салғырттық... Бұлардың емі – «толық адам» болу.

Енді «Абай ескіре ме?» деп сұраққа «Хақтың сөзі өзгере ме, ақиқат ескіре ме?» деп қарсы сұрақ қоюға болады. Абай айтса, Құран сөзін айтты, Хақтың сөзін қазаққа түсінікті тілде жеткізді.

Болашақта дамыған технология адам нәпсісін ұлғайтып, пенде өлмейтін «құдай» болғысы келеді, рух пен нәпсі – махаббат пен гадауат майданы адамның жүрегінде қияметке дейін одан өрі шиеленісері сөзсіз. «Қазақ қияметке дейін қазақ болып жасай береді» депті Әлихан. Олай болса Абай да қияметке дейін қазақпен бірге.

Қара сөздердің о бастағы жалпы саны мен реттік саны

Бүгінгі қолданыстағы қара сөздердің және бастапқы нұсқаның (Мүрсейіт, Тұрағұлдың көшірмелері) рет сәйкестігі.

Кестеден бүгінгі рет санымен айтсақ, 27, 37, 38 және 45-ші қара сөздердің о баста топтамада болмағанын көреміз. 27-ші яғни «Сократ хакімнің сөзі», жалпы қара сөздерден ерекшелігі диалогқа құрылған, ғибратты көркем өңгіме, ол Мүрсейітте бөлек көрсетілген, Әуезов оны «Абайдың түгел өз сөзі емес, аударма» (Сократтан) дейді. 37-ші қара сөз – қысқа афоризмдердің жиынтығы «Насихат» деген атпен ол да Мүрсейітте қара сөздерден бөлек тұр. 38-ші қара сөз «Ғақлиат тасдиқат» ол белгілі. 45-ші қара сөз «Ғақлиат тасдиқаттың» заңды жалғасы десек қателеспейміз.

Абайтанушы ғалым Асан Омаров қазіргі «бірінші қара сөзді» кіріспе сөз деп бөліп алады. Сонда «Китабу ғақлия» қырық баптан (қара сөзден) тұрады. Баптардың «қырық» болуы тілімізде қасиетті «қырық» сан ретінде жиі қолданылатынынан болуы мүмкін және «Қырық ха-

Қара сөздердің саны

Қара сөздердің саны																							
Қазіргі	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23
О бастағы	23	27	1	2	3	4	5	33	9	24	30	7	6	8	11	13	15	22	19	10	12	16	17

Қара сөздердің саны

Қара сөздердің саны																							
Қазіргі	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44	45	
О бастағы	25	28	36	•	14	18	29	20	21	34	31	32	39	•	•	26	35	37	38	40	41	•	

дис», Имам Ғазалидің «Ихисасының» қырық тараудан болуы сияқты ежелгі қалыптасқан дәстүрлердің өсері болуы ғажап емес. Баптар негізінен адамның мінез-құлқына, мінезді сынауға арналып, арасында білім алу, ғылым жинау, иман, ұят жайында айтылады. Ал, білім-ғылым, иман, ұят деген ұғымдардың мінез-құлыққа тікелей қатысы бар. Жазылу хронологиясына қарап отырып, хакім бірінші «Китабу ғаклияны», ең соңында «Ғаклиат тасдиқатты» жазғанын көреміз. Мұнда бір заңдылық бар ма деп сұрақ қойсақ, «өлбетте» деп жауап беруге болады. Яғни, «Китабу ғаклия» адам мінез-құлқының кемшіліктерін атап, ашып көрсетіп, сараптауға салады, жан-жақты сұрақтар қойылады. «Ғаклиат тасдиқат» осы сұрақтардың жауабын береді, мінез толыстырудың жолы, кемел иманды, өзін танушы, Алланы танушы, жақсы мен жаманды айырған, ар-ұяты жоғары «толық адамның» қандай қасиеттері болуы керектігін шығарманың өзегі қылады. Оған бір мысал Кәкбай Жанатайұлының Абай жайындағы естелігіндегі мына жолдар: «Абайдың жалпы діни өсиеттері мен негізгі діни пікірлері қара сөзінің ішіндегі «Ғаклиат тасдиқат» деген сөзінде толық айтылған. Әрқашан ауызша айтатын уағыз насихаттары болсын, өлеңмен үгіт қылып айтатын адамшылық жолы, құдайшылық жолы болсын, барлығы сол сөзіне жиналып келіп қорытылған сияқты. Кейде жазылған дін жайындағы өлеңдері болса, түгелімен сол сөздің жеке-жеке пікірлерінен туған сияқты».

45-ші қара сөз «Ғаклиат тасдиқаттың» заңды жалғасы дейтін себебіміз «Ғаклиат тасдиқат» толық адамның қасиеттері «әділдік», «мейірімділік» (рахым), «білімділік» (ғылым) десе, 45-ші қара сөз «әділет» пен «махаббат» дейді. Мейірімді болу үшін, ғылымды игеру үшін де махаббат керек екені белгілі. Сонда 38 қара сөз 45-ке айналып шыға келеді.

Түйін

Иман келтіру – Жаратқан бар және бір деп мойынсұна отырып, мінезімді «түзеймін», «өзгертемін» деген адам мен Алланың арасындағы екі жақты риясыз келісім. «Түзелу» мен «өзгерудің» кепілі – әділетті, мейірімді, білімді болу.

II БӨЛІМ

АЛТЫН ХАКІМНЕН КОУЧИНГ

Коучингтің мағынасы – адамның өмірлік не шеберлік дағдысын бір деңгейден екінші деңгейге көтеру, дамыту, жеткізу, яғни *сапасын өзгерту*. Түбірі ағылшын тілінде «coach»-тың өу бастағы мағынасы – бір жерден екінші жерге жеткізетін арба, бүгін үлкен автобустарды солай дейді. «Коч» (коуч емес) дегеннің түбірі венгр-мажар тіліне барып тіреледі екен, мажарларда қыпшақ тілінің әсері бар екені белгілі, мысалы, «алма», «балта» деген сөздер сияқты. Қанша алып қашса да, түбірі қазақтың «көшіне» келіп тірелетініне дау жоқ. «Coach» деп үйретушіні, тренерді айтады. Коучингтің өзі ақша табатын құрал, оның өзінің маркетингі бар, ал маркетингтің бір бармағы бұғулі жүретін құрал екендігі өтірік емес. Ал хакімнен коучинг тегін, жөне жүректен шыққан. Әрине, Абай қасымызда тұрған жоқ, дегенмен, «олді деуге» ауыз бармайды... Ал хакімнің ойлары бізді «жартылықтан» «толықтыққа» «көшіретін» құрал деп қарастырсақ қателеспейміз. Егер биіктен қарасақ, тарихта өткен қоғамды жақсартуға үлес қосқан ұлы ұстаздарлық бәрі – коучтар. «Ғақлиат тасдиқаттын» соңында хакім «Жә, бұл сөзден не гибратлендік?» деп сұрақ қоя бітіреді. Шынымен, Абай не дегісі келді, бұл кітапта қандай гибрат бар? Өзгеру үшін, дұрыс адам болу үшін, мінез түзеу үшін адам не істеу керек, нені үйрену керек?

Ең бірінші, өзіңнің пенде, кемшілігің бар «жарты адам» екеніңді мойындау керек. Екінші «Толық адам» болам деп мақсат қою керек.

Ең әуелі нені оқыл үйренген дұрыс?

Хакімнің үйретуі бойынша, әуелі екі дүниені тең ұстау үшін бірінші Алла Тағаланы тану, өзін тану, дүниені тану, адамгершілікті бұзбай пайда табу мен зияннан қашуды үйрену керек.

*Екінші, Құдай ісінің соңында болу, өзін Алланың құл-
қызметшісі деп есептеу, білімді, әділетті және мейірімді
болуға ұмтылу.*

Бір қарағанда таза діни көзқарас болып көрінгенмен, осы көрсетілген бағытты ұстанған өзін зайырлы қоғамның мүшесімін деген әрбір адам өзін тану, дүниені тану, адамгершілікті бұзбай пайда табу мен зияннан қашуды үйреніп, білімді, әділетті және мейірімді болуды басшылыққа алса ол сол қоғамның озат мүшесі болмақ.

Абай заманы Осман империясының ыдырап, басқа түркі халықтарының Ресей империясының бодандығына қалған, жалпы ислам өлемнің жалғыз догмаға ұрынған, ғылым-білімі әлсіреп, мешеулікке ұшыраған кезі еді. Бүгінге дейін жалғасып келе жатқан сол мешеулік ислам өлемін дамыған батыс, шығыс елдеріне тәуелділікке ұрындырып, радикалдануына әкеліп соқты. Кезінде орта ғасырда Еуропаның «Қайта өрлеу, ренессанс» дәуіріне тікелей ықпал жасаған араб-мұсылман өлемі бүгін қараңғылықта. Қазақтың жағдайы да мөз емес: хәкімнің сөзімен айтқaq, жарым адам, жарым мұсыман деңгейіндеміз, кемелетке толмаған қыз босанып, баласын доретханаға тастайды, бозбаласы жұртты алдағанды дәреже көреді, сот жүйесі парақор, әділетін айтқан кінәлі, жәнпай сауатсыздық белең алып барады, дәрігердің ойы емдеу емес, ақша жасау...

Мұхтар Әуезов Имам Ғазалиді Абайдың ұстазына баялағанын білеміз. Сол Имам Ғазалидің «Дін ғылымын қалпына келтіру (тірілту)», «Воскрешение наук о вере» «Ихйа улум ад-Дин» деген кітабы бар екені белгілі. Тоғыз ғасыр бұрын да діннің рухани қырын, мағынасын қайта түсіндіру өзекті болған. Өз кезегінде Абай да ислам өлемінің тығырыққа тірелгеніне көзі жетіп, одан шығатын жол іздеді. Оны Пайғамбарымыз Мұхаммет СҒС-ның «Мен көркем мінезді кемеліне келтіру үшін жіберілдім» деген миссиясына табады. Хәкім «Иманнан пайда табу керек» дейді, дінтану тарихында бұлай ешкім айтты ма екен?! Дін Алланың тарапынан түскендіктен ол кемел, ол ақиқат, оны «реформалаймын» дегені ақылы өлшеулі адамның ақымақтығы. Адамзат өзін өзгерту керек, «иман келтіру – ол өзімді түзетемін» деген Жаратушы мен адамның арасындағы келісім-шарт.

Енді сол «иманнан пайда табу» үшін Абай мінезінді түзет дейді, ол үшін сол дініміздегідей иман мен амалды екі бөліп

қарастырады. «Алланың бір және бар екендігіне, оның пайғамбарларының, періштерелерінің, адамзатқа түсірген кітаптарына, өлгеннен кейін тірілетіңізге» нанып, сендіңіз, бұлар хақ деп қабылдайсыз, өзгерте алмайсыз. Өзгерте алатыныңыз амалдарыңыз, яғни күнделікті өміріңізде ізгі, жақсы амалдар, істер «ғамал ус-салих» істеу арқылы өзгересіз, мінезіңізді өзгертесіз.

Хакім өзі осы еңбегін «мінез жайындағы жөдігер» деп атады. Шынымен де біз адамның «жақсылығын» не «жамандығын» оның мінезіне қарап бағалаймыз. «Мен егер лаң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп бермейді деген кісінің тілін кесер едім» – деген сөзінен адамның мінезін түзетуге болатындығын, нәтижесінде, қоғамның не тұтас ұлттың мінезін түзетуге болатындығын көреміз.

Құдай ісінің соңында болу, өзін Алланың құлы деп есептеу – иманға жатса, ал әрбір істеген амалыңызда білім, әділет, мейірім үшеуін басшылыққа алсаңыз – амалыңызізгілікке толады, ғамалуссалих болып шығады. Дінімізде иман мен амал бөлек деп қарастырылады. Имам Ғазали иман мен ізгі амалдарды біртұтас деп қабылдамаған, бірақ ізгі амалдар иманды толықтырушы үздік қосымша деп қараған.

«Иман келтіргендер Алланың бірлігі мен сенімде бірдей, бірақ амалдарында ертүрлі». Әбу Ханифа

Иман адамның басы болса, ізгі амалдар оның денесінің аяқ-қолы іспетті, бас аяқ-қолсыз өмір сүруі мүмкін, бірақ дене өз қызметін толық атқара алмайды.

Білім, әділет, мейірім сипаттарын сүйеге ұмтылу утопия ретінде іске аспайтын идея ретінде қала бере ме, әлде адам баласының қолынан келетін іс пе?

«Ғақлиат тасдиқатта» хакім келтірген ізгі амалдар жайындағы Құран аяттарына қарасақ ондағы ізгілік амалдар – өділетті болу және мейірімді болу, жақсы істер істеу керектігі айтылады. Өділетті және мейірімді болу үшін де білім керек, жаман мен жақсыны, мөужіт пен мансұқты (нақты мен алдамшы, ескіргенді), әділет пен қиянатты, мейірім мен қатыгездікті пәрықтап айыра білетіндей. Толық адамның қарама-қарсысы, антонимі – надан адам. Білімі бола тұра өділетсіз, мейірімсіз адамдар бар. Надан діндар болса патақ, адасқан дін шығады, надан билікте болса елді бұзады, надан байдан ұрлық, коррупция туындайды, билікке ұмтылады,

надан кедей болса қылмыскер, еркіндікті ойына келгенін істеу деп ұғады.

Дін неге керек?

Дінмен айналыспасақ дін сенімен айналысатынын уақыт көрсетті. Адасу оңай және жалқының адасуы емес, жалпының, топтың адасуы, қоғамды кері сүйреп, тұрақсыздыққа әкеледі.

Құранның негізгі ұстының екі сөзбен айтса, өзіңді Жаратқанға арнау мен жаратылғанға қызмет ету. Орта ғасырлық ғалым Фахреддин Рази солай деген, яғни оған Әділетті сүй дегенді қоссақ, Абайдың үш сүюіне келеміз. Жалпы біреуді сүйген адам, сүйгенінің сөзін жерге тастамайды және өмірімді саған арнадым дейді, сонда Алланы шын сүйдім десеңіз Оның Сөзін: Жер бетіндегі Менің орынбасарым бол, рахымды, мейірімді бол, зұлымдық жасама, ізгі амалдар жаса, көпшілікке пайдалы бол, бар жаратылғанға, қоршаған ортаға, табиғатқа қорған бол, тыйым салғая істерден аулақ бол дегенін де жерге тастамау керек. Тақуалықтың басы – осы.

Алланы тану

Адамды Алланың жаратудағы мақсаты: «Жың мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым». Құран сүресі «Аз-зариат», 56 аят. Ал адам дұрыс құлшылық қылу үшін Жаратушысын тануы керек. Тәрбие деген сөздің түбіріне көз жүгірсек *Раббы Жаратушы* деген мағына шығады. Сонда тәрбие Төңіріңді танудан басталады. Өзін шынайы тануға ұмтылған адам Алланы таниды дейді имам Ғазали. Өйткені «мен қайдан келдім, ата-анам қайдан келді, бабаларымның бабасын, жалпы адамды кім, қалай жаратты, ақылды кім берді, жер-дүниені кім жаратты» деген сұрақ туындайды. Адамнан басқа бізге көрінетін Жердегі мақлұқтың бөрі Алланы тани алмайды, жануарлар, жөндіктер тек Жаратушының тарапынан оларға жіберілген инстинкт-«программаның» ауқымында ғана жұмыс істейді. Өйткені дене физикалық әлем бұл дүниенің жаратылысы, адамның да денесі топырақтан жаралды, олай дейтініміз денеміз химиялық элементтерден тұрады, яғни жер топырағындағы минералдар біз жейтін тағамдар мен ішетін су арқылы бізді «құрап» тұр.

Адамды белгілі бір мақсатпен, махаббатпен жаратты дегенге мысал:

Жер отқа оранған дене болды о баста, оған басқа бір аспан денесі соғылып, Ай пайда болды. Біздің төрт мезгіліміз қыс, көктем, жаз, қыс Айға тәуелді. Жер от болса, тіршіліктің көзі су қалай пайда болды? Жердің сыртқы қабаты суыды, жер бетіне түскен метеориттерде су бар еді. Жердің ішкі қабаты өлі де от, балқыған темір, қатты темір қабаттары да бар, олар Жердің магнит өрісін туғызады, ал магнит өрісі жердегі тіршілікке қауіпті Күннен, ғарыштан келетін жоғарғы қуатты элементар бөлшектерден сақтаса, атмосфера қабаттары ультракүлгін, инфрақызыл сәулелерден қорғайды. Жердің орбитасының сыртындағы алып планеталар Юпитер мен Сатурн Жерге бағытталып келе жатқан басқа астероид сияқты ұсақ аспан денелерін өздеріне «тартып» алады. Осының бәрі кездейсоқтық па? Ол аз болса Жер Күннен сәл қашықтау болса Жердегі су қатып қалады, сәл жақын болса, су буланып кетеді екен, сосын біз дем алатын оттегі таза күйінде қауіпті, жарылады, ауаның құрамында 78% азот, соны табиғаттың өзі теңгеріп ұстап отырады, кездейсоқтық па? Ал енді адамның денесі көміртегі, сутегі, оттегі, азот сияқты химиялық элементтерден тұрады. Топырақтан жаралып, топыраққа баратынымыз сол. Алланы танитын адамда «үшінші көз» – рух бар, оның тани алатын себебі ол бізге көрінбейтін сол Алланың тарапынан біз аямыздың құрсағында жатқанда «үрілген». Енді біз «руханият» деген сөзге ой жіберсек, түбірі «рух» екені айқын, яғни адамзат баласы жасаған небір жәдігерлер, өнер туындылары, әдеби шығармалар, ғылыми жаңалықтар, технологиялық жетістіктер адамның рухына байланысты екен. Оны Абай «нұрлы ақыл» дейді.

Түп иесін көксемей бола ма екен?

Және оған қайтпақсың, оны ойламай,

Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Адам рухы сол «Түп иені» – Алланы көксейді, оған қайтатынын біледі, соған қалай оралуды ойлау ең үлкен мақсат.

Кез-келген адам сеніміне, ұлтына байланыссыз бақытты болғысы келеді. Сол өміріндегі бақытты болу жолында адасады, жаза басады, қателеседі. Неге? Дұрыс тандау жасай алмайды. Дұрыс тандау жасай алмаған – бақытсыз. Неге дұрыс

таңдау жасай алмады? Ақылы шектеулі. Кімнің ақылы, мейірімі, өділеті шектеусіз? Құдайдың. Онда сол Құдайдың заңымен жүрген адаспайды.

Онда Жаратқанға құл болу – бақыт. «Маған құлшылық ет». [Зариат сүресі 56-аят]. Дұрыс құл болу – дұрыс таңдау жасау.

Неге рухымызды (жанымызды) Рух өлеменен әкеліп тәнімізге (денемізге) салып қойды? Соңғы баратын орнымыз Рух өлемі болса, Сонда неге жүре бермедік? Ол Құдайдың анық Тарабы, онда Жаратушының бар Сипаты анық, көрініп тұр. Рух өлемінде таңдау жоқ, бір-ақ жол бар, қателеспейсің. Екі дүние де Төңіріге ортақ. Бірақ, бұл дүние көмес, Ақиқат жасырулы. Ақиқат пен жалғанның арасында шындық пен өтірік көп, содан жол көп болып көрінеді. Өмір – сынақ. Таңдау – өмір сынағы. Сынақтан ету – дұрыс таңдау жасау. Таңдау – «жақсы» мен «жаманды» айыру, «май» мен «қанды» парықтау. «Жақсы» мен «жаманды» қалай айырамыз? Өзіңнен шексіз ақылды Алланы танып. Құдай ешкімге, еш нәрсеге мұқтаж емес. Оған адамның құлшылығының керегі жоқ, ал адам өмірінде дұрыс таңдау жасау үшін адамға Құдай керек, Құдайдың Заңы керек. Бұл дүниеде бір-ақ жол бар қателеспейтін – Құдай жолы. Адам Құдай жолымен дұрыс таңдауын жасау арқылы өзінің тағдырына он өзгеріс әкеледі «Иман – өділдік пен мейіріммен бірге». Құлшылық – адамзатқа жақсылық, елге – қызмет, отбасына – мейірім, көршіне – жылы көз. «Төнімен құлшылық қылғанымен жаны надандықтан арыла алмағанның иманы солай жүріп сөнеді». «Жамандық пен жақсылықты жаратқан Құдай, бірақ жаман қылған Құдай емес». «Махаббат пен гадауат майданы» – адамның рухы мен згосының соғысы. Кімнің рухы жеңеді – ол адам, кімнің згосы жеңеді сол – надан.

Ал Алла адамды не үшін жаратты дегенге Құрандағы жауап: «Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларын жақсы (екенін білу үшін), сынау үшін өлім мен тіршілікті жаратқан. Ол, тым үстем, аса жарылқаушы». (Мүлік сүресі, 2 аят)

Алла кім деген сұраққа Ықылас сүресі жақсы жауап береді (Закир Наиктен):

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Мұхаммет F.C. оларға) айт: Ол Алла, біреу ақ (Жалғыз, ешкімге ұқсамайды). (1)

Мысалы бір адам өзін құдаймын десе, оған ұқсайтын адамдар көп, сол себептен Иса пайғамбар ҚС-адам ретінде құдай бола алмайды, жансыз табынатын пұттар мен икона-лар да солай, пұттар мен иконалар көп.

Алла мұңсыз. (Еш нәрсеге мұқтаж емес. Өзіне-өзі жеткілікті) (2)

Біреу құдаймын деп, бірақ ауырса, тамақ ішсе ол мұқтаждық, пұттарды, иконаларды сүртіп, тазалап тұру керек, ол да мұқтаждық.

Ол тұмады да, туылмады. (3) Адамдар туады, өледі, пұттар қолдан жасалады, иконаларды суретшілер салады, олар ескіреді, тозады.

Әрі оған ешкім тең емес. (4) Адам, пұт, суреттерге тең келетін тура сондай адам, пұт, суреттер бар.

«Way of the future» деген шіркеу бар. «Болашақтың жолы», негізін қалаған Anthony Levandowski деген бұрын Google-дің өзі жүретін көліктерінің жасанды интеллектісін жасаушы адам. *Мұнда құдайдың орнына жасанды интеллект жүреді.* Яғни ақылы адамнан жоғары, көзге көрінетін «құдай», бірақ бұл да «Ықылас» сүресінің анықтамасына келмейді.

Пайғамбарлар, Қасиетті кітаптар, періштелер неге керек?

Адам баласы жер бетіндегі ең ақылды жаратылыс болғанымен, ақыл-ойының шектеулі болғандығынан, ғылым-білімінің жетіспегендігінен, нәпсісін ауыздықтай алмағандықтан әртүрлі қиындықтарға және Жаратушының тарапынан табиғи, климаттық апаттар сияқты тағы да басқа әртүрлі сынақтарға ұшырап отырады. Тарихта адамзаттың тойымсыздыққа ұрынып, бір-бірін қырып-жоюы, алғындауға ұрынып отыруы да белгілі жағдай. Осындай қиындықтардан өту, өзін аман-есен сақтау инстинкті белгілі бір моральдық құндылықтардың болуын талап етеді, наным, сенімге сұраныс пайда болады.

Бізді Құдай ұмытты деушілер бар. Алланың сипаттары: бәрін Көруші, Білуші. Өр адамның өлімі оны Құдайдың ұмытпағанының белгісі, өзіне қарай алып кетеді. Жаратушының табиғаты мүлдем бөлек, Құран айтатындай «Оған көздер жетпейді». Періштелерді, яғни қызметшілерін тікелей адамдарға көздеріне көрінетіндей қылып жіберсе,

адамдарда таңдау болмай қалатын еді, қорқыныштан құлшылық ете бастайды. Адамға өзіне жетерлік ерік-таңдау берілген. Жаратушы Иеміз бізді жақсы көріп, махаббатпен жаратқандықтан адамзат арасына өзінің дұрыс жол көрсетуші елшілерін жіберіп отырады. Содан наным-сенім жүйелері пайда болады. Адамзат тарихындағы мойындалған, қалыптасқан сенім жүйелерінің белгілері, әуелі заты мүлдем басқа Жаратушы Құдайдың Тәңірдің Алланың өзі адамдармен тікелей сөйлеспегендіктен, Өз тарапынан жіберілген белгілі бір халықтың арасынан таңдап алынған адамы – елші-пайғамбары болады, сол пайғамбар жеткізетін, адамдарды түзу жолмен жүргізетін, бақытқа жеткізетін идея, өсиеттерге толы бағдарлама Кітабы, сол Пайғамбар көрсететін өмір сүру, еңбек ету, құлшылық қылу жолдары, айтқан сөздері т.с.с. болу керек. Ол пайғамбарлар да (Мұсадан басқа) Жаратушымен тікелей сөйлеспейді, Жаратушы мен Пайғамбар арасындағы байланыс Періштелер арқылы атқарылады.

Дін неге басқа тілде келеді, біз арабтың құлымыз ба?

Қазір Жердегі адам саны 7,7 млрд-қа жуық. Жалпылама алғанда 2015 жылғы мәлімет бойынша христиандар 2,3 млрд., 31,2 пайызы, мұсылмандар 1,8 млрд., 24,1 пайыз, 16 пайыз діннен тыс, индуизм 1,1 млрд., 15,1 пайыз, буддистер 0,5 млрд, 6,9 пайыз, ұлттық діндер 0,4 млрд, 5,7 пайыз. иудаизмдегілер 0,01млрд. Адамзаттың 55% астамын аврамдық, яғни Ибраһим пайғамбарды мойындаушы діндер құрайды. Қарап отырсақ, бүкіл саны 8 млрд-қа аяқ басқан адамзатта негізінен үш-төрт қана дін бар. «Неге?» деген сұрақ қойсақ, жалпы алғанда Жаратушының тарапынан түскен хақ діндер ғана өміршең болып, ескірген, не жасанды діндер уақыт өте келе жойыла береді. Ислам діні қазіргі уақытта ең жылдам өсуші дін, 2060 жылы саны жағынан мұсылмандар бірінші орынға шықпақшы.

Жер жүзінде 195 мемлекет бар, солардың негізгі бөлігі – христиандар, мұсылмандар, индуизмді ұстайтындар. Адамзатта ортақ тіл жоқ, сондықтан дін белгілі бір ұлттың тілінде түседі. «Бізге дін неге арабша келді?» дегеннің жауабы осы. Ол араб болу керек деген сөз емес. Бір қызығы, Мұса пайғамбар мен Мұхаммет пайғамбарға уахи түскенде, олардың халқы көшпелі жұрт еді. Соған қарағанда, бізге де белгісіз бір за-

мандарда көшпелі ғұн, сақтарға, прототүріктерге пайғамбар келуі әбден мүмкін. Жаратушы да адамзаттың дамуына байланысты, Өзі алдында жіберген Кітаптардың сол адамдардың бұрмалауынан не мәтіндерінің жоғалуынан жаңа Кітаптар түсіріп отырған. Біз Жаратушының тарапынан түскен соңғы Кітап – Құран деп қабылдаймыз, онда Алла бұл кітаптың мәтінінің Қиямет күніне дейін өзгермейтініне кепілдік берген. Діндеміз деп жүргеннің ішінде екіжүзділік кездеседі, яғни иман келтірдім деп аузымен айтқанмен, жүрегінде басқа болып, сөзі мен ісі бір жерден шықпайды. Екі жүзділік өзін атеисттің, Құдайдың бар екенін мойындамаймын дегендерде де кездеседі, мысалға жақыны қайтыс болса, бәрібір діни шаралар өткізіп жатады.

Төкіршілдік қазақты құтқара ма?

Ислам десе адам шошитын уақыт. Соғыс, жарылыс, тапталған құқықтар, тастаған талақтар, қырылған боздақтар, жетім мен жесірлер, надандықтағы қалың да қайыршы жұрт. Жиіркенішті жағдай. Батыс пен шығыстың ақпарат құралдары да жарысып, асыра жазып, жығылғанға жұдырық көрсетуде. Мұндай кезде жамандықтан безіп, басқа жол іздеу – ақылдының ісі. Бағзы бір сол төкіршілдік дейтін замандарда бабаларымызға Жаратушы елші-пайғамбар жіберуі, тіпті Өзінің заңдарын жіберуі әбден мүмкін. Біздің дәстүріміздегі кейбір наным-сенімдер сол заңдардың жұрнағы болуы да мүмкін, өкінішке орай ол қасиетті кітаптар бізге жеткен жоқ, ал жүйесі сақталмаған дінді жаңғырту он нәтижеге әкеле қоймасы анық. Қазақ мемлекетінің негізінде жатқан Алтын орда ұлысының дүркіреп тұрған кезінде ислам дінін өз еркімен қабылдағанын, империя орнатқан бабаларымыз бізден күшімен де, ақылымен де артық болғанын біз амалсыздан мойындаймыз. Олар да өз шешімдерін бостан-босқа қабылдамағаны айқын. Ал бүгінгі ислам ату мен жару, талақ пен малақ болса не істейміз? Ал демократия не, бізді қоя тұрып демократия деп айғайлайтын АҚШ-та халықтың билігі болды ма? Ертеректесайлану үшін жерің болуы, тағы да ақ нәсілді англо-саксон болуы керектігі болған, оны да демократия деп атаған, ал бүгінгі АҚШ-тағы жүйені кейбіреулер *corporatocracy* корпоратократия деп атайды, яғни саяси-экономикалық жүйені үлкен корпорациялар билейді, лоб-

би жүйесін де заңдастырып қойған, бірақ демократия деп аталады, әрине заңдылықтардың, құқықтардың сақталуы бізден әлдеқайда ілгері екенін мойындау керек. Бүгінгі әлемде термин-түсініктердің қолданылуы мағыналарына сөйкес келе бермейді. Сондықтан асып-ататын, жылататын, жаратын ислам емес, иманға, әділетке, мейірімге, ғылымға ұмтылған Абай ұстаған жол, әріде Пайғамбарымыздан CFC басталған жол – ислам болатын.

Өзіңді тану

Абайдың қазақтың жазбаша әдебиетінде алар орны ерекше екенін айтамыз. *Әдебиет* сөзінің түбірі *әдеп*, яғни адамды *әдептілікке тәрбиелейтін* құрал. Ал *тәРБИе* сөзі *Раббы*, яғни Алланың бір атымен түбірлес, сондықтан адам тәрбиесінің негізінде Алланы тану жатса керек. Біз мектепте оқытатын ғылымдардың негізін (математика, физика, жағырапия, т.б.) *пәндер* дейміз. *Пән*нің түбірі-фан, фана, фөни, яғни дүниелік ғылымдар. Шөкөрім «пәншілдер» деп затшыл материалистерді айтады. Алла бір бола тұрып, екі дүние: фәни мен бақидың жаратты, адамның мәңгі өлмейтін, бірақ жаратылған рухын уақытша фәниге сынаққа жіберіді деп түсінеміз.

Абайдың шығармаларының ерекшелігі, адамға өсер етуі, тәрбиелік мағынасының жоғары болуының себебінің негізі адамдағы жан мен төнді бөлек қарастыратынында жатса керек. Құдайды тани отырып әдептілікке, дұрыс мінезге жету әлдеқайда жылдамырақ болмақшы. Мысалы, экономикалық жағырпия пәнін алсақ, адамзатқа керек қазба байлықтар, мұнай мен әртүрлі металдар, тіршіліктің көзі тұщы су жер астында. Құдіреті күшті Алла оларды жер бетіне шығарып, қазба байлықтардан таулар жасап, ішуге жарайтын суды өзен, көл жасап жер бетіне шығарып қоюға Қуаты жетіп тұр, бірақ оның бәрін Жаратушы жердің астына жасырды. Мұндағы хикмет, адам сынағы, оларды жер астынан алу үшін адамға ғылым-білім, технология керек.

Біз неге бармыз? Бұл дүниедегі мақсатымыз не? «Бақыттың алхимиясы» деген кітабында имам Ғазали «Жартаушыны танудың кілті өзіңнің жаныңды тануда, сондықтан кім өзін таныса Алланы танығаны дейді. ...Адамның өзіне өзінен жақын ешкім жоқ, өзіңді танымасаң басқаны қалай танымақсың?».

Төн мен жан. Төн жанның «қонақ үйі» дейді хакім. Төн – тірі тұрғанда жанның көлігі, көлік те уақытында дем алып, тамақ ішіп өзінің керегін алып тұру керек. Төн адам сезімдерінің, көру, есту сияқты қызметшісі, ал сезімдер адам ақылының қызметшілері, яғни әртүрлі сезім мүшелерінен келген сигналдар арқылы ақыл қорытынды жасайды, ақыл Жаратушыны танушы. Ақыл жанның-рухтың қызметшісі болуы керек. Сонда барып адам Алланы тануға мүмкіндік алмақшы. Хакім 17-қара сөзде қайрат, ақыл, жүрек үшеуін айтыстырып, «Осы үшеуін басыңды қос, бәрін де жүрекке билет» деген қорытындыға келеді. Жүрек деп рухты, батинді меңзеп отыр. Төн өледі, жан мәдгілік. Адамға берілген бос уақыт пен төн аманат, артынан сұрауы бар.

Адамның әлсіздігі

Адамның әлсіздігін жіпке тізсек, олар үлкенді-кішілі күнәлар болып шығады:

- қомағайлық (тойымсыздық);
- азғындық (арсыздықпен өмір сүру, зинакорлық);
- ашушандық (өшігушілік);
- дүниеқорлық (ашкөздік, сараңдық, пайдакүнемдік);
- үмітсіздік (негізсіз үмітсіздік, тұрақсыздық);
- мақтаншақтық (даңғойлық, төккапарлық);
- қызғаншақтық, күншілдік

Осы адам әлсіздіктерінен басқа, адамның өз рухының әлсіздігінен бас тарта алмайтын көптеген жаман әдеттер бар:

- құмарлық, ойынның барлық түрлері;
- нашакорлық, маскүнемдік.

Сонымен қатар, мінез-құлықтың жеке ерекшеліктері адамның әлсіз тұстарына жатқызылуы мүмкін:

- ламадан тыс өзі-өзіне сенімділік;
- өзіндік сынның болмауы;
- жалқаулық, бойкүйездік, енжарлық;
- күрделі жағдайларда жылдам шешімдер қабылдай алмау.

Әрине, бұл тізімнен ада адам болса, ол пенде емес, періште болары сөзсіз. Дегенмен, адамзаттың алдына қойған ұлы мұраты да осындай әлсіздіктен арылу емес пе?!

(«Арылу» деген сөздің түбірі көне түріктің «ары» – таза-ру деген мағынасын береді. «Армысың» деп амандасқанда пендешіліктен, күнәдан тазамысың деген мағынаны білдірсе

керек. «Мал-жан аман ба» деген сәлемдесу түрі қазақтың қадірі қайтқан шақта, жүздеген жылғы қалмақ соғысы мен орыс отарлауының зардабынан кейін шығуы ықтимал, ұлыс (империя) болған ел малға тәуелді бола қоймайды, өзінде жоқ болса, басқадан алады).

Екі дүниеде екі мазмұн бар: біреуі – дүние, екіншісі – Рух. Бәрі осы екеуінің ішіне кіріп тұр.

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,

Жеп жүр ғой біреуінің біреу етін.

Қызық жоқ ойлы адамға бұл жалғанда,

Көбінің сырты бүтін, іші түтін. (Абай)

Сонда дүние бұлғаңдап алдайтын болса, Рух деген не?

Оның да жауабы Абайда: мейірім, ғылым мен әділет Рух өлшемдері.

Біз көшпеліміз бе, неге бабаларымызға қарағанда нашармыз?

Біз – көшпелі жұрттың отырықшылануға бет алған ұрпағымыз. Біздің дәуірімізден бұрынғы және орта ғасырларда көшіп жүрген бабаларымыз ұлыс-империялар құрып, бүкіл дүниені тітікендірткені белгілі. Түркі халықтары мұсылмандық қабылдағалы жаужүректігінен айрылып, сапасы нашарлап кетті деген пікірлер бар. Әрі бармай, Қазақ мемлекеті өз еншісін алған Алтын Орда дүниені дүр сілкіндіріп тұрғанда, ешкім сырттан күштеп енгізбей, өз еркімен Берке ханның тұсында исламды мемлекеттік дін деп қабылдағаны – тарихи факт. Бүгін көріп отырғанымыздай, мұсылмандық қабылдамаған басқа Сібірдегі түркі тілдес ұлттардың жағдайы одан да мүшкіл, сандары азайып, тілден, діннен, елдіктен айрылған. Екінші бір мәселе бүгінгі қазақ қоғамдағы өкенің, ер адамның рөлі неге төмен, әйел адамның құқығы неге қорғалмаған? Мыңдаған жылдар табиғатпен қоян-қолтық жүріп, оны аялай біліп, ашкөздікке бармай, ері түзде болып мал тапса, қатыны үйде болып отбасының берекесін кіргізген, өркім өз орнын білген қоғам болған. Қазақты отырықшылыққа совет дәуірінде қыра-жоя қан төгіп, малын тартып алып, күштеп бейімдеп, одан бай мен кедейдің, әйел мен еркектің теңдігі деген жалған ұрандармен ғасырлар бойғы әдет-ғұрып пен құндылықтарды жоғалтып, оған

кейін тәуелсіздік алған жылдардағы либералдық идеялар қосылып бүгінгі түсініксіз жағдайға жеттік. Еркек арақ ішіп езге айналды. Әйел мал табарға айналды, бала бағусыз, қыз қараусыз қалды, ғасырлар бойғы баланс бұзылды. Ата-ана тәрбие мен асырауды парықтамады. Балаларды балабақшаға берген болды, мектеп білім беріп жатқандай, тәрбие жағы ақсап жатыр, ұрпақ бойына қандай құндылықты сіңіру керектігінде бір ізділік, анықтық жоқ. «пайдасыз ақыл» ретінде қалып, «жарым адамдар» шығып жатыр.

Көбіміз шағымданғанды және сынағанды жақсы көреміз, оның өзі дос-жаран, от басының арасында, сосын дисфункционалдық субмәдениетке ұрынғанбыз, (Дисфункция (лат. *dis* – терістеу, қиындық + *functio* – әрекет, іске асыру) – қызметтің, әрекеттің бұзылуы), яғни салғырттық жайлаған, азаматтық белсенділік бәсеңдеген, жұмыс пен үйдің арасы, қонаққа, тойға барудан аспау. Адамды мұндай жағдайға әкелетін, ақшатабатын машина деңгейге түсіретін факторлардың үлкені кредиттік тәуелділік, қаржы мекемелеріне қарыздар болуы.

Байлық бақытқа жеткізе ме?

Бай болған адам қолында қаржы көздері болғандықтан, ойындағы идеяларын іске асыра алу мүмкіндіктері болады. Яғни байлық қаржылық тәуелсіздікке жеткізеді. Адам бақытты болғысы келеді. Тәуелсіздік адамға бақыт сыйлайды. Байлық бақытты болудың құралы. Бай болу арқылы бақытты болуды көздейді. Біреу байлыққа жұмыс істеп, енді біреу оқып, тағы біреу ұрлап жетпекші, бірақ түпкі мақсаты бақытты болу. Бақыт дегенді әркім әртүрлі түсінеді. Бақыт біреуге абсолюттік еркіндік, яғни ойына келгенін істеу, біреуге карьера, т.с.с. Кешке дейін жұмыс істесең роботқа айналып, басыңа сәулетті ой келмейді, өмірін оқумен өткізіп те бақытқа жете қоя қиын, ұрлық ол да бақытқа жеткізбейді. Адам қаржылық тәуелсіздікке жетем деп жүріп, өзі сол қаржының өзіне тәуелділікке түсіп қалады. Еркін адам болғысы келетін адамның ойлануға бос уақыты болуы керек. Хакім «адамды Алла өніп-өссін деп жаратты» дейді. Адам өзінің табиғаттың бір бөлшегі екенін, ол бір заңдылықтарға бағынатынын, белгілген уақытты өткізіп алса, қайтып келмейтінін ескеру керек. «Мезгілінен қолымды кеш сермедім» деген сол.

*Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас.
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.*

Мысалы, қыз бала ғалым болам деп жүріп уақытында тұрмысқа шықпаса ол ғылымынан бақыт таба ала ма? Бұл қыз бала ғылыммен айналыспасын деген емес, айналыссын, білімді анадан жақсы бала тәрбиеленеді. Оның табиғаты ана болу, соны сезініп барып шынайы бақыт отбасында екенін біледі.

Нөпсіні жеңбей байлықтан да ғылымнан да бақыт та жоқ. Оны суицид жасаған банкротқа ұшыраған миллиардерлерден көреміз. Яғни, адамның рухы өз нөпсосін басқара алғанда барып барып бақытты сезіне алады.

Дүниені тану

Бүкіл жаратылған физикалық әлемді дүние деп түсінеміз. «Ғалам Алланың көлеңкесі» дейді Абай. Мұсылман ғалымдары жартушы екі кітап берді, бірі – ғалам, бірі – Құран деген, бұндағы хикмет ғаламды, жаратылған әлемді де адам баласы зерттеу керек, сонда Алланың хикметін тереңірек түсінесің және өмір сүру жеңілдейді деп меңзейді. Адам Алланың жаратқан Жер бетіндегі өмірінде нығметін осы дүниеден алады. Жер бетінде гүлдену, даму бар, яғни кемелдікке ұмтылу бар, сондықтан адам дүниені дұрыстап танып, дұрыс қолдануы керек. Мұсылман елдері, оған біз де қосламыз, дамыған батыс елдеріне осы дүние танудан кейін қалып, оларға тәуелділікке ұрынды. *Дүние сынақ, бірақ жалған емес, жалған деп өткіншілігі, жылтыраған опасыздығы* үшін айтылған. Материалдық әлем қалай пайда болғандығын, бүкіл ғаламның, жердің, Күннің де шектеулі уақыт өмір сүретіні белгілі. Дүниені дұрыс игеру үшін оның ғылымдарын игеру керек. Материалдық әлем, мысалы, Жер бетіндегі қазба байлықтары, түсті металлдар, мұнай т.б. ресурстар шектеулі, сондықтан оны тиімді жолмен игеріп, өңдеу технологияларын біліп, үнемдеп жұмсап, ұрпақтарға жететіндей қам жасау үшін де ғылым керек. Материалдық әлемде нанның өзін бөліп берсеңіз азаяды, ал рухани әлем шексіз, сіз үйренген білімді немесе бір тамаша идеяны компьютер файлындай шексіз көбейтіп тарата аласыз.

Әли Р.А. айтқан екен: «Дүние алты нәрседен тұрады: жейтін, ішетін, киетін, мінетін, іскейтін және үйленетін.

Өрқайсына қарасаң, жейтіннің ең жақсысы – бал, ол араның құсығы, ішетіннің ең жақсысы – су, оны жан-жануардың бәрі ішеді, киетіннің ең жақсысы – жібек, ол жібек құртының боғы, ең жақсы иіс – мускус, ол едіктің безінен шығады, мінетіннің ең жақсысы – жылқы, оның үстінен адам өлтіріледі, үйленгендігі ең жоғары ләззат алғандағы жұптасатын орын – зәр шығатын жер. Сондықтан өзінді қор тұтпа» деп.

Адамдығын бұзбай пайда табу мен зияннан қашуды айыру

Ақиқат пен жалғанды, арам мен адалды айырып, құнықпай таза жолмен пайда табу, өзіне келетін зиянды парықтай білу, ұрлық үшін адам бірінші өзінің ары алдында, Алланың алдында, одан заң алдында жауап беретінін сезіну, ақша тапқанның жөні осы екен деп күмәнді қаржы пирамидаларының қармағына түсіп қалу адамның қаржылық, саяси сауаттылығын талап етеді. Кредит беріп жатыр деп, банкілерге тәуелді болу, жалған намысқа тырысып, қарыз алып той жасау, мемлекеттік сатып алудағы жемқорлық, «жердегі мен көктегі Аллаға төн» дейді Құран, ұрладым дегенің Алланыкі, несібенді ал, бірақ артық кетіп басқаны алдадым деу – өзінді алдағанын.

Қалай білімді боламыз?

«Дүние жүзінде 14 млн иудей-жөйт (еврей) бар екен, ал бар мұсылман 1500 млн, немесе 1,5 млрд., яғни жүз есе көп. 14 млн жөйттен 105 жылдың ішінде 180 Нобель сыйлығының иегерлері шыққан екен. 1,5 млрд. мұсылманда бар жоғы ...үшеу. Дүниені билеген жөйт несімен күшті? Білімімен. Саны көп, сапасы жоқ мұсылман несімен нашар? Білімнің жетпеуінен.

Эйнштейн, Фрейдтерді қоя тұрып бүгін киімін киіп, тамағын ішіп жүрген, компьютерімен ойнап, бағдарламаларын қолданып жүрген Ralph Lauren (Polo), Levis Strauss (Levi's Jeans), Howard Schultz (Starbuck's), Sergey Brin (Google), Michael Dell (Dell Computers), Larry Ellison (Oracle), Donna Karan (DKNY), Irv Robbins (Baskins & Robbins)... Киносын көріп жүрген Голливуд ше? Steven Spielberg, Mel Brooks, Oliver Stone, Aaron Spelling (Beverly Hills 90210),

Neil Simon (The Odd Couple), Andrew Vaina (Rambo's 1, 2 және 3), Michael Mann (Starsky және Hutch), Milos Forman (One Flew Over the Cuckoo's Nest), Douglas Fairbanks (The Thief of Baghdad) және Ivan Reitman (Ghostbusters), дүниедегі саясат, финанс жүйесін айқындап отыратын басқа жөйттерді айтпай-ақ қояйық. Жөйттердің баскадан айырмашылығы олар шынайы терең білім иелері екендігі». (Why are Jews so powerful? Saleem, Dr. Farrukh (18 December 2010). "Jews, Muslims & Power". *aishcom*. Retrieved 9 February 2018.)

Дүниежүзілік банктің 2014 жылғы мәліметі бойынша, ғылыми зерттеуге бөлінген қаржының ІЖӨ-дегі үлесі бойынша өлемде Израиль (4,3%) мен Оңтүстік Корея (4,2%) көш бастап тұр. Бұл көрсеткіш Жапонияда 3,5% құраса, Швецияда – 3,3%, Тайваньда – 3%, Германияда – 2,85%, АҚШ-та – 2,5%-ға тең. Қытай да ғылымнан қаражатты аямайды: қытайлықтардың ғылыми зерттеу жұмыстарына жұмсалған қаражаты елдегі ІЖӨ-нің 2,05 пайызын құрайды. Ресейдің көрсеткіші (1,15 %), Белорус (0,67%), Қазақстан – (0,17 %), (2016 жылы – 0,142%), Индонезия (0,08%). Ал ғылым дұрыс дамуы үшін 1,5% кем болмауы керек екен.

Яғни, дамудың жоғары деңгейіне ұмтылған мемлекеттердің барлығы ғылым-білімге мейлінше көбірек қаржы салуға тырысып бағатынын анық көресіз.

«Адамның адамдығы оның ақылымен және білімімен өлшенеді» дейді Абай.

Хакімнің көрсеткен білім алудың алғышарттары: дені сау, ақыл-есі дұрыс адам болу, дұрыс ата-ана, дұрыс ұстаз, дұрыс дос-құрбы, осы үш ортадан қиянатсыз тәрбие көру, есте сақтау мен ойлай білу, ой қорыту қабілетін дамыту.

Ғылым, білім игеру жолы қалай?

Оқу, үйрену, тәжірибе жинау.

Оқу деген не?

Оқудың анықтамасы: *адамның мінез-құлқын өзгертуге әкелетін үдеріс, процесс.* Студент, оқушы ретінде жинақтауға міндетті – біліктілік, шеберлік. Әр адамның қабілет-қарымына, қабылдауына байланысты үйреніп, оқудың да түр-түрі бар. *Жиналған тәжірибе мен алынған ақпарат арқылы адамның мінезі өзгереді.* Ол сондай-ақ нәтиже немесе

көрінетін процесс ретінде қарастырылуы мүмкін. Оқудың ең маңызды аспектісі – өзгеріс. Оқу сонымен қатар, адамның өзінің жеке тәжірибесі арқылы бұрынғы біліммен қазіргі білімді араластырып жаңа бір білімді жасау. Оқуды білімнің еселеніп, көбеюі деп те қарастыруға болады. Оқу – ақпарат жинақтау, «білу». Оқу – кейін қайта шығаруға болатын ақпаратты есте сақтау. Оқу қажет болғанда сақталуы және қолданылуы мүмкін фактілерді, біліктілікті және әдістерді жинақтау болып табылады. Оқу бір заттың бөліктерін бір-біріне және нақты шынайы әлемге байланыстырады. Күнделікті бізге бір жаңа білім үйретіліп, оны игерсек, ол біздің иелігімізге айналады.

Оқыту деген не?

Оқыту – оқуды жеңілдететін үдеріс, әдіс. Оқыту білімді ұсына білу, біліктілігін, шеберлігін көрсете білу. Тиімді оқыта білу студенттердің ескі және жаңа білім арасынан байланыс тауып, соның негізінде оларға жаңа идея шығаруға көмектеседі. Сондықтан білікті мамандар қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады.

Білім беру деген не?

Формальді білім беру үйренушілерге, оқушыларға жүйелі түрде нұсқаулықтар беру процесі. Жалпы білім берудің негізгі мақсаты студенттерге қажетті білімді немесе тиісті дағдыларды беру болып табылады. Білім беру процесінде студенттердің критикалық (сыни) ойлау дағдыларын жетілдіруі және дәлелді шешімдер қабылдау мүмкіндігі күтіледі. Дегенмен, білім беру тек ресми нұсқаушылармен ғана емес, сонымен қатар нақты өмірдегі тәжірибе арқылы үйренген кезде де қамтамасыз етіледі.

Деректер деген не?

Деректер (data) белгілі мақсатқа жинақталған шикізатқа жатады. Деректер талданып өңделмегенше ешқандай мағынасы мен пайдасы жоқ.

Ақпарат деген не?

Деректер өңделіп, талдау жасалғаннан кейін олар ақпаратқа айналады. Мұндай ақпарат деректер жинау мақсатын маңызды және пайдалы етеді. Мысалы, бір үйде

тұратын адамдардың тізімі жасалды, бұл – дерек, оның пайдасы шамалы. Ал енді сол тізімдегілердің туған жылы, айы, білімі, қызметі, отбасының жағдайы анықталса, ол пайдалы ақпаратқа айналады.

Білім деген не?

Біз тәжірибе немесе білім беру жүйесі арқылы білім аламыз. Тәжірибе арқылы адам қол жеткізген фактілер, ақпарат және дағдылар білім деп аталады.

Пара берген оқушы мен пара алған оқытушы – қазақтың жауы. Өздерін алдаушы, елді алдаушы. Олар ертеңгі кісі өлтіретін дәрігерлер, заңсыз жазалайтын сот, пара алатын полиция қызметкері. Пара алу – отанды сату!

Оқу деген диплом алу емес, өзгеру! Білімнің молайып, мінезің өзгеріп, мамандық игеру. Содан кейін барып қана «дүние де өзі, мал да өзі».

Әділетсіз Білім – қулық-сұмдық

Платон «әділеті жоқ болған білім даналық емес, қулық-сұмдық деп аталуы керек» деген екен. Дана адамның ақылы, білімі асып тұрса да мейірімі мен әділеті қатар жүреді. «қу» мен «пысықтың» білімі болса да әділеті жоқ, ақылын өзінің мүдде-пайдасына жұмсайды, шайтан да білімді, бірақ әділеті мен мейірімі жоқ. Сіздің алған біліміңіздің екі таңдауы бар. Сіздің біліміңіз өзіңіздің жеке мүддеңіз бен бас пайдаңыз үшін қолданылуы мүмкін. Бұл – оңай жол. Екінші сіз алған білім өзіңізбен қоса көпшілікке де пайда келтіруге қызмет етсе, қиындау болса да, хакімнің көрсеткен жолы – осы.

Білуші мен білмеуші тең емес

Білімсіз адам, білмегендіктен өзінен кішкене ғана артық білетін адамның ықпалына түседі. Білмейтін адам жұмыстың да ауырын істеп, ойлануға да мұршасы болмайды. Сауатсыз қызметкер қоғам үшін қауіпті, өркес оның жұмыссыз қалу қауіпі бар, сондықтан ол бастығының айтқан заңнан тыс тапсырмасын да орындай береді. Мысалы, біліктілігі төмен сот не полиция қызметкері жұмыссыз қалам деп, адал жұмыс істеуге ел алдында ант берсе де, бастығының тапсырмасымен таза адамды соттап не жазалап жіберуі мүмкін, бұл – қиянат, яғни әділетке қарама-қарсы.

Білімсіз кей жағдайда өділет пен қиянаттың не екенін ажырата алмауы мүмкін. Байқамай істеген қылмысы үшін адамға қатаң жаза қолдану – өділеттің де, білімнің де, мейірімнің де жоқтығы.

Шынайы өнер

Өнердің түрі көп: сурет салу, өн шырқау, өлең жазу, өуен шығару, іс тігу, ағаш ұстасы болу, компьютерге программа жазу, мылтық ата білу, биік үй соғу, зауыт ашып көлік шығару, ел басқару... қолыңда күн көрерлік, мал табарлық шеберлігің, білімің болса ол да – өнер.

Өнер – өзі де байлық, өнерді құренбек – өзі де жақсылық, жарылқаушылық. Бірақ ол өнер әділеттен ажырамасын, шариғатқа сай болсын...

Біздің көпшіліктің құрметтейтіні кім? Шенеуніктер, байлар, эстрада жұлдыздары, артистер, спортшылар, мисс-сұлулар, пиарщиктер, хайперлер... Өнердің ақиқатын анықтайтын хакімнің критерийлері:

• Не түрлі болса да, я дүниеннен, я ақылыңнан, я байлығыңнан өділет, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізу мақсатың болса, ол жол – құдайдың жолы. Ол – шексіз жол, сол шексіз жолға аяғыңды берік бастың, шексіз құдай жолына жақындай түсіп, нағыз ізгі құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар?

«Өнер әділеттен ажырамасын, шариғатқа сай болсын», «сыртқа қасиет бітпейді». Біздің құрметтейтініміз негізінен ақыл-ойымен мойындатқан өнер тұлғалары емес, тәннің қабілетіне байланысты өнер иелері. Яғни адамның «сыртының» өнері. Негізінен спортшылар мен әншілердің, актерлар мен сұлулардың өнері ол тәннің кңштілігі мен дауыстың жақсылығы, тұр тұлғасының әдемілігіне негізделген. Әрине бұл өнер түрлері де дамуы керек. Бірақ қоғамды дамытатын адамның ақылына, ғылым-білімге негізделген «ішкі» өнері. Руханият деп біз адамның ақылынан туған өнерді айтамыз. Кейбір эстрадалық әндердің сөзінде мағына жоқ бола тұра, қайталанбалы ритмге негізделуі, адамның есту арқылы ақылына әсер етіп, тәндік, нәпсілік сезімдерді қоздырады. Ғасырлар бойы дами келе екшелген ұлттық музыка керісінше тәрбие көзі, бірде мұңымен жерге түсіріп, енді бірде рух-тандырады.

Өнер шариғатқа сай болмаса, өділеттен ажыраса, мысалы би, өн өнермен ЛГБТ-ны насихаттап адамзатты аздыруға, әскери өнермен кісі өлтіруге, не жалған өнермен – фонограммамен өн айтып, елді алдап ақша табуға болады. Бұлар өділетке де, шариғатқа да сай емес. Шариғат екі сөзбен айтқанда жақсылыққа шақыр, жамандықтан без дейді. Хакімнің пікірінше, кез келген өнер жақсылыққа бастап, жамандықтан тыйып тұруы керек.

Біз батыстан не үйренеміз?

«Еуропа мәдениетіміз деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ». *Әлихан Бөкейхан*

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,

Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақтаған.

Білген емес иман деген не нәрсе,

“Қары” деген сөзді ғана жаттаған. *Мағжан Жұмабай, «Пайғамбар»*

Біреу ғасыр бұрын «өнер» деген сөздің мағынасы кең еді, кейін тілімізге «мәдениет» сөзі енгенде «мәдениет пен өнер» қатар айтыла келе, бүгін өнерді тек «музыка» деп түсіну қалыптаса бастады. “Жігітке жетпіс өнер де аз” деген мақалға қарасақ, ақылы бар адамға ғана тиесілі, өзіне де, адамзатқа да әр салада пайда келтіретін, руханиятты байытатын адамның іс-қимыл, қарекетімен жасалатын туындыны «өнер» деген. Ал біздің ұлттық төл музыкамызды өзіміз қор қылғанымыз бен дүниежүзінде «классика» деп еуропалық музыка қабылданғандығы болмаса, төл өнеріміз тарихы жағынан да әрі барып, көркемдігі мен алуандылығынан да терезесі тең түр деп ұялмай айта аламыз. Мысал ретінде Еуропада скрипка орта ғасырда крест жорығынан кейін пайда болып, оның атасы арабтың ребабы, қазақтың қобызы екенін айтсақ та жетеді.

Әлихан өнерді мәдениеттен бөлмей айтып отыр. Бұл жерде Әлихан ғалым ретінде «өнер» деп технологияны айтып отыр. Ал технология – оқу-ғылымның туындысы. Бірақ оқу-ғылым жақсы болғанмен одан мінез түзелмейді екендігін айтып отыр алаш арыстаны.

Сонда Еуропаның хайуандығы неде? Бізде бар, оларда жоқ не бар? Табиғатпен біте қайнасқан, тіпті көк шөпті босқа баспаған, қасқыр тұрмақ құмырсқаны босқа өлтірмеген,

үйге кірген жыланға да тиіспей, басына сүт құйып үйден шығарған көшпелі бабаларымыз ақылымен де, күшімен де ғасырлар бойы әлемді мойындатқан, сөйте тұра жесірін жалғызсыратпай, жетімін жарылқаған, жеріне жауды жолатпаған, өділдігі мен мейірімділігі қоса жүрген мінезі – ұлттың негізгі құндылығы бар еді.

Кейінгі ғасырларда, бодандық уақытта, әртүрлі соғыстар мен аштықтарда халықтың жақсы мен жайсаңы күресем, құтқарам деп бірінші қырылды, содан келесі ұрпақ нашарлап, яғни кері селекция жүрді.

Қырылып азайған, тағдыр тепкісінен, жоқшылықтан өткен сол ұрпақ кешегі мінезінен, басты құндылығынан айырылып, басқаның құндылығына қызыға қарай бастап, әрі сол технология тұрмысты жеңілдеткендіктен, ал тұрмыс сананы билегендіктен, олардың технологиясымен қоса хайуандығын да құндылық ретінде қабылдап, өзгеріске ұшырап жатырмыз. Тәрбие кетіп, дәстүрді тастауымыз мұн екен, қызымыз некесіз туып, баласын дәретханаға тастады, ұлымыз қолына мылық алып өзі хайуаннан асып, тірі жануар қалдырмай қыра бастады, гейлер мен лесбияндар шықты. Бауырмалдылық жоғалып, ағайынның араласуы тоқтады, бір-біріне қарайласуды қойды, ажырасу, жүкті әйел баласын алғызып тастау нормаға айналды, толеранттылық деп тоғынарлыққа, жөнсіздікке төзу, адам құқы деп үлкенді, тіпті өке-шешесін сыйлау жайына қалды. Толеранттылықтың деңгейі асқынғаны саясиалықты, ол жайында мынадай қалжың пайда болды: «Толеранттылық ақылдылардың ойлауына тиым салады, өйткені ақылды ойлар ақымақтардың сезімін қорлайды».

Ғылымның мақсаты ақиқат табу

«Ғылымды үйренгенде, ақиқат максатпен білмек үшін үйренбек керек». Отыз екінші қара сөз.

Ғылымды ақиқатына жетпей тұтынба. Мысалы Феншуй, Гороскоп, Нумерология сияқтылардың түбінде ақиқаты жоқ, жорамал мен жалған сенімге негізделген, кей жерде тіпті иманға қайшы келетін тұстары бар, мистикалық жалған ғылымдар.

Мейірімділік деген не?

Мейірімдік таныту белгілі бір фактыдан кейін емес, фактыдан бұрын болуы керек, мысалы жәбір не қиындық көрген біреуге көмектесу ол мейірімділік – мейірімділіктің бір түрі, ал, ешкім жәбір не қиындық көрмейтіндей қоғам жасауға ұмтылу ол одан да үлкен мейірімділік. Мейірімділік деген адамдарға жақсылық әкелемін деген ұмтылыс. Ислам дінін де, Пайғамбарымыз СФС-ы да адамзатқа берілген мейірімділік дейміз. «Кім адамдарға мейірім жасамаса, оған мейірім түспейді» деген хадис бар. Хакімнің «адамзатты сүй» деген сөзінде «адамзатқа мейірімді бол» деген астар жатыр.

Исламдағы мейірімділік екі көріністен тұрады. Ішкі: жылы жүрек, жанашыр рух. Сыртқы: «мүлт кеткенді, қателескенді кешіру, қиыншылыққа тап болғандарға, әлсіздерге көмек көрсету, науқастарды күту, қайғыға батқандарды жұбату, киімсізге киім, ашқа тамақ беру ... т.б.

Елден кету

Жұмыс іздеп, жақсы жағдай іздеп шет елдерге көшкісі келетін жас аз емес. Олардың ондай ұмтылыстарын сөгу де орынсыз көрінеді. Абай хакімге салсақ, Құранда Алланың адамды жаратқандағы мақсаты «құлшылық қылу үшін» болса, құлшылықтың негізі жалпыға жақсылық істе, хас ізгі, салиқалы амалдар жаса, «қазаққа күзетші бол» дейді, яғни ол жақсылықты бірінші өз жұртына жаса, асып бара жатсаң басқаға жаса, шет елге бар, бірақ оқуға, үйренуге бар, осы топырақта туған соң біздің бұл жерге қарызымыз бар.

Оны хакім «Масғұт» поэмасында кейіпкер аузымен былай өрнектейді:

*Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді.
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда.*

«Өлген мола» – осы жерде туып өскен-өткен, қорғаған, қан төккен бабалардың аманаты, өткенге қарыздарлық. «туған жер» – бүгінің мен ертеңің, замандас пен келер ұрпақ алдындағы қарыздарлық болса керек.

Шет елге барсаң қарның тояр, киімің бүтінделер, бірақ туған топырағымызда сол шет елдердегідей жағдайды жа-

сауға ұмтылуға неге талпынып көрмеске? Қиналған жұртыңа махаббатыңмен, сөзіңмен, ісіңмен пайда келтірсең, дамуына өсер етсең оның төлеуі де өзіңе деген махаббат болмай ма, көпке жасаған жақсылық өзіңе жасаған жақсылықтан гөрі ар алдында да, Жаратқанның алдында да әлдеқайда сауапты іс емес пе?

Әділет

Әділдіктің жалпы принципі адамдарға тең және адал қарым-қатынас жасау жолдарымен өрекет етуді талап етеді. Жеке адамға немесе адамдар тобына еркін немесе негізсіз кемсіту жасайтын өрекеттер осы негізгі принципті бұзады. Қазақ тілінде адал деген сөз әділ деген сөзден туындайтыны анық.

«Елдің елдігін ар сақтайды, мал сақтамайды». Абайдың ұрығы айтқаны.

Адал адамды қылмыскер қылып, қылмыскерді адал жасайтын парақорлық – қиянаттың ең үлкені, әділеттің жауы, адамгершілікке де, құдайшылыққа да сыймайды.

«Расында елшілерімізді ашық мұғжизаларымызбен жібердік. Және елшілермен бірге адам баласының әділ тұруы үшін Кітапты, мизанды (әр нәрсенің өлшеуін) жібердік...» (Құран 57:25)

«...Ал егер араларына үкім берсең, әділ үкім бер...» (Құран 5:42)

«Әй мүміндер! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әке шешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Алла үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да...» (Құран 4:135)

Өзгеру

Жәлеледдин Румидің «кеше ақылды болып, басқа жұртты түзетпек едім, бүгін данышпан болып, өзімді түзетіп жатырмын» деген сөзі Абайдың мына өлеңімен астасып жатыр:

*Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.
Таппадым көмек өзіме,
Көп қаданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.*

Мұса Ғ.С. өз жұртын Мысырдан перғауынның деспоттық шенгеліндегі құлдықтан алып шығып, қырық жыл уәде етілген жерге бармай көшіп жүргені тарихта мәлім. Ондағы хикмет – халқының санасын перғауынға деген құлдықтан тазарту болатын. Қоғамда саяси өзгеріс болғанмен сана өзгерісі инерциялы болады, баяу өзгереді, ол Құранда Рағид сүресінің 11 – аятында да айтылған: «Расында бір қауым, өзін өзгертпейінше Алла, оны (ол қауымның жағдайын) өзгертпейді». Хакімнің «Масғұт» поэмасына көз жүгірсек, жаңбыр жауып соларқылы жалпы жұртқа кесепат келеді. Сол судан ішкен жыңды болып, ақылдары ауады. Суды ішпеген хан мен уәзірге қарсы шығады. Амалсыз хан мен уәзір жыңды суды ісуге мәжбүр болады. Әрине, көп қорқытады, терең батырады, дегенмен бұл поэмадағы хикмет мынаны меңзесе керек: әрбір адам, көпшілік өзін, ішкі дүниесін өзгертсе, олардың сыртқы жағдайы да өзгерді, билігі де, экономикасы да. «Ешқашан өлмейтіндей, дүниеде мәңгі болатындай адал еңбек ет, ертең өлетіндей ғибадат – құлшылық жаса» деген екен Пайғамбарымыз СҒС хадисінде.

Утилитаристік білім

Қоғамға тек қана білім-ғылым өзгеріс әкелмейтіні белгілі, оған қоса дұрыс философия мен дұрыс ниет керек. Абай оқу, білімді ұрпаққа қиянатсыз, күштемей беруді басып айтады, қазақ медреселеріндегі қадым-ескі бағыттағы білім беру әдістерін, пайдасыздығын сынайды. Бір қызығы, бүгінгі ХХІ ғасырда утилитаризмнің – білім беру стратегиясы ретінде қоғамдық және жеке адамның өл-ауқатқа жету құралы түрінде қарастырылуы, хакім идеясымен астасып жатыр. Білім – «қызмет қылсын, шен алсын» деген ой емес, білім алушыға да, қоғамға да пайдалы болу керек.

Мұндай пайдаға негізделген білім беру жүйесінің басты шешімі позитивтік білім беру, адам сапасын өзгертетін пайдалы білім – шеберлік (профессионализм) пен дағды арқылы адамдардың, қоғамның сұранысын қанағаттандыру, нәтижесінде «неғұрлым көп адам ең мол бақытқа жетеді». Бұл – утилитаристік философияның идеясы. Оқушы, студент – клиент, оқытушылар – қызмет беруші, оқыту – нарық. Жәдидтік білім беру жүйесі хакімнің сөзімен айтсақ адамға «иман-иғдиқаты» – сенім жүйесі мен дүниелік білімді қатар үйретті, оқушыны екі дүниені тең ұстайтын

қылып тәрбиеледі. XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының барлығы дерлік жөдиттік үлгідегі медреселерден бастап, Ресейдің алдыңғы қатарлы университеттерінде оқыды және бірнеше мамандықты қатар игеруге тырысты. Әрине орыс өкіметі оларды өздеріне мейлінше лоялды қылуға тырысып бақты, бірақ отбасылық, медреселік тәрбие оларды ділі мен дініне берік, ұлтына адал болуына кепіл болды.

Хақимнен тайм менеджмент

*«Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмиша өмір өтпек — ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.
Сағаттың өзі — ұры шықылдаған».*

•Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» (Он бесінші қара сөз).

Иманға қарсы келу, өзіңді алдау

•Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде Құдай Тағала кеңшілігімен кешеді дағы демесін, оның үшін Құдай Тағаланың ғафуына яки Пайғамбарымыздың шафағатына да сыймайды, мүмкін де емес. «Қылыш үстінде серт жоқ» деген. «Құдай Тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын». (Он үшінші қара сөз).

Иманға қарсы келу деген не? Иман келтіргенде Алланың Бір-Жалғыз екеніне, бар екеніне сеніп, Құран оның сөзі екеніне шын сендім десеңіз, ондағы айтылған тыйымдардан аулақ болу керек. Құдай бәрін кешіре береді деу өзін-өзі алдағанмен бірдей. Мысалы, той-жиында арақ ішіп отырып, ауыз айтуға ұялар нәрселерді сөз ғып, артынан қол жайып, бата жасап Алладан тілеу тілегенде, «Хақиқат пен растық — қиянаттың дұшпаны, дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда

хақтықты таппайды», яғни өзің Күдайдың «арақ ішпе» деген тыйымына қарсы келіп отырып, көңілінде араққа деген махаббат тұрғанда, Аллаға дұшпандық қылып отырып, «менің сұрағанымды бере қал» деп бата-тілек қылып «достыққа шақыру» деген Алланың рақымы мен Пайғамбар СҒС шапағатына сыймайды екен. Сонымен бірге «сауабын алып жатырмын» деп зинакорлыққа бару да соның қатарында.

Тәң саулық, тәң — жанның қонақ үйі

Абай спортпен айналыспады десеңіз, ол заманның көлігі жылқы болатын, адамдар жаяу көп жүретін. Жылқы мінген адамның денсаулығы жақсы болатыны белгілі. Атқа міну өзі спорт екені рас. Тәң жанның қонақ үйі дейді Абай, яғни тәң Алланың бұл дүниеде берген аманаты, жанның уақытша Алла берген «киімі» оны бүлдірмей, дұрыс қалыпта ұстау керек. Біреуден тойға киюге киім сұрап алсаңыз да, «аманат, солай таза қалпында қайтарам» деп аласыз. Спорт, жүру, жүгіру қалыпты норма болса керек. Тәңге суреттер салып шимайлау, өзгерту, мешкейлікке салынып, талғамсыз көп тамақ ішу немесе вегетариандық жолға түсіп, ағзаға керекті коректердің жетпей қалуы, талғамсыздықтан шығатын шектен тыс жағылған опа-далап, жұлып-сүрмелген қас, тоты құс түсті боялған, кесілген шаш, үрілген жансыз ерін, қанаты тесілген мұрын, жабыстырған протез кірпік, салынбалы сояу тырнақ... «Сыртқа қасиет бітпейді» дейді хакім, ішкі дүниесіне көңіл бөлген адам тәң саулығына да көңіл бөлері сөзсіз. Адам жүзінің нұрлануы оның ішкі жан дүниесінің айнасы екендігінде жатса керек.

Қазақ — ет жеген халық, ХХ ғасырдың басында неміс дәрігері өрі антропологы Рихард Карутц адайлардың арасында болып, олардың етті көп жейтініне таң қала отырып, араларында семіз адамдардың аз, денсаулықтарының мықты екенін айтады, еуропалықтардың еттің зияндылығы жайындағы ойын терістейді. Сонымен қатар, адайлардың нанды аз жейтіндігін, ішкі өңірлерде оны тіпті көрмейтінін айта отырып, еуропалықтардың аурушаңдығы мен семіздігі нанда жатуы мүмкін деген пайым жасайды. (*«Какими ушибел казахов 100 с лишним лет назад немецкий врач и антрополог Рихард Карутц»*, З. Наурызбаева, «Экспресс К» газеті, 10.07.2019).

Ал Семей өңірінде XIX ғасырдың аяғында шоқындыру жұмыстарын жүргізген миссионерлердің жазбаларында жаңа шоқынған, орыс-казактардың арасына келіп тұрақтаған казактардың нанды көп жегеннен ауыратындығы айтылған. Әрине көшіп жүрген ел нанды аз тұтынған, бүгін отырықшыға айналған қазақ халқының негізгі тағамы – ван. Көкөніс, жеміс тұтыну негізінен жаз, күз кезінде ғана, ет те көпшіліктің қол жетер тағамы емес. Және бұрынғы көшпелі өмір салты жоқ болғандықтан қозғалыс аз, ет жеуді де азайтып, бірақ шама келсе талғап, тандап жеуге тырысқан жөн.

Ғалымдар семіздік пен жалпы аурушандық қозғалыстың аздығы мен шекер-қантты, ұн қосылған тағамдарды көп тұтыну деген қорытындыға келген.

Шыңғысхан жайында хакімнен дерек

«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген еңбегінде хакім:

...«Соның бірі, яғни сол маңғұлдан шыққан халықтың бірі – біздің қазақ»...

...«Қашан маңғұлдан Шыңғыс қан шыққанда, қазақтар «құтты болсынға» барыпты. Бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес, сүйтсе де осы Шыңғыс тауында, әскер Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі маңғұлдың өз заңы бойынша «Қан» деген үлкен биіктің басында, ақ киізге Шыңғысты отырғызып қан көтерген дейді. Тауының Шыңғыс аталып, биігі Қан аталмақ себебі де сол болса керек»...

Шыңғыс қаған көшпелі шапыраған ұлттардың басын қосып, ұлыс-империя құрғаны – тарихи факт. Ол ұлысқа қазіргі қазақтың құрамына енген рулардың біразы енгені де шындық. Бүкіл хандарымыз Шыңғыстан тарағаны да атірік емес.

Ең бастысы хакім: «Біздің қазақты маңғұлдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят» дегені біздің, бүгінгі ұрпақтың басты ұстанымымыз болса керек-ті. Яғни, атаңның мықты болғаны жақсы, бірақ «ұрпағы соған сай ма?» – деген сұрақ бірінші қойылса керек.

Басқамен өзінді салыстыру, жақсы орта

Өзіңнің кім екеніңді өз ортаңдағы басқалармен салыстыра отырып білесің. Осы салыстыру қаншалықты дұрыс? Хакім жиырма үшінші қара сөзде: «Айтады: Құдай пәленшеден сактасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп. Оған Құдай Тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен наданшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? *Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болады дағы.*». Жақсы ортада болсаңыз жақсы болып шығуыңыздың ықтималдылығы жоғарылайды.

Жоғары мәдениет пен танымал (поп) мәдениет арасындағы айырмашылық

Әрбір қоғамда адамның құндылықтарынан, көзқарастарынан, нанымдарынан, нормаларынан, әдет-ғұрыптарынан, тарихынан, әлеуметтік тиымдарынан т.б. тұратын нақты мәдениет бар. Бұл мәдениет жоғары және танымал (поп) мәдениет санатына жатқызылуы мүмкін.

Жоғары мәдениет дегеніміз не?

Жоғары мәдениет – қоғамның жоғарғы класы (ақсүйектері) бөлісетін ортақ субмәдениет ретінде анықтауға болады. Басқаша айтқанда, бұл қоғамның элитасын қамтиды. Жоғары мәдениет нақты тұтыну үлгілері, өмір салты, әдебиет, наным-сенімдер мен көзқарастардан тұрып, элитаны жаппай қоғамнан, бұқарадан бөліп тұрады.

Танымал (поп) мәдениет дегеніміз не?

Әрбір адамның немесе қоғамдағы бұқараның бөлісетін ортақ субмәдениеті ретінде анықталуы мүмкін.

Жоғары мәдениет танымал (поп) мәдениетке қарағанда күрделі келеді.

Фаст-фуд пен эстрадалық поп музыка – танымал поп мәдениеттің кейбір мысалдары.

Батыстың түсінігінде Жоғары мәдениеттің мысалы:

Опера мен балет, қымбат ресторандар, классикалық музыка, ренессанстық көркемсурет үлгілері т.б.

Сарапшылар поп мәдениеттің таралуы негізінен интернет, әлеуметтік желілер, бұқаралық ақпарат құралдарының

арқасында екенін атап көрсетеді. Бұл әсіресе шындық (реалити) шоулары, музыканың жаңа жанрлары, фильмдер, тіпті телесериалдар секілді түрлі теледидар бағдарламалары арқылы байқалады. Дегенмен, поп мәдениетінің адамдардың өміріне әсері бұқаралық ақпарат құралдарымен ғана шектелмейді. Ол тіпті әлеуметтік саясатты, идеологияны, сән мен технологияларды қамтиды. Сондықтан поп мәдениет жоғарғы мәдениетке қарағанда тез тарайды.

Қазақтың түсінігіндегі жоғарғы мәдениет: тілі мен әдебиеті, өнері, өмір салты, классикалық төл музыкасы, наным-сенімі, тіпті ішкен қымызы мен жеген қазы-қартасы.

Бүгінгі қазақ ақсүйегімін (жоғарғы класы, элита) деуші еуропалық жоғарғы мәдениет үлгісін қабылдаған.

Бүгін қазақтың жоғарғы мәдениеті бар болса да, жоққа тән.

Қазақтың орта арифметикалық жасы 25-30 жас. Қазақша оқыған жастар батыстың жоғарғы мәдениетін күп көрмейді. Ұлтымыздың 23 пайызының жасы 9-ға жетпеген.

Жастарға поп мәдениеттің соңында кеттің деп ренжуге болмайды, өйткені одан басқа олардың таңдауы жоқ.

Қарттар мен жастардың арасындағы түсінбеушілік

Сократ заманында да жас пен кәрі, әке мен бала, ана мен қыз бір-бірін түсіне бермеген. Хакімде де бар, «Шошым кейінгі жас балалардан» деген. АҚШ жазушысы Марк Твен айтыпты-мыс: «Мен 14 жасқа толғанда, әкемнің на-дан болғаны сонша, оның қасында тұрғым келмейтін, 21-ге келгенде 7 жылда кәрі адамның қалай көп оқығанына таң қалдым» депті. Әрине, мұнда жеті жылда әкесі көп оқыған жоқ, бірақ баланың санасы жетіліп, ақылы толысқан соң әкесін түсіне бастағанын көруге болады.

«Адамдарды классификациялау негізі» адамның өмірін шартты түрде төртке бөледі, бұл бөлу адамның жас шамасына қарап, содан кейін материалдық тәуелсіздігі мен шешім қабылдауындағы тәуелсіздігіне, күнделікті өмірдегі «қозғаушы күші», уақыт жоспарлауына қатысты айтылады.

Бірінші. «Балалық шақ» 12 жасқа дейін.

Шешім қабылдаушы: ата-анасы,

Материалдық тәуелділігі: толық ата-анасына тәуелді.

Қозғаушы күші: «қажеттілік» тамақ, киім, ақпарат, ойын, әлеуметтік рөлін анықтайтын ойыншықтар, қыздарға қуыршақ, ұл балаға техника деген сияқты.

Уақыт жоспарлауы: күніне бірнеше рет тамақ ішу, ойнау.
Екінші, «Жастық шақ» 13-тен 24 жасқа дейін – ағзаның, физиологияның өзгеруі, гормондардың әсері, ақылдың толысуы.

Шешім қабылдаушы: негізінен өзі.

Материалдық тәуелділігі: негізінен ата-анасына тәуелді.

Қозғаушы күші: «ерік-тілек», жігіт-қыз болу, ортадан бөліну», өлеуметтік мәртебе іздеу.

Уақыт жоспарлауы: бір күндік.

Үшінші, 24-тен 50 жасқа дейін «Жоспарлаушы жас», жауапкершілік алу, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу, қаржы табу, ресурстары болу, басқа адамның материалдық қолдауынан өзін-өзі қолдауға көшу – «Гамлет нүктесі», «to be or not to be», «боламын ба, бордай тозамын ба» дейтін уақыт.

Шешім қабылдаушы: өзі.

Материалдық тәуелділігі: тәуелсіз.

Қозғаушы күші: «Мүдде».

Уақыт жоспарлауы: айлар, жылдар.

Төртінші, «Пенсионерлер» – «50+» жас, материалдық байлықтан гөрі, рухани байлықтың маңызы жоғары деп түсінушілер.

Шешім қабылдаушы: негізінен өзі емес.

Материалдық тәуелділігі: тәуелсіз.

Қозғаушы күші: «Құндылықтар».

Уақыт жоспарлауы: мәңгілік.

Шартты болса да осы классификациядан адамиң өмірдегі негізгі талабына байланысты ұрпақтардың өзара түсінбей жататындығын шамалауға болады. Ата мен әже тәрбиелеген бала неге жақсы болып шығатыны да осыдан көрінетіндей.

Өкінішке қарай, негізінен совет үкіметінің тәрбиесінде өскен кейінгі ақсақалдардың құндылығы, «кім арақ ішпесе, сол ертең отанын сатады», «қымызды кім ішпейді...» дегенге келіп саяды, оған тәуелсіздік кезіндегі «не болса да бәрін сатып аламыз, бәрі ұрлайды, бәрі ұрласа ұят емес» деген көзқарас қосылған.

Өлмек үшін туғансың, ойлан, шырақ!

Тірі адамның өлетіні белгілі, ол ақиқат, одан қаша алмайсың. Бү дүние – о дүниенің егіндігі, мұнда не ексең басқа дүниедегі жинайтының сол болмақ. Сондықтан адам өткінші дүниеде мәңгі дүниеге өтуге дайындалуы ке-

рек. Толық адамның қасиеттерін бойына жиған адамның о дүниеге дайындығы жеңіл болады, өйткені хакім айтқандай «Бұл айтылған үш қасиеттің иесі болғандардың алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, одан кейін – хакімдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар». *Бұл пайғамбарлардың, әулиелердің, хакімдер мен кәміл мұсылманның жолы болғандықтан, бұл қасиеттерді иелену сүннет деп қабылдауға негіз бар.*

Пассионарлық теория және «Толық адам»

Л. Гумилевтің «пассионарлық теориясы» белгілі бір ұлттың, ұлыстың белгілі бір тарихи кезеңдегі белсенділігінің артатынын, сол себептен тарих саханасына шығатынын тілге тиек етеді. Яғни, өз «кезегі келгенше» тағдырдың жазуы деп күтіп жүруі керек. Ал хакімнің «толық адам идеясы», адамзат өзін «түзетсін, өзгерсін» сонда ештеңені күтпей-ақ жетістікке жететінін айтады. «Пассионарлық теорияға» ғалымдар бұрын да күмәнмен қараған. Ал хакімнің «толық адамында» ғылыми негіз бар, кез келген уақытта қолданып, іске асыруға болатын идея.

Сөз соңы

Әділет пен мейірім адамның мінезін айқындайды, ал ғылым-білім жақсыда да, жаманда да бар. «Елге қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген Әлиханның сөзіне қарасақ, ғылым-білім жақсылыққа да жамандыққа да қызмет ете береді. Әділеті мен мейімі бар адам залымдыққа бара алмайды, ғамал үс салих залымдықтың қарама-қарсысы. Ол адам қоғамға қиындық туғызбайды, оның жинаған білімі де пайдалы болады.

Адамда бір «тән», екі «мен» бар. «Меннің» біріншісі – Алланың тарапынан келген таза рух – «мен», ол рух әлемінен келгендіктен періштелік сипаты бар. Екіншісі адамның көру мүшесі – көз, есту мүшесі – құлақ, дәм сезу мүшесі – тіл, иіс сезу мүшесі – мұрын, сипап сезу мүшесі – тері сияқты сезім мүшелері арқылы ақылына әсер ететін бұл дүниелік, жануарлық сипаты бар нәпсі-эгосы – «мен». Осы адамның «екі мені» әрқашан бір-бірімен күресте болады. Оны хакім махаббат пен гадауат майданы дейді. Кім рухына нәпсісін жеңгізсе сол «жақсы адам», сол «толық адам», керісінше нәпсі рухтан басым түрсе ол «нашар адам», ол «жарым адам».

Шайтанның ғылымы мол, қызықтыра алады, адамның алданыатыны сондықтан, бірақ шайтанда әділет пен мейірім жоқ, сол мінезінің төккаппарлығы үшін Жұмактан қуылған. Әділеті мен мейірімі бар адамның бұларға қоса білімі болса ол толық адам. Әділет пен мейірім иманнан, жүректен туындайды. Жүрек – кеудедегі ет жүрек емес, адамның ішкі дүниесі.

Хакім адамның қалыптасуы, тәрбиеленуі ата-анасына, құрбысына, ұстазына байланысты дегенде адамның өскен ортасының әсерін айтып отыр. Адамның өскен ортасының жақсы болуы өте маңызды. Ата-ананды таңдай алмасаң да ұстаз бен дос-құрбыны таңдау адамның өз қолында. «Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүймектікпен өсер». Ғ.Т.

Хакім қырық бесінші қара сөзде әділет пен махаббатты айтады, ғылым мен мейірімді алып тастап махаббатқа көңіл бөледі, яғни махаббаты бар адам мейірімді де бола алады, ғылымды да игере алады.

Толық адамның толық идеясы әділет пен махаббатта жатыр. Адам бір іс-амал жасайтын кезде өз ойын нәпсісіне жеңдіріп тұр ма, әлде рухына жеңдіріп тұр ма соны байқауы керек. Ал оны байқаудың жолы осы бітірейін деп тұрған ісін жасау барысында, нәтижесінде әділет бар ма, мейірім бар соны қараса керек.

Сөз соңында Абайдың философиясын бір сөйлемге сыйғызып көруге тырыссақ: «Әділетті әрі мейірімді болсаң, терең білім алсаң, екі дүниеде өзіңе де, қоғамға да пайдалысың».

«ҒАҚЛИЯТ ТАСДИҚАТ» МӘТІНІ

Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім!¹ Сіздерге адам ұлының мінездері туралы бір сөз жазып жөдігер² қалдырайын.	Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам баласының мінездері туралы бір сөз жазып ескерткіш қалдырайын.
Ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың төлеуі махаббат.	Ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар, өйткені білуге ұмтылу ол да махаббаттан шығады, ынтамен, сүйсініп оқысаңыз, ойда жақсы қалады.
Әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым⁴ деген нәрселермен. Мұның табылмақтығына себептер әуелі науас⁵ салим⁶ нем төң саулық,	Әуелі адамның адамдығы оның ақылымен және білімімен өлшенеді. Бұл ақыл мен білімге жету үшін бірінші адамның төң саулығы мен психологиялық саулығы, ақыл-есінің дұрыстығы болуы керек.
Қалмыс⁷ өзгелерінің бәрі жақсы ата-ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ өлгі айтылған үшеуінен болады. Білім-ғылымды бала өзі әуелі бастан ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала білім ғылымды махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.	Бұдан басқа білім алуы, ер жетуі, тәрбиесі жақсы ата-ана, жақсы орта, жақсы ұстаздан болады. Талаптану, білуге ұмтылу білімге деген сүйіспеншіліктен шығады. Ғылым-білімге ұмтылдыру өлгі айтылған үшеуінен (ата-ана, құрбы, ұстаз) болады. Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында бала өзі үйрене келе ізденіп, қызығушылық танытқанша, зорлықпенен не алдауменен үйрету керек. Қашан бала ғылым, білімге ұмтылып, оқып-үйренуді жақсы көрсе, сонда ғана оның аты адам болады.
Сонан соң ғана Алла Тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жөлбу⁸ менфағат⁹, доғру¹⁰ муззарратарды¹¹ айырмақтық секілді білім-ғылымды үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала.	Сонан соң ғана Алла Тағаланы тану, өзін тану, дүниені тану, өзінің адамгершілігін бұзбай пайда табу мен зияннан қашуды айыру секілді ғылым-білімді үйренсе, бала білетін болды деп үміт артуға болады. Үйрене алмаса үміт арту қиын не үмітіңіз жартылай ғана ақталуы мүмкін.
Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа¹⁸ салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері берген болады – ешбір бәһра¹² болмайды. Ол қиянатшыл	Балаларды жасында үйретеміз деп ата-аналары көбінесе оларды күштеп, қиянат жасайды, соңынан моллаға оқытуға берген сияқты болады, не ол балалары өздері моллаға берген болады – одан ешқандай пайда жоқ. Ол қиянатшыл ата-

балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хатта¹³ иман¹⁴ игтиқадқа¹⁵ да қиянатпен болады. Бұл қиянатшылар жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман.	ананың балалары талаптануға да, білім алуға да, ұстазға да, сенімге (игтиқад-ақида) да күштеп, қорқыту арқылы, қиянатпен болады. Бұл қиянатшылар – жартылай адам, жартылай молла, жартылай мұсылман.
Олардың адамшылығының көмелөт таппағы – қиынның қиыны. Себебі, Алла Тағала өзі – хақиқат¹⁷ жолы. Хақиқат пен растық – қиянаттың дұшпаны, дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда хақтықты таппайды. Адамның білімі ғылымы, хақиқатқа, растыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, хикметін¹⁹ білмекке ынтықтықпен болады.	Олардың адамдығының кемелденуі – қиынның қиыны. Себебі Алла Тағала өзі – ақиқат, шындықтың жолы. Ақиқат пен шындық – қиянаттың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілінде басқа нәрсеге қызығушылық тұрғанда, ақиқатты таппайды. Адамның ғылымы, білімі ақиқатқа, шындыққа құмар болып, әр нәрсенің түбін, мән-мағынасын білуге ынтығумен табылады.
Ол – Алланың ғылымы емес, һамманы²⁰ білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол Алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақтық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат²¹ құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен білім-ғылымның хақиқаты табылмайды.	Адамның ғылымы – бар нәрсені білетін Алланың ғылымы емес, білімге ынтығу, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Өзіндік ғылым – ол Алланы сүю. Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – Ақиқат. Ғылымды сүюдің өзі де ақиқат пен адамдық. Өйтпесе, байлық іздеу, мақтан іздеу, ізет-құрмет табу секілді нәрселерді сүйсеңіз, шынайы ғылым-білім таби алмайсыз.
Мал, мақтан ғиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егер де адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады. Енді хақиқат сүйіп, шынды білмек құмарың бар болса, адамдыққа лайықты ықыласы құлағыңды қой. Әуелі дін исламның жолындағы пәнделер, иманның хақиқатын білсін.	Байлық, мақтан, сый-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды, өрі оған көрік беріп тұрады. Егер де адам өзі оларға (байлық, мақтан, сый-құрмет) табынып, соңына түсіп іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады. Енді ақиқатты сүйіп, шынды білуге құмар болсаң, адамдыққа лайықты ықыласпен тыңда. Әуелі дін исламның жолындағы адамдар иманның ақиқаты – шынайы иман деген не, соны білуі керек.

Иман дегеніміз бір ғана инанмақ²² емес, сен Алла Тағаланың бірлігіне, уа Құранның оның сөзі екендігіне, уа пайғамбарымыз Мұхаммет Мұстафа саллаллаһу ғалайһи уәсәлләм²³ оның тарапынан елші екендігіне инандық. Жә, не бітті? Сен Алла Тағалаға Алла Тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің?	Иман дегеніміз бір ғана сену емес, сен Алла Тағаланың бірлігіне және Құранның оның сөзі екендігіне, пайғамбарымыз Мұхаммет Мұстафа Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын, оның тарапынан елші екендігіне сендің. Жарайды, не бітті? Сен Алла Тағалаға Алла Тағала үшін иман келтіресің бе, не өзің үшін иман келтіресің бе?
Сен иман келтірмесең де Алла Тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Я өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығыңа құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңдан пайда аламын десек, пайда береді, кеміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек.	Сен иман келтірмесең де, Алла Тағалаға келер ешбір кемшілік, зиян жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жарайды сендік. Ол сенімің құр ғана сеніммен қалса, саған пайда бермейді. Сен өзің сеніміңнен шын пайда ала аламын десек, пайда береді, кеміл иман болады. Пайданы қалай алуды білу керек.
Сіз Әмәнту биллаһи қама һуә би биәсмәһи уа сифәтиһи дедіңіз. Ол есім аллалар һәмма ол Алла Тағаланың фиғыл²⁴ ғазимлорінің²⁵ аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз, кеміл үйрен. Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе мүсәлім²⁶ ат қойып, тәслим²⁷ болғаныңа растық боласын да. Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла Тағалаға ұқсай алам ба деп, нағандықпен²⁸ ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасымен²⁹ емес, соның соңында болмақ.	Сіз «Әмәнту биллаһи қама һуә би әсмайһи уа сифәтиһи» дедіңіз. Ол Алланың есімдері, ол Алла Тағаланың Ұлы (әрекеттік) аттары, олардың мағынасын біл және сегіз заттық сипаты не деген сөз, соны толық үйрен. Өзіңді Оның құлы деп есептеп, өзіңе мүсәлім деп ат қойып, мойынсұнғаныңды растайсың. Өз істеріңді өзіңнің шамаң келгенше Аллаға ұқсатуды өзіңе қатаң талап қылып қой. Алла Тағалаға ұқсай алам ба деп, нағандықпен ол сөзден қорықпа, ұқсау деген – дәл бірдей бол деген емес. Оның ісінің соңында болу қана.
Аның үшін Аалла Тағаланың сипаттары: Хайат³⁰, Филм³¹, Құдрат³², Басар³³, Сәміғ³⁴, Ирадә³⁵, Қадам³⁶, Тәкуин³⁷. Бұл сегізінен Алла Тағаладағыдай көмелат-ғазамәтпен болмаса да, пендесінде де әр бірінен өз халімен бар қылып жаратыпты. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зорра³⁸ аттас сипатымызды ол Алла Тағаланың сегіз Ұлы сипатынан бас бұрғызып, өзге	Ұқсап, соңында болатын Алла Тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәміғ, Ирада, Қадам, Токуин. Бұл сегіз сипатты Алла Тағала Өзінің сипаттарындай әрі кемел, әрі Өзіне лайықты болмаса да, адам баласының бойына да шамалап жаратыпты. Жарайды, біз өзіміздің бойымыздағы осы болар-болмас сегіз сипатты Алла Тағаланың сегіз ұлы сипатына бағындырып, бағыттап, басқа

жолға салмақпен біздің атымыз мүслим бола ала ма? Болмаса керек.	жолға салғакмен біздің атымыз мүслим бола ала ма? Болуы екіталай.
Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм ол аттармен ағламдантан³⁹ фиғыл құдаға⁴⁰ фиғлымызды ертпек немен табылады, қалайша табылады, оны білмек керек. Ол – Алла Тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғыда жазылған сипаттармен тағрифтал⁴¹ танымаққа керек. Егер де ол сипаттармен тағрифтамасақ бізге мағрифатулла⁴² қиын болады.	Сонымен, Алланың сегіз сипатына біз өзіміздің сипатымызды және сол аттармен білінген Құдай ісіне ісімізді бағыттау неменен табылады, қалайша табылады, соны білу керек. Ол – Алла Тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, ол сипаттар бізге ақылымызбен шамамыз келгенше Алланы білу үшін қажет, сондықтан Жаратушыны жоғарғыда жазылған сипаттармен анықтап тану керек. Егер де ол сипаттармен анықтамасақ, бізге Алланы тану қиын болады.
Біз Алла Тағаланы өзінің білінгені кұр ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгілі, хикметіне ешбір хакім⁴³ ақыл ерістіре алмады. Алла Тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге мүмкін болмайды. Біз Алла Тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демектік те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демектік те Алла Тағалаға лайықты келмейді.	Біз Алла Тағаланы өзінің білінгені шамасында ғана білеміз, болмаса түгел білу мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне, даналығына ешбір хакім, кеменгер ақыл ілестіре алмады. Алла Тағала – өлшеусіз, шексіз біздің ақылымыз – өлшеулі, шектеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Біз Алла Тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» деп айтуымыз да – ақылымызға, ұғуымызға ыңғайлы болу үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» деп айту да Алла Тағалаға лайықты емес.
Оның үшін мүмкинаттың⁴⁵ ішінде не нәрсеңіз ужуді⁴⁴ бар болса, ол бірліктен кұтылмайды. Өрбір хадиске⁴⁶ айтылатұғын бір қадимге⁴⁷ тағриф болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла Тағаланың ішінде, Құдай Табаракә уә Тағала кітаптарда сегіз субутия⁴⁸ сипаттармен, уә тоқсан тоғыз Әсма-и хусналармен⁴⁹ білдірген. Бұлардың бәрі Алла Тағаланың затия, субутия уә фиғлия сипаттары дүр.	Бір бар болуы мүмкін кеңістіктің (Мумкинат – мүсылман теологтары қолданған табиғатта көрінетін күші мен сипаттары арқылы Құдайдың бар екендігін дәлелдеу үшін қолданатын термин) ішінде бір нәрсеңіз болмысы бар болса, ол «бір» деген алшемнен кұтылмайды. Өрбір жаңаға (затқа, жаратылысқа) айтылатын ұғым бір Қадимге (Жаратушыға) анықтама болмайды. Ол «бір» деген сөз (идея) ғаламның ішінде, ғалам Алла Тағаланың ішінде, Жаратушы кітаптарда сегіз тұрақты, позитивті сипаттары мен бірге тоқсан тоғыз көркем есімдерін білдірген. Бұлардың барлығы Алла Тағаланың заттық, тұрақты және фиғлия (арекеттік) сипаттары.

Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – Ғылым, Күдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы бұларға шарх⁶⁰. Ол алтауының бірі – Хайат, яғни тірлік.	Мен мұнда сіздерге сипаттардың төртеуін айтамын. Оның екеуі – Ғылым, Күдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы – бұларға түсінік. Ол алтауының бірі – Хаят, яғни Тірлік (өмір).
Алланы бар дедік, бір дедік, Ғылым Күдірет сипатымен сипаттадық. Жә, бұл бірлік, барлық Ғылым, Күдірет олуда⁵¹ боларлық нәрселер ме? Әлбетте, Ғылыми күдіреті бар болады: Хайаты – мағлұм, бірі – Ирада, яғни қаламақ. Ғылым бар болса, қаламақ та бар.	Алланы бар дедік, бір дедік, Ғылым, Күдірет сипатымен сипаттадық. Бұл «бір» дегеніміз, барлық осы ғылым, күдірет бола алатындай нәрселер ме? Әлбетте, ғылыми Күдіреті бар болады: Хаяты – белгілі, бірі – Ирада, яғни қалау (ерік, ықылас, тілек). Ғылым бар болса, қаламақ та бар.
Ол еш бір нәрсеге қаракет⁵² бермейді. Нәмаға қаракет беретұғын өзі. Ол Ирада – ғылымның бір сипаты Көлем, яғни сөйлеуші деген: сөз қаріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын Күдіреті және Басар, Сәмиғ, яғни көруші, естуші деген. Алла Тағаланың көрмегі, естімегі біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын Ғылымның бір сипаты.	Ол (Ирада) еш нәрсеге қаракет (іс-қимыл) бермейді. Баршаға қаракет беретін Алланың өзі. Ол Ирада – Ғылымның бір сипаты. Бірі Қалам, яғни сөйлеуші деген, сөз өріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі – өріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретін Күдіреті және Басар, Сәмиғ дейтін сипаттары, яғни көруші, естіуші деген. Алла Тағаланың көруі, естуі, біз секілді көзбен, құлақпен емес, көргендей, естігендей білетін Ғылымның бір сипаты.
Бірі – Төкуин, яғни барлыққа келтіруші деген сөз. Егер барлыққа келтірмегі бір өз алдына сипат болса, Алла Тағаланың сипаты өзіндей қадым, нәм өзәлі⁵³, нәм әбәді⁵⁴ болады да, нәмишә⁵⁵ барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынап үлкен я кіші болуға жарамайды. Олай болғанда Ғылым, Күдірет сипаттары секілді босанбай, нәр уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық⁵⁶ шығады. Ықтиярсыздық Алла Тағалаға лайықты емес.	Бірі – Төкуин, яғни бар болдырушы (жоқтан бар жасаушы) деген сөз. Егер бар болдырушылығы бір өз алдына сипат болса, Алла Тағаланың сипаты өзіндей қадим, (ежелден бері, әрқашан, мәңгі бар), әрі мәңгілік бола беретін болады да, әрқашан бар болдырудан бос болмаса, Алланың бір сипаты бір сипатынан үлкен, я кіші болғаны жарамайды. Олай болғанда Ғылым, Күдірет сипаттары секілді бос болмай, әр уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық (еріксіздік) шығады. Ол ықтиярсыздық Алла Тағалаға лайықты емес.
Оның барлыққа келтірмегі – Күдіретіне ғана бір шарх. Бұл Ғылым, Күдірет – екі сипатпен	Оның бар болдырушылығы – Күдіретіне ғана бір түсінік (Күдіретінен шығып тұр). Бұл Ғылым,

сегіз сипат бұзылмастан түгел болады. Ол Ғылым, Құдірет те ешбір яһаятсыз⁵⁷, Ғылымында ғафлет⁵⁸, Құдіретінде епсіздік, я нашарлық жоқ. Санғиғын⁵⁹ санғатына⁶⁰ қарап білесіз. Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпен жарастырып, қандай құдіретпен орнастырған, еш адам баласының ақылы жетпейді.	Құдірет – осы екі сипат пен сегіз сипат бұзылмастан түгел болады, ол Ғылым, Құдіретте ешбір шек жоқ, ғылымында ынтасыздық, құдіретінде епсіздік және нашарлық жоқ. Жаратушылығын жасаған ісіне қарап білесіз. Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен (даналықпен) жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырған, ешбір адам баласының ақылы жетпейді.
Бірақ пендесінде де ақыл – хукімші⁶¹, қайрат, қуат қызмет қылушы еді. Соған қарап ойласаң: Алла Тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: Ғылым, Құдірет – біздің ұғуымызға ғана екі хисаб⁶² болмаса, бір-ақ Ғылымды құдірет болуға тиіс. Олай болмаса, сипаттар өз орталарында бірі табиғ⁶³, бірі мөтбүз⁶⁴ болады ғой. Бұл болса, тағриф Раббыға жараспайды.	Бірақ адамда ақыл – үкімші (әмір етуші), қайрат, қуат – қызмет етуші еді. Соған қарап ойлайсың: Алла Тағаланың сипатында солай болуы тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: Ғылым, Құдірет – біздің ұғуымызға ғана екі бөлек деп есептемесек, бір-ақ Ғылымды Құдірет болуға тиіс. Өйтпесе, сипаттар өз орталарында бірі еруші, бірі жетектеулі болады ғой. Бұл анықтама Раббыға жараспайды.
Сегіз сипат қылып және ол сипаттарды «ла ғайр уә лә һуә» болып, бұлай етуде, бұлардан бір өз алдына жамағат⁶⁵ яки жамият⁶⁶ шығып кетеді. Бұл болса желіспейді. Егерде сипаттарды әрбірін басқа-басқа дегенде, көп нәрседен жиылып, иттифакпен⁶⁷ құдай болған болады. Бұлай деу батил⁶⁸, бір ғана құдірет пендеде болған қуат: құдірет, ғылым ақылдан басқа болатұғын еді, Алла Тағалада болған Құдірет – Ғылым һәм Рақмет.	Сегіз сипат және ол сипаттар «Ла ғайру уә лә һуә» – «Басқа да емес, Оның Өзі де емес» болса, онда, бұлардан бір өз алдына жамағат (топ) яки жамият шығып бөлініп кетеді. Бұлай болған жарамайды. Егер де сипаттар әрбірі басқа, бөлек болса, сол көп сипаттар жиылып, ынтымақпен бірігіп құдай болған болады. Бұлай деу қате, бір ғана құдірет адамда болған қуат: құдірет, ғылым ақылдан басқа болатын, Алла Тағалада болған Құдірет – Ғылым һәм Рахмет.
Ол – Рақмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да Алла Тағаланың Рахмән, Рахим, Ғафур, Уәдуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафиг, Уәкил, Латиф деген есімдеріне биньян⁶⁹ бір ұлы сипатынан есептеуге жарайды.	Ол – Рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, Алла Тағаланың Рахмән, Рахим, Ғафур, Уәдуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафиг, Уәкил, Латиф деген есімдеріне құрылған бір ұлы сипаты деп есептеуге жарайды.

Бұл сөзіме нақлия дәлелім – жоғарыдағы жазылған Алла Тағаланың есімдері. Ғақлия дәлелім Құдай Тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды жаратыпты.	Бұл сөзіме нақлия дәлелім – жоғарыдағы жазылған Алла Тағаланың есімдері. Ғақлия дәлелім Құдай Тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, жаратылыс бірінен бір пайда алатын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатын ақылды адамды жаратыпты.
Хайуандарды асырайтұғын жамсыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан Махшарда¹⁰ сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һөммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып, жаратқандығында һәм ғадаләт, һәм махаббат бар.	Хайуандарды асырайтын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтін қылып, бұлардың барлығынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатын қылып жаратқандығында өрі өділет өрі махаббат бар.
Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гүзел сипатты беріп, екі аяққа бастырып басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет қылдырып, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, ісін алып ләззаттанғандай қылып ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстіне тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктікпен зарардан қорғап тұрарлық қылып қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне	Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еткізіп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, ісін алып ләззаттанғандай етіп, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көп болып бітіру үшін, біреуі ойын біреуіне ұқтыратындай тіліне сөз беріп жаратуы махаббат емес пе?

ұқтырарлық тіліге сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе?	
Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе? Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, тепізден бұлт шығарады екен; ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дөңдерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бейшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттерді¹¹ өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзендер ағып дария болып, балықтарға орын болып жатыр екен.	Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе? Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, тепізден суды бұлақ-дырып, бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дөңдерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бейшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі өсімдіктерді өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен.
Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар: етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар: балығын, балықтар иірін, хатта ара балын, балаузын, күрт жібегін – һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі адам баласының таусылмас азығы.	Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар уылдырығын, улы ара балын, балауызын, күрт жібегін – барлығы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық.
Миллион хикметпен жасаған машина, фабрика адам баласының рақаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы махаббатпен адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?	Миллион хикметпен жасалған машина, фабрика адам баласының рақаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушының махаббат пен адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?
Адам баласы қанағатсыздықпен бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жөбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін үшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына	Адам баласы қанағатсыздықпен бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жөбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін үшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйендіріп, бірін биік жартасқа,

сүйентіп, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғиыққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде кішкене уақытында шефхет⁷² сихрымен⁷³ бастарын байлап қамқор қылдып қоймақтығы, адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын емес, бөлкі адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік.	бірін терең тұңғиыққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде, кішкене уақытында таңғажайып шапағатымен бастарын байлап, қамқор қылып қоймақтығы – адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын емес, бөлкі, адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік.
Бұл хикметтерінен һаммасынан мархамат⁷⁴, һәм гадаләт заһир⁷⁵ түр екен. Біз ортамызда бұл мархамат гадаләтті иманның шартынан есеп қылмаймыз, оның үшін мүслим болғанда, Алла Тағалаға төслим⁷⁶ болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екі ай мен күннен артық мағұлым тұрған жоқ па? Фигылы құдайдың ешбірінде қарар⁷⁷ қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтпаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? Қиянатшылыққа бір қарар тұрған адам я мүсылман емес, ең болмаса шала мүсылман. Алла Табаракә уә Тағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді.	Же, бұл хикметтерінің барлығынан һәм рахым, һәм әділет анық көрініп түр екен. Біз ортамызда бұл рахым, әділетті иманның шарты деп есептемейміз, сонда мүслим болғанда, Алла Тағалаға мойынсұнып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екеуі ай мен күннен артық айқын тұрған жоқ па? Құдай ісінің ешбіріне де бет бұрмаймыз, басқалардың сол жолда жүргенін жек көрмейміз, бірақ өзіміз тұтпаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? Қиянатшылыққа бет бұрған адам – мүсылман емес, әрі кетсе шала мүсылман. Алланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді.
«Тәфәккару фи әлә иллаһи» деген хадис шариғтің «инна Аллаһә йухуббу әлмүкситин» деген аяттарға ешкімнің ықдасы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. «Өтәмуруна ан-насә бил-бирри уә ахсину инна Аллаһә йухуббу-әлмүксинин», «уәллазина әмәну уәғамилу-с-салихати уә-алайқа әсхаб әл-жаннати һум фиһа халидун» деген аяттар құранның іші толған ғамалус⁷⁸, салих⁷⁹ не екенін білмейміз.	«Тәфәккару фи әлә иллаһи» деген хадис шариғтің «инналлаһу йухиббул мүкситинК1» деген аяттарға ешкімнің ықдасы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. «Өтә мурун-наәсә бил-бирриК2», «Уә ахсину, инналлаһә юхиббул-мүксининК3», «уәллезина әмәну уәғамилу-с-салихати уәлайқа әсхабул-жаннәти һәм фиһа халидунК4» деген аяттар сияқты Құранның іші толған ізгі амалдар, бірақ біз не екенін білмейміз.

«Уа аллаһинә амәну уә ғамилус-салихати фә йуәффиһим үжүрәһүм уә аллаһу лә йүхббу-зәлимин» аятына қарасаң, ғамилус-салих залымдықтың зидды⁸⁰ болар. Олай болғанда, ғадаләт рифғат⁸¹ болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы⁸² жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, пайғамбарымыз сәлләләһү ғәләйһи уәсәлләмнің хадис шәрифі⁸³ «мән лә хаян лаһу уә ла иман лаһу» деген дәлелдүр.	«Уа әммәл-ләзинә әмәну уә әмилус-салихати фә юәффиһим ужураһум уәллаһу лә юхиббу-зәлимин^{Қ5}», аятына қарасаң, ізгі әмәлдар залымдықтың қарама-қарсысы болса керек. Олай болғанда әділетті, мейірімді болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, Пайғамбарымыздың Аллаһның оған сәлемі мен игілігі болсын хадис шәрифі «мән-лә хаяун лаһу уә ла иман лаһу» соған дәлел.
Енді біліктіге иман құры инанышпен болмайды, ғадаләт уә рифғат бірлән болады. Ғәмәлас-салих ғадаләтті мархамәттi болмақ күллі тәкмен қылған құлшылықтарың ешбірі ғадаләттi, мархамәттi бермейдi. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәттi⁸⁴ екендіктерін, оған дәлел керек емес.	Енді белгілі, иман құр секумен болмайды, әділет пәк мейіріммен бірге болады. Ізгі әмәлдар әділетті және рахымды болуы керек, барлық дәнәмен істеген құлшылдықтардың ешбірі әділетті, рахымы бермейді. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не жағдайда екендіктерін, оған дәлел керек емес.
Бәлкім ғадаләт барша езгуліктің анасы дүр. Ынсап⁸⁵, ұят бұл ғадаләттен шығады. Оның үшін ғадаләттi адамның көңіліне келеді: мен өз көңілімде халқ менімен, сондай-мүндай қылықтармен мұғамәлә⁸⁶ қылса екен деп ойлап тұрып, өзіміз сол халқтармен мұғамәлә қылмағандығым жарамайды ғой деп, сол өзі әділет те һәм ынсап та емес пе? Ол һәмма жақсылықтың басы емес пе? Жә, олай хұлық⁸⁷ пенән сол ойды ойлаған кісі Халлақана⁸⁸ түкірді, неге ойламайсың?	Бәлкім, әділет барша ізгіліктің анасы болар. Ықсап, ұят – бұл әділеттен шығады. Сондықтан әділетті адамның көңіліне келеді: менімен басқа жұрт осындай әділет, мейіріммен қарым-қатынас жасаса екен деп ойлап тұрып, өзім сол жұртпен солай қарым-қатынас жасамағандығым жарамайды ғой дегені, сол өзі әділет те және ынсап та емес пе? Ол барлық жақсылықтың басы емес пе? Жә, сондай мінез-құлық пен сол ойды ойлаған кісі Жаратушысына түкіршілікті неге ойламадың?
Шәкірліктен⁸⁹ ғибадаттың бәрі туады. Енді зияһар⁹⁰ ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та, һәммәсі босанады. Аллаһ софының бір фәрдеһен⁹¹ жүз фәрде бижай дегені басыңа келеді. Енді біздің бастағы	Құрмет-қадірдең ғибадаттың бәрі туады. Енді ешқашан әділет, шапағаттан шықпаңдар. Егер шықсаң, иманнан да, адамдықтан да, барлығыңнан айрыласың. Аллаһ софының «бір фәрдеһен жүз фәрде бижай» дегені басыңа келеді, («бір күн жүз күнді жайсыз етеді»,

тағриф бойынша Құдай Тағала Ғылымды, Рақымды, Ғадалетті, Құдірет еді. Сенде бұл ғылым, рақым, ғадалет үш сипатпен сипаттанбақ ижтиһадын⁹² шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсаниятың⁹³ бар болады.	«бірдің кесірі мыңға тиеді»). Енді біздің о бастағы анықтау бойынша Құдай Тағала ғылымды, рақымды, әділетті, Құдірет еді. Сен де білімді, мейірімді, әділетті болу үшін ынта-жігермен өзіңе талап қойдың, мұсылман болдың һәм толық адамгершілігін бар болады.
Біліктіге жеуанмәрттік⁹⁴ үш қасиетпен⁹⁵ болар деген сиддық⁹⁶, көрөм⁹⁷, ақыл. Бұл үштен сиддық, ғадалет болар. Көрөм шафағат болар, ақыл мағлұм, ғылымның бір аты екендігі, бұлар әр адамның бойында Алла Табарықа уа Тағала төхмин⁹⁸ бар қылып жаратқан. Бірақ оған рауаж⁹⁹ беріп гүлдендірмек, бәлкі адам өз халіңше қомадатқа жеткізбек, жөһөтінде¹⁰⁰ болмақ. Бұлар – өз ижтиһадыңмен, ниет халиспен¹⁰¹ ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ.	Біліктіге жомарттық үш қасиетпен болады деген, сиддик, көрөм, ақыл – бұл үшеуінен сиддик әділет болар, көрөм шапағат болар. Ақыл ғылымның бір аты екендігі белгілі. Бұларды әр адамның бойында Алла шамалап бір қылып жаратқан. Бірақ оған әріс беріп гүлдендіріп дамыту, бәлкі, адам өз шамасы келгенше кемелдендіруге тырысу бағытында болуы керек. Бұлар – өз ынтанмен, шынайы ниетпен ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ.
Бұл айтылмыш үш қасиеттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер¹⁰², онан соң – хакімдер, ең ақыры – көміл мұсылмандар. Бұл үш түрлі фиғыл құданың соңында болмақ, өзін құл біліп, бұл фиғылдарға ғапық болып, тұтынбақты пайғамбарлар үйретті әулиелерге, әулиелер оқыды, ғашық болды. Бірақ, ух-рауи¹⁰³ пайдасына ғана күзетті. Ғашықтықтары сол халге жетті, дүниені, дүниедегі тиерлік пайдасын ұмытты. Бәлкі есепке алмады.	Бұл айтылған үш қасиеттің иесі болғандардың алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, одан кейін – хакімдер, ең ақыры – көміл мұсылмандар. Бұл үшеуін, яғни Құдай ісінің соңында болу, өзін Алланың құлы деп есептеу, бұл сипаттарды сүюге ұмтылуды пайғамбарлар әулиелерге үйретті, әулиелер оқыды, ғашық болды. Бірақ, әулиелер басқа о дүниелік, бөтен пайдасын ғана ойлады. Оларды жақсы көріп, ғашық болғаны соңшалықты, бұл дүниені, дүниедегі тиетін пайдасын ұмытты. Бәлкі, есепке алмады.
Хакімдер дүниеде тиетін пайдасын сөйлейді, гһибрат¹⁰⁴ көзімен қарағанда, екісі де бірінен-бірі көп жырақ кетпейді. Оның үшін әрбірінің сөйлеуі, айтуы басқаша болса да, Алла Тағаланың санғатына қарап пікірленбекті¹⁰⁵ екісі де айтты. Пікірленбектің соңы гһибраттанбақ болса керек.	Ал, хакімдер дүниеде тиетін пайда жайында айтты, гһибрат көзімен қарағанда, екеуінің де, әулиелер мен хакімдердің ойлары бірінен-бірі көп алыс кетпейді. Өйткені, әрқайсының айтылған ой-пікірі басқаша болса да, Алла Тағаланың ісіне қарап ойлануды екі топ та айтты. Әрбір пікірталастан соң, ой қорытылып, үлгі-әнеге алынаса керек. Бұл ақыл, ғылым – екеуі

Бұл ғылым, ақыл екісі де өзін зорға есептемекті уәзалымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді.	де зор, биік деп есептелгендіктен, өресі биік ақылды және білімді адам өзіндей адамды алдауды, залымдықты жек көреді.
Бұл екісі гәделәт мархаматты, шалағатты болмақтықты айтып бұйырды, бұл рақым болса керек. Бірақ менің ойыма келгенді, бұл екі тайфа¹⁰⁷ әр кісі өздеріне бір түрлі нәпсісін¹⁰⁸ фида¹⁰⁹ қылушылар деп. Яғни пенделіктің көмелаты әулиелікпен болатұғын болса, құллі адам төркі¹⁰⁹ дүние болып «Һу»¹¹⁰ деп тариқатқа¹¹¹ кірсе, дүние ойран болса керек.	Бұл екі топ, әулиелер мен хакімдер әділет мархаматты және шалағатты болуын айтып бұйырды, бұл рақым болса керек. Бірақ мен ойлаймын, бұл екі топтағы әр кісі өздерінің нәпсілерін тежеп, дүние қызығын пида (бас тарту) қылушылар деп. Яғни, адамдардың кемелдікке жету деңгейі әулиелік болса, құллі адам төркі дүние болып, бұл дүниеден безінсе, «Һу» деп тариқатқа кірсе, дүниенің ойраны шығып, талқандалуы мүмкін.
Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алла Тағаланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Харам¹¹², макруһ¹¹³ былай тұрсын, Құдай Тағаланың қуатымен ижтиһад ақылымен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан, берген нығметтеріне¹¹⁴, оған көрмек хұзурға¹¹⁵ суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, өдепке, ынсапқа дұрыс па?	Бәрі бұлай болса малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді? Харам – тиым салынған, макруһ – жеккөріністі істер, амалдар былай тұрсын, Құдай тағаланың берген қуатыменек, ынти-жігер ақылыменек тауып, рахатын көру үшін жаратқан, берген нығметтеріне, одан көрмек рахатқа суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, өдепке, ынсапқа дұрыс па?
Сахиб¹¹⁶ нығметке шүкіршілігің жоқ болса, өдепсіздікпен күнәкер болмайсың ба? Екінші – бұл жолдағылар қор болып, дүниеде жоқ болып кету де қауіпі бар. Уа¹¹⁷ көпірлерге жем болып кетуде, қайсыбір сабырсыз жолынан тайып, сабырмен бір қарар тұрамын дегені оліп кетсе де керек. Егер де бұл жол жарым-жартыларына ғана айтылған болса, жарым-жарты раст¹¹⁸ дүниеде бола ма? Раст болса, һаммаға бірдей раст болсын, алаяған раст бола ма? Һәм гадалат бола ма?	Алла тарпынан иелік етуге (пайдалануға, қолдануға) берілген нығмет, байлыққа ризашылығың, шүкіршілігің жоқ болса, өдепсіздікпенен күнәһар болмайсың ба? Екінші – бұл жолдағылардың қор болып, дүниеде жоқ болып кету де қауіпі де бар, не көпірлерге жем болып кету де, қайсыбір сабырсыз жолынан тайып, сабырға бет бұрдым дегені оліп кетуі де мүмкін. Егерде бұл жол адамдардың жартысына ғана айтылған болса, жарым-жарты рас, шынайы дүниеде бола ма? Рас (шыңдық) болса, һаршаға бірдей растық болсын, алаяған (бөліп жасаған) растық бола ма, һәм әділет бола ма?

Олай болганда, ол жұртта ғұмыр¹¹⁹ жоқ болса керек. Ғұмыр өзі – хакикат¹²⁰. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кемәлат жоқ. Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние емес еді. Ғашаран¹²¹ -мүбешә-рәдан^{122,123} қазірет Ғосман¹²⁴, Ғабдурахман бин Ғауф¹²⁵ уа Сағид бин obu Уаккас¹²⁶ үшеуі де үлкен байлар еді.	Олай болганда, ол жұртта өмір жоқ болса керек. Өмір өзі – ақиқат. Қай жерде өмір жоқ болса, онда кемелдік жоқ. Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние емес еді, ғашәрен-мүбешәрдан қазірет Ғосман, Ғабдурахман бин Ғауф уа Сағид бин obu Уаккас үшеуі де үлкен байлар еді.
Бұл тәркі дүниелік: я дүние ләззатына алданып ижтиһадім шала қалады деп бойына сенбегендік: я хирс¹²⁷ дүниеліктен қауымның кеңлің суытпақ үшін, ренжуге сабыр етіп, өзін фида қылып мен жаныммен ұрыс қылганда, халық ең болмаса нәпсісімен ұрыс қылып, һәуа һәуастан¹²⁸ әрбір ерзу¹²⁹ нәпсіден суынып, ғадалат, уа мархамат махаббатына бір қарар болар ма екен деген үмітпенен болса керек.	Бұл дүниеден безіну: я дүние ләззатына алданып Құдайға құлшылығым шала қалады деп, өзіне сенбегендік; немесе бір қауымның дүниеге құмарлығын басу үшін, реніш, ашуын сабырмен жеңіп, өзін пида (құрбан) қылып, мен жаныммен күрескенде, халық ең болмаса нәпсісімен күресіп, дүние сұю әуестігінен, әрбір нәпсіден туындайтын армандардан суынып, әділет, рахым, махаббатқа бет бұрар ма екен деген үмітпен болса керек.
Олай болганда ол да жұртқа қылған артық махаббаттан есеп. Бірақ бұл жол – бек шетін, бек нәзік жол. Бұл жолда риясыз¹³⁰ жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген ғана кісі істің кемәлатына жетпек. Бұл заманда надиp¹³¹, бұған ғылымның да зоры, сиддық қайраттың да зоры, махаббаттың халлаққа да, уа халық ғаламына да бек зоры табылмақ керек. Бұлардың жиылмағы, қиының қиыны, бәлкі фитна¹³² болар.	Олай болса да, бұл жұртқа жасаған артық махаббат (шексіз сұю) болып есептеледі. Бірақ бұл жол – өте шетін, өте нәзік жол. Бұл жолда риясыз, жеңілдіксіз бет бұрып тұрып ізденген кісі ғана істің кемәліне жетпек. Бұл заманда ондай адамдар сирек кездеседі, бұған ғылымның да зоры, шыншыл қайраттың да зоры. Жаратушыға да және жаратылған ғаламға да махаббаттың өте зоры табылуы керек. Бұлардың бір адамның басында болуы – өте қиын, бәлкі, таңғажайып не алдамшы болар.
Басына һәм өзіне өзгешелік бермек – адам ұлын бір бұзатын іс. Әрбір наданның біз тариқатқа кірдік деп жүргені біз бұзылдық дегеніменен бір болады. Хакім, ғалым – асылда бір сөз, бірақ гүрыфта¹³³ басқа. Дүниеде ғылым заһири бар, олар айтылғандарды нақлия деп те айтады, бұл нақлияға жүйріктер ғалым өтанады.	Басына һәм бір өзіне өзгешелік беру – адам ұлын бір бұзатын іс. Әрбір наданның бір тариқатқа кірдік деп жүргені біз бұзылдық дегеніменен бірдей болады. Хакім, ғалым асылда, түбінде бір сөз, бірақ өдет-ғұрыпта басқаша. Дүниеде ашық, анық ғылым бар, ол айтылып, жазылғандарды нақлия деп те айтады. Бұл нақлияны жақсы білетіндерді ғалым деп атайды.

Құдай Тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпағая, мұны ізерлеп¹³⁴ тағфаққару фи өлә иллаһидеген хадиске бивәән бұл санғати құдадан ізерлеп, құмар болып ғибраттанушыларға тыю жоқ, бәлкі санғатының себебін білмекке құмарлықта саниғна ғашықтық шығар. Құдай тағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықтың демек те орынсыз.	Құдай ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны зерттеп «тағфаққару фи аля иллаһи» – «Алланың ісі жайында пікірлену» деген хадистің негізі бұл Құдайдың ісін зерлеп, құмар болып, үлгі, өнеге алып ғибраттанушыларға тыю жоқ, бәлкі, Құдай ісінің себебін білуге құмарлықтан жасампаздығына ғашықтық шығады. (Бірақ), Алланың затына пендесінің ақылы жетпесе, тани алмаса, дәл сондай ғашықтың деп айту да орынсыз.
Ғашық-мағшұқтыққа¹³⁵ ха-лик бірлән махлұқ¹³⁶ ортасы мүнәсибәтсіз¹³⁷ Алла Тағаланың пендесін махаббат уа мархаметпен жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпен ғана елжіремекті – Құдайға ғашық болды дейміз. Олай болғанда, хикмет Құдайға, пенде өз ақылы жетерлік құр ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хақим ат қойдылар. Бұлар хақ пен батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысуларымен һәммасы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртебеде қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпен ләззаттанады.	Ғашықтық-сүйіспеншілікке Жаратушы мен жанды жаратылыс – махлұқ арасы үйлесімсіз, жираспайды. Алла Тағаланың пендесін махаббат және рахыммен жаратқанын біліп, махаббатына махаббатпенен ғана елжіреуді Құдайға ғашық болды дейміз. Адам өз ақылы жетерлік құр ғана білсем деген ниетпен хикмет Құдайдың әрбір ісінің себебін іздеушілерді хақим дейді. Бұлар ақиқат пен жалғанды айыруға, себептерін білуге тырысқандарыменен барлығы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші орында қалып, бір ғана ақиқатты табу, әрбір нәрсенің себебін табумен ләззаттанады.
Адаспай тура іздеген хақимдер болмаса дүние ойран болар еді. Фиғыл пенденің қазығы – осы жақсы хақимдер, әр нәрсе дүниеде олардың истихараж¹³⁸ бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин¹³⁹ осы хақимдердің жасаған, таратқан уа айтқан істері әддүния мәврәғәтул – ахират дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим – ғалым. Ғалымдарының нақлиясымен мұсылман иман тақлиди¹⁴¹ кәсіп қылады. Хақимдердің тақлиатымен жетсе, иман яқини¹⁴² болады.	Адаспай, тура жолмен іздеген хақимдер болмаса, дүние күйреп, ойран болар еді. Пенде ісінің негізі – осы жақсы хақимдерде, әр нәрсе дүниеде бұлардың бір заттан екінші зат табуынан өрістеп, дамып келейеді. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, сөйтсе де осы хақимдердің жасаған, таратқан істері «Әддүния мәврәғәтул-ахирет» дегендей, бұл дүниедегі ісін о дүниенің азығы, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим – ғалым. Ғалымдарының нақлиясымен мұсылман «иман тақлидиге», яғни оқып, көріп еліктеу, дағдылану, тікелгі

	қабылдау арқылы «тақлид»-«тақилеттес» иманға жетеді. Хакімдердің ғақлиатымен жетсе, яғни оқып, көргенін ақыл-ойдан өткізіп, таразылап, жүрекке бекітіп, өз ақылымен сену, ең анық, жақын-иман яқини болады.
Бұл хакімдерден мұрад¹⁴³ – мұсылман хакімдері, болмаса ғайри¹⁴⁴ діннің хакімдері – егер фатлүбни төжидни делінсе де, дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына жете алмағандар. Бұлардың көбі – иманның жеті шартынан, бір Алланы танымактан ғайри, яғни алтауына кімі күменді, кімі мүнкір¹⁴⁵ болып, тахкиктай¹⁴⁶ алмағандар. Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз Құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадис шарифі, хайру н-нас мән йанфағун-нас деген «адамның жақсысы адамзатқа пайда кетіргені». Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына яғни, электрияны тауып аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға айласын тауып, мың адам істей алмайтын қызметтер істетіп қойып тұргандығы, адам баласының ақыл-ойын ерекше дамытып, ақиқатпен пен жалғанды айыруды үйреткендігі – осының барлығы адамзатқа пайдалы болған соң, біз олардың алдында міндетті екенімізге дау жоқ.	Бұл хакімдерден мұрат – мұсылман хакімдері, болмаса басқа діннің хакімдері – өгерше фатлүбни төжиду-ни (егер мені ізесең табасың) делінсе де, дүниенің һәм адам баласының өмірінің сырына жетсе де, діннің хақтығын тани алмағандар. Бұлардың көбі – иманның жеті шартын, бір Алланы танудан басқа, яғни басқа алтауына қайсыбірі күменді, қайсыбірі келісе алмай, анықтай алмағандар. Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, діндегі басшымыз Құдайдың елшісі Пайғамбарымыздың хадис шарифі, «хайру н-нас мән йанфағун-нас» деген «адамның жақсысы адамзатқа пайда кетіргені». Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс жасау үшін, яғни электрді тауып, аспаннан найзағайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен лезде жауап алып тұрып, от пен суға айласын тауып, мың адам істей алмайтын қызметтер істетіп қойып тұргандығы, адам баласының ақыл-ойын ерекше дамытып, ақиқатпен пен жалғанды айыруды үйреткендігі – осының барлығы адамзатқа пайдалы болған соң, біз олардың алдында міндетті екенімізге дау жоқ.
Бұл заманның моллалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бөлки бұзық фиғыл, өл-инсен ғәддуун ләма жөһилге есеп. Олардың шөкірттерінің көбі біраз ғараб¹⁴⁷-парсыдан тіл үйренсе, бірлі жарым болымсыз сөз бәхас¹⁴⁸ үйренсе, соған мәз болып,	Бұл заманның моллалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бөлки, бұзық пиғыл, өл-инсену ғәддуун лимә жөһилге (адам көңілінің жаманшылыққа ауып тұруы) есеп. Олардың шөкірттерінің көбі біраз араб-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз айтыс-тартыста

өзіне өзгешелік беремін деп өуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил кылады. «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін жәһил¹⁵² түгіл, жәһилдер¹⁵³ кібілік¹⁵⁴ талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір ысқапқа қайтсын һәм гибраттанасын.	үйренсе, соған мөз болып, өзіне өзгешелік беремін деп өуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлы салдары болады «һай-һой!» мен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін қадан түгіл, нядандар тобының талабы болса да, қайда ақиқат сөздер, келсе, бірден ысқапқа қайтсын һәм гибраттанасын.
Рәс сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген ысқап, құры өзімшілдік һәм һәрбір өзімшілдік – әрбір адамды бұзатын фиғыл. Растың бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып гадалатпен топтештеуге керек. Мұндай фиғылдардан күпір¹⁵⁵ қауіп де бар. Және Пайғамбарымыз салалләһү ғаләйһи уәсәлләм «ақыр заманда бір жылдық, бір күн болар» дегенде сахаба-и көремылар «бұл жылдық күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның пәтуасын¹⁵⁶ сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен гибратлығын қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар¹⁵⁷ өзгерілмегін білдіргені мағлұм¹⁵⁸ болады.	Рәс сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген ысқап, күр өзімшілдік һәм әр өзімшілдік – адам баласын бұзатын фиғыл. Растың бір аты – ақиқат, ақиқаттың бір аты – Алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып, әділетпен топтештеу керек. Мұндай фиғылдардан күпір қауіп де бар. Және Пайғамбарымыз, оған Алланың игілігі мен сөлемі болсын «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде жомарт сахабалар «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның пәтуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен гибраттапып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгеруіп білдіргені мағлұм болады.
Бұл күндегі төхсил¹⁵⁹. әл ғұлум ескі медреселер ғұрыпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болады. Соған қарай Ғұсманияда¹⁶⁰ мектеп харбия¹⁶¹, мектеп рупидиалар¹⁶² салынып, жаңа нызамға¹⁶³ айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бақастармен күнін өткізіп, мағишатта¹⁶⁴ дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, Ешбір харакетке лайығы жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдлуға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты¹⁶⁵ да әсерсіз болады.	Бұл күндегі білім беру орындары ескі медреселер ғұрыпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Османдық Түркияда әскери мектеп, орта мектептер салынып, жаңа тәртіпке айналған. Мұндағы біздің жастарымыз ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымы пайдасыз ұзақ бақталастықпен күнін өткізіп, тұрмыс, дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, ешбір харакетке, іс қимылға лайықты болмаған соң, адам аулауға, адам алдлуға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да әсерсіз болады.

Дүниенің мағмұрлығы¹⁶⁶ бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Күллі дүниені уә ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы надандық ол. Құранда сөгілген, дүниеде кімде-кім өзіне өзгешелік бермек қасдпен¹⁶⁷ малға махаббатын аударғандар дүниеде болмаса, ихсанда¹⁶⁸ қолым қысқа болмасын деп һәм біреуге тамғылы¹⁶⁹ болмайын деп, малға махаббатын аудармай, ізгілікке бола қалал кәсіппен тапқан дүние емес.

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Малмен ғылым кәсіп қылмапыз. Өнер – өзі де мал, өнерлі үйренбек – өзі де ихсан. Бірақ ол өнер гадаләттан шықпасын, шарғыға¹⁷⁰ муафих¹⁷¹ болсын. Адамға малынша ихсанды болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, хусусан бұл замананың ишандарына¹⁷² бек сәк болыңдар. Олар – фитһәи ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хүкім¹⁷³ шаригатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін өзі әһли¹⁷⁴ тариқат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал¹⁷⁵, бұлар адам азырушылар, хатә дінге де зарарлы. Бұлардың сүйенгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері тасбығы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ.

Дүниенің гүлденгендігі бір түрлі ақылға нұр беріп тұратын нәрсе. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Күллі дүниені және ғылымын білмей қалу – ол бір үлкен зарарлы надандық. Дүниеде кімде-кім өзіне өзгешелік бермек мақсатымен, малға махаббатын аударып, дүние соңында жеткендерді Құран айыптайды, бірақ қайырымдылық жасағанда қолым қысқа болмасын деп һәм өзім біреуге қарыз болмайын деп, малға махаббатын аудармай, ізгілікке бола адал кәсіппен тапқан дүниені айыптамайды.

Біз ғылымды сатып, байлық іздемек емеспіз. Байлықпен ғылым кәсіп етпекпіз. Өнер – өзі де байлық, өнерді үйренбек – өзі де (кемел сенім) жақсылық, жарылқаушылық. Бірақ ол өнер әділеттен ажырамасын, шаригатқа үйлесімді болсын. Адамға шамасы келгенше қайырымды, жарылқаушы болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің қайырым, жарылқауына сүйенбек дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, өсіресе бұл заманның ишандарына бек сәк болыңдар. Олар – бүлікшіл ғалымдар, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері шаригаттың үкімін таза білмейді, көбі надан болады.

Онан асып өзін-өзі әһли тариқат (дұрыс жолдағы мұсылман) біліп және біреулерді үйретуге өздеріне міндет қылады. Бұл олардың ісі емес, бұлардың жеткізбегі, үйретпегі қолдан келмейтін іс, бұлар адам азырушылар, дінге де залалды, қауіп төндіреді. Бұлардың сүйенгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – қолындағы тасбығы мен басындағы шалмасәлделері, одан басқа ешнәрсе жоқ.

Енді біліңіздер, перзенттері! Күдай Тағаланың жолы деген жол Алла Тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаңа болса, өзін ниһаятлысың, ол жол күдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған кұйылсын, отырған орнымға ағып келе берсін деген ол не деген ысал? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадалат, шалағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол күдайдың жолы. Ол — ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың ниһаятсыз күдаға тақриб¹⁷⁶ хасил¹⁷⁷ болып хас¹⁷⁸ езгу¹⁷⁹ құлдарынан болмақ үміті бар, өзге жолда не үміт бар?

Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзінше бір дәулет біледі. Бұл істердің бәрі өзін көрсетпек, өзін өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Мұнша әуреленіп, сыртыңды бір сүйген қауымыңа ұқсатарсың? Сыртқа қасиет бітпейді, Алла Тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямсыз ықласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүймектікпен өсер.

Енді біліңіздер, ей, перзенттері! Күдай Тағаланың жолы деген жол Алла Тағаланың өзіндей шексіз болады. Оның шегіне ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне мақсат етіп кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса — өзің шектеулісің, ол жол күдайдың жолы емес. Байлық бар әлемнен жиылсын, маған ғана кұйылсын, отырған орнымға ағып келе берсін деген ол не деген ысал? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я байлығыңнан өділет, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізу мақсатың болса, ол жол — күдайдың жолы. Ол — шексіз жол, сол шексіз жолға аяғыңды берік бастың, шексіз күдай жолына жақындай түсіп, нағыз ізгі құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар?

Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет деп біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртыңа, киіміңе, түріңе қасиет бітпейді, Алла Тағала қарайтын жүрегіңе, боямсыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүймектікпен өсер.

Құдай Тағала дүниені көмәлатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өссін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамың талап қылып ізденер қарызды ісің алды - әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзіңіз өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында¹⁸⁰ болмақ. Кімге достығың болса, достық достық шақырады, ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен өзін өзі артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ.	Құдай Тағала дүниені кемел шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өссін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамың талап қылып ізденер қарызды ісің алды - әуелі дос көбейтпек. Дос көбейтудің жолы өзіңіз өзгелерге қолыңнан келгенінше достық қатынаста болуың. Кімге достығың болса, достық - достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қастық жасамау һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін сөзімен не мінезімен басқалардан артық көрсету мақсатынан аулақ болу.
«**Ғақлиат Тасдиқатта**» белгілі – Алланың сипаттары, белгісіз – адам қасиеттері. Әрине біз Абайды адам танымайды деп айта алмаймыз, оның жастайынан болыстығы, билігі, төбе билігі сияқты қызметтері оның адамдардың мінез-құлқын жете тануына әсер еткеніне сөз жоқ, керісінше, өмірлік тәжірибесі дәл осы жерде өзінің ғылымына пайдалы болды. Тағрифтаудың әрбір қадамын оймен анықтап, айқын жүріп өткен, бірақ шығармадағы түсіндірмесіне көңілі толмай «тағрифқа тілім қысқа-ақ» деп қынжылатыны да бар. ... Сатылы, күрделі тағрифтеуден кейін, нәтижесінде Абай «**Ғақлиат Тасдиқатта**». 38 қара сөзде Алланың сегіз тұрақты сипаттарынан адамға керек үш захири қасиет (әділет, ғылым, рахым) шығарады, бұл – дедукция. Ислам теологиясында «тасдиқ» пен «иман» екеуі синоним, бірақ «тасдиқ» білім-ғылым арқылы жететін – иман яки-ни. Сонда біз «тасдиқтың» екі мағынасына жеттік, біреуі мантиқтағы таным құралы, түсіну процесі, екіншісі иман. «Ғақылия» – ақылмен ұғыну болса, «Ғақлиат Тасдиқат» – ақыл, ғылыммен жеткен сенім деген мағына береді. Өзі айтқандай «Ақыл сенбей сенбеңіз». Бір ғажабы, хакім осы шығармасын қазақ жерінде бір ғасырдан аса уақыттан кейін дін таласы болатынын, ал ол таластың басы иман тақлидиден шығатынын сезіп жазғандай.

Әділетті, рақымды және білімді болу ізгі амалдардан

•Толық адамның» иманы ізгі амалдармен бүтінделеді. Абай заманы Осман империясының әлсіреп, ыдыраудың алдында тұрғаны, барша мұсылманның ғылым білімде артта қалған, Мұхаммед Әбдуһтың жоғарыдағы айтылған Құранмен қалып, Табиғатты тастаған кезі болатын. Дер кезінде айтылған идея, бірақ хакімнің бұл идеясы басқа түгілі өзімізде де өлі қолға алынған жоқ. Әрине, талпыныстар болды, мысалы «Алашорда» үкіметінің бағыты осы идеямен қабысып жатты, екіншіше орай ғұмыры ұзақ болмады.

Абайдың Аллаға ұқса дегені күпірлігі ме?

Тағы бір қабылдауға қиын, мұсылманмын дегенді шошытатын түсінік адамның Аллаға ұқсауы, хакім Аллаға ұқсау

керек деген. Құранда «Алла ештеңеге ұқсамайды» делінген. Мекенсіз, тәнсіз Жаратушыға қалай ұқсау керек? Енді соны кеңірек қарастырып көрейік.

Өділет, ғылым, рақым бұл үшеуі де адамның бойында азды-көпті бар қасиеттер, бірақ ешбір хайуанда жоқ. Әрине, мысалы биенің құлынға деген мейірімі бар, бірақ ол табиғи инстинкт. Бұдан шығатын түсінік бұл үш қасиет адамға рухпен бірге берілетін нығмет, рухтың құрамдас бөлігі. Құран: «Сол уақытта Раббың періштелерге: "Мен балшықтан бір адам жаратамын" деген» (38:71) «Қашан оны жасап, оған Рухымнан үрлеген сөтте, оған сөздеге жығылындар» (делінді).» (38:72), адамның рухы Жаратушының Рухынан бастау алады. Ұқсайтын жеріміз осы.

Адамнан ақылы жоғары тұрған шексіз ақыл иесі ол – Алла. Алла Құранда адамға ақыл беріп, басқа мақұлықтан жоғары етіп, Жерге иелік етуге *халифа орынбасар* қылдым деген. Ғылымсыз адамзат өзінің жердегі халифалығын атқара алмайды. Өзінен ақылы жоғарыға құрметпен қарау, мойындау, жақсы көру, оған ұқсауға тырысу түйсікті адамға табиғи қалып. Жерде Алланың тапсырмасын орындау да Алланың берген нығметтерін бар адамзат өділетпен бөлісіп, бір-біріне мейірбандылық танытса, күш-қуаттарын ғылымды дамытуға жұмсау арқылы өздері дамыса, ұқсады деген сол болмақ.

Жүрек, Ақыл және Қайрат

Енді, Абай идеяларының негізі болып табылатын *жүрек*, *ақыл* және *қайрат* сөздерінің мағынасы кемеңгер ұғымында қандай еді деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Жүрек – «Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі». 14 қара сөз.

Жүрек сөзі Құранда 132 рет кездеседі екен. Осыған қарап отырып, жүректің жай ғана қан айдайтын құрал еместігін шамалауға болады.

Адамда, жануарларда, эмбрионда бірінші қызметін бастайтын мүше жүрек екен де басқа дене мүшелерінің жаралуын бақылаушы роль атқарады екен. Жүрегін ауыстырған (трансплантация) адамдардың мінезінде өзгеріс болғандығы

да факт. Давид Патерсон деген Оксфорд университетінің РНД профессоры жүрек пен ми қосарланып жұмыс істейтінін айтады. Нейрокардиология ғалымдарының анықтауы бойынша адам жүрегінде 40 мыңнан аса нейроны бар «жүректік ми» бар екен. Ми мен жүрек бірігіп жұмыс істегенмен жүректен шығып миға баратын сигналдың саны мен қуаты көбірек. Жүректен шығатын электромагниттік өріс мидықімен салыстырғанда ондаған есе жоғары. Тағы бір қызық жайт жүректе окситоцин «махаббат немесе бақыт» гормонын шығаратын без бар екен. Әрине, бұл таза физиология.

Ақыл – Адамда ақыл бар. Шексіз ақыл иесі ол Алла. «Алланың бірінші жаратқаны ақыл» және «Ақылдан асқан көрікті ештеңе жоқ» деген Мұхаммед СФС хадисін жеткізеді бізге имам Ғазали «Ихия улум ад-дин» кітабында.

«Күмәнсіз, Алланың алдындағы ең нашар хайуан ол, ақылын қолданбайтын санырау сақаулар». Құран 8:22

Ақыл — жан қуаты. Пайда менен залалды - ақыл айырады. Абай.

Ақыл жайындағы Абайдың шығыстан шыққан ұстаздарының айтқаны:

Әл Фараби: «ақыл - адамды толықтырушы элемент, рухтың, жанның нұры», «рухтың басқа бөліктерін бақылаушы», «ойлау жұмысына көмекші» депті.

Ибн Сина: «ақылды рух екі бөлімнен тұрады, теориялық бөлігі – ақиқат жайындағы ілім, практикалық жағы – мінез». Әл Ғазали ақылға төрт анықтама берген:

Адамды жануардан айыратын сапа және адамға ғылымды түсінуге мүмкіндік береді;

Балалар да игері алатын бір нәрсенің мүмкін не мүмкін еместігін айыра алатын білім түрі;

Тәжірибемен жиналатын ғылым түрі;

Бір нәрсенің (заттың) шетін (бітетіндігін) болжайтын қабілет және адамның тілек-құмарын бақылаушы.

Қайрат – бұл сөздің түбірі қайыр – жақсылық, арабша мағынасы (түрік мен парсышада да) қайырымдылық, жақсы істер.

Қазақ тіліндегі қайрат сөзінің синонимдері өл, дәрмен, жігер, күш, қажыр, қару, қауқар, қуат, мұрша, шама, шарық; қайратты – табанды, күрескер деген мағынада. Бүгінгі қоғам не өнер қайраткері дегеніміздің түсінігі – қоғамға не өнерге жақсылық жасап еңбегін сіңіруші. Бұдан жалпы алғанда екі

мағына шығып отыр, бірі адамның күш қуаты десек, екіншісі жақсы істер. Қайратты теріс мақсатта да, жақсылық жасауға да қолдануға болады.

«Толық адам» заңы адам рухының физикалық әлемдегі айнасы

Жоғарыда айтылған орта ғасырдан Ибн Араби, Әл Ғазали сияқты ғалымдардан келе жатқан адамның ақылы, жүрегі, мінез-құлықы жайындағы түсініктер негізінен Абайға дейін нақты ұғымнан гөрі *абстрактылау* күйде жетті. Қарапайым пенде түгілі осы ғылымның соңында жүрген адамға бұлардың ара-жігін ажыратып қолмен қойғандай қылу қиын іс, (мысалы, жүрек ойлай ала ма, ақыл жүректе ме, мида ма т.с.с.), бұл тартыс ақылды адам жаралғалы келе жатқанына күмән жоқ. Себебі біреу. Құранда: «(Мұхаммед, салаллаһу ғалайһи уәссәлләм) олар сенен (рух) жан туралы сұрайды: Ол Раббымның өмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді де» (17:85). Абайдағы жүрек, ақыл, қайрат адамдағы рухпен байланысты, ол жайында адамның білімі аз болғандықтан олар жайындағы талас адамзат барда жалғаса береді.

Қайраттың о бастағы мағынасы қайырымдылық еді, рақым, мейірімгесұранып тұр. Ақылсыз (хайуан) Ғылым игере алмақ емес, адамның ақыл ойының жететін биігі ғылым, ал Жүректен Әділетті шығарды. *«Әділет барша ізгіліктің анасы. Әділеттен айырылсаң иманнан да адамдықтан да айырыласың»* (F.T.). Ислам тыныштықтың діні деген қате түсінушілік бар, дұрысы тыныштыққа шақырушы дін, ал тыныштыққа жетудің алғышарты әділет.

Сонымен алтын хакім, өзінің идеяларының негізі болып табылатын жүрек, ақыл және қайрат атты үш бастини ұғымдардың, рухтың құрамдас бөліктерін, захири – физикалық әлемдегі өлшемге сиятын нақтылы әділет, ғылым, рақым ұғымдарына алмастырды.

Бұл үшеуі адам рухының физикалық әлемдегі айнасы және Абайдың «толық адам» заңы. Бәлкім, Абайдың ұлы жұмбағы да осы болар...

Батыс пен шығыстың дамуын, ойлау жүйесін, логикасын қатар зерттеп, оны өзінің еңбегінде ой қорытуға қолданып, осы «Ғақлиат Тасдиқаттық» өзегін құраушы Жаратқанның сипатынан адамның қасиетін шығару идеясы бұрын онды-сонды батыс пен шығыстың философиясында, адам тану, дін

тану ғылымында бар ма жоқ па, ол басқа әңгіме. Қысқасы, Абайда философия жоқ дегендерге нақтылы дәлел.

Ақыл мен Ақлақ

Ғылым мен Рахым адамның рухымен астасқан адамның ішкі мазмұны ақылы мен мінезімен байланысы бар, яғни Ақыл мен Ақлақ (мінез құлық).

«Пайдалы білім мінезді жақсы жағына өзгертеді». Мәшһүр Жүсіп.

«Дін деген көркем мінез» Мұхаммед салаллаһу ғалайһи уәссәлләм.

Білім мен Мінез, қайсы бұрын тұру керек?

Әлихан Бөкейхан: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден... Неше түрлі залалды қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білетіндерінен көріп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді, білімінен жақсы мінез шықса, бұл қалай?» дейді.

«Бірақ пендесінде ақыл – хукімші, қайрат, қуат – қызмет қылушы еді». (F.T.) Абай.

«Most people think that it is the intellect which makes a great scientist. They are wrong. It is character.» Albert Einstein. «Көпшілік мықты ғалым ақылдылығынан болады деп ойлайды, олар қателеседі, оны мінез жасайды». А. Эйнштейн. Абайдікі дұрыс па, Эйнштейндікі дұрыс па?

Қайрат мінездің сипаты десек, Абай оны ақылға бағындырды, ал Эйнштейн ақылды мінезге бағындырды. Қайсыныкі дұрыс?

Мінезсіз ақылдың бағыты жоқ, мінез ақылдың артында тұрған қозғаушы күш.

Құрғақ ақыл ол белгілі бір алгоритмге құрылған роботтың іс қимылындай, олай болу қоғамға қайшы келеді, адам робот емес, сезімі билеп тұру керек.

Ақылсыз мінез, биік харизма өпербақандыққа, шолақ белсенділікке әкеледі, ол өз кезегінде қоғамды тұрақсыздандырады.

Жалаң ақыл мен мінез әрқайсы жеке тұрғанда адамға пайдасы толық емес, бүгінгі күннің тәжірибесі мен ғылымы екі сипаттың біртұтас болғанда адамға да, қоғамға да пайдалы екенін көрсетті, мінез адамға құндылықтарды анықтауға көмектеседі, ал ақыл сол құндылыққа қалай жетудің жолын көрсетеді.

Бұл сұрақтарға алтын хақим өзінің он жетінші қара сөзінде ақыл мен мінез (қайрат) *жүрекке бағыну керек* деп жауап берген. Абайда, бірінші *Жүрек оған бағынышты Ақыл, одан кейін Қайрат*. Хақимнің өлеңіндегі: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» дегені тен ұстау мағынасында емес, үшеуін бірдей қолдан деген мағынада. «Алла жүректерге иман жазды», Құран 58:22. Ақыл мен қайрат иманға бағынуы керек.

Алланы сүю неге қарыз іс, бүкіл адамзатты қалай сүйеміз?

Төңірі адамға тәнін, жанын, ақылын, денсаулығын, ғылымын және жер беті мен қойнауындағы байлықты, аспандағы Айды, Күнді, барлық нығметті беріп, бар жақсылығын жасап қойған. Сондықтан адам Жаратқанға қарыз. Ол қарызды құлшылықтың негізі парызбен қайтаруға мұқтаж және бүкіл жанды-жансыз жаратылысқа да мейіріммен, ақыл көзімен қарауға міндетті.

Адамзатты сүю – оның дамуына, ғылым-біліміне үлес қосу.

Қырық бесінші қара сөз «Ғақлиат тасдиқаттың» жалпылама түрі

Ғылымды игермек үшін де оған деген махаббат керек. Мейірім-рақым махаббаттан шығатына күмән жоқ, сонда «Ғақлиат тасдиқаттан» әділет пен махаббат қалады. Бұл қырық бесінші қара сөз, хақим «жалқы» түсініктерден «жалпыға» өтті, бұл қарапайым «индукция». Бұдан алтын хақим неге бірден бұл заңның жалпылама түрін қорытып, «Ғақлиат тасдиқаттың» керегі де шамалы емес пе деген ой тууы мүмкін. Жалпылама заңдылықтарды практикада қолдану қиындығы бар. Бүгінгі күннің адамына нақтылық керек.

Әділет деген әр нәрсенің, заттың (адамның да) құдай ісі мен ақылға сиярлық, өзінің орнында тұруы. Шекспир айтпақшы «махаббат соқыр», оны әділеттің елегінен өткізіп отыру керек. Мысалы, бір ғылымды сүйесіз, бірақ ол ғылымның нәтижесі қоғамға залал өкелмес үшін Әділет көзімен қарау керек. Әділеттілік үшін тартыстар болып жатады, тартыс шектен шықпас үшін махаббат керек. Екеуі әрқашан қосарланып жүрмесе оң нәтижеге жету қиындайды.

«Әл инсан әл кемил» – «Кемел адам»

«Әл инсан әл кемил» – «Кемел адам» Бируни, Ибн Арабилерден келе жатқан Құран мен хадиске арқа сүйеп жасаған концепция. Ибн Арабиде кемел адам – ардақты пайғамбарымыз Мұхаммет салаллаһу ғалайһи уәссәлләм, яғни үлгі тұтарлық, нәпсісін жеңген, биік рухани жетістікке жеткен, ақиқатты, ғайыпты таныған және күпірлікке бармайтын адам. Оны жақсы көру, сүннетін ұстану мұсылманға парыз. Пайғамбарлық Алланың таңдауы.

Құран «хакімдік Алланның тарапынан беріледі» дейді. Сондықтан екіншісі бірі хакім бола алмайды, Хикмет – рухтың ақыл арқылы ғылымды өңдеп жететін деңгейі, бұл деңгей Хақты тануға жеткізеді, қателіктен сақтайды, және жасаған қадамдарын дәл, анық басады.

**«Толық адам» мен «Кемел адам»
да айырмашылық бар ма?**

Абайдың «толық адамы» сол «кемел адамға» жетудің практикалық жолын көрсетеді. Жұрттың бәрі пайғамбар не хаким емес, толық кемелдікке жете алмайтындығы анық, бірақ оған ұмтылу адамзат қоғамына және ұмтылушы пендеге пайдалы.

«Ғақлиат тасдиқаттың» практикалық мәні қандай?

Біздің қоғамда маман дайындау бар да, адам тәрбиелеу жоқ. Мамандардың да ғылымы сын көтермейді.

Бүгінгі күні құндылықтардың ауысып кетуінен «асырау» мен «тәрбиелеудің» айырмасы жоқ, немқұрайдылық, жемқорлық, надандық көзі «асыраудан» шығады.

Бақара сүресінің 11 аятында: «Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмандар (жіктемендер, азғындыққа бастамандар, ірткі салмандар)!», – делінсе, олар: «Біздер түзеуші ғанамыз (жақсартушылармыз, түзетушілерміз, реформа жасаушылармыз, татуластырушылармыз)» дейді». Осыдан шығатын түсінік адам «бір жартас болып қала бермей» бірінші өзін жақсы жағына өзгерту керек, содан кейін қоғамның жақсаруына атсалысуы керек.

«Раббы» деген сөздің түбірі арабтың Р-Б қаріптері. ТәРбие сөзінің түбірі де сондай. Бұл дұрыс тәрбиенің аса маңызды екендігін көрсетеді. *Тәрбиенің мақсаты тақуалыққа, қарапайымдылыққа жету.* Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр мен дін нормалары, пайдалы білімдер тәрбиенің көзі.

Адамды періштеден биік қылатын оның білім-ғылымы.
Ғылым игеру хикметті сезінуге, профессионализмге жеткізеді.

«Бәлкі дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір үлкен зарарлы надандық, ол Құранда сөгілген» (F.T.)

«Білуші білмеушімен тең емес» дейді Құран. «Ғылым іздеу парыз-кифая» дейді Пайғамбар CFC.

«Ғақлиат тасдиқаттағы» заң зайырлы қоғамда да адамға да қолданылатын өмбебаптығымен құнды.

Кемел (толық) қоғамды орнатудың үш шарты:

Бірінші зайырлы қоғамның заңдарына сүйенген тәуелсіз әділет жүйесін;

екінші озық Ғылым-білім жүйесін; үшінші Әлеуметтік қорғау жүйесін қалыптастыру.

Мейірім жасауды өзіне өмірлік мақсат қылған, тәрбиелі, мінезді, оқыған-тоқыған, ғылымы мол, адал, әділет ұстанушы зайырлы адам түбінде Хақты танымай қоймайды. Танымаған күннің өзінде қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасатынына күмән жоқ.

Түйін

«Ғақлиат Тасдиқат» – ақыл, ғылыммен ізгі амалдар істеуге ұмтылу, Хақты тану, адам тану заңы. Бұл заң қоғамға да жеке адамға да қолданбалы. Философия хикметті сүйе болса, ислам әлемінде XII ғасырдағы имам Әл Ғазалидан кейін философия өзінің дамуын тоқтатты деген ой бар, Абайдың бұл заңы сол тұралап, дағдарысқа ұшыраған ақыл-ой дамуын қайтадан қозғалысқа түсіру талпынысы десек қателеспеспіз және адам психологиясы мен мінез-құлығының өмбебап заңдылығы.

Жүрек, ақыл, қайрат бұлар адам рухының құрамдас бөліктері, салыстырмалы түрде абстрактылы, батини түсініктер.

Ғылым, рақым, әділет нақтылы захири түсініктер. «Толық адам» қасиеттері.

Бүкіл адамзатқа тастаған сенім деңгейіне шығарарлық ұран. Кез келген ұлтқа пассионарлықты қалпына келтірудің кілті.

Дұрысын Алла біледі.

Махаббат пен ғадауат майданы немесе Абайдағы рух түсінігі

Абай жайында көп айтылады делінгенмен айтылатын өңгіме өлі де көп. Бір мысал. 1898 жылы жазылған «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» өлеңіндегі «Жүрегіңнің түбіне терең бойла» жолындағы «жүрегімнің» бе, әлде «жүрегіңнің» бе деген сұрақтың жауабы белгісіз. Мүрсейіт көшірмелерінде «жүрегіңнің» деп, ал Турағұлдың жазбасында «жүрегімнің» делінген, кейінгі басылымдарда «жүрегімнің» деп беріліп жүр, бірақ түсіндірмесі жоқ. Абай бұл өлеңде өз жағдайынан хабар беріп, өзінің қаны қара, жаны жара жұмбақ адам екенін айтып, «мені түсіну үшін жүрегіңнің түбіне терең бойла» дегендей, бір қырынан қарағанда, өркім өз жүрегіне терең бойлап, Абайдың жұмбағын түсіне қояды деген қисынсыздау көрінеді, хакімнің жүрегіне бойлау да ақылға сыймайды.

Бірақ, хакім «жүрек» деген сөзге қандай мағына сыйғызып тұрғанына көңіл бөлсек, осы жұмбақтың беті ашылғандай болады, бұл жерде «жүрекке» мұсылман пәлсапасындағы рух деген мағына берсек, яғни өркім өзін, өз рухын тануға ұмтылса, Абай сезінген, жеткен «жұбақтың» сырына толық жетпесе де, «бір тілде сөйлесуге» жетіп қалуына мүмкіндік туады.

Ал данышпанның жүрегіне, ішкі дүниесіне терең бойлау үшін оның жүрегінің қақпасын ашатын кілт керек. Кілт осы өлеңдегі ақынның жүрегінде «махаббат пен ғадауаттың майдандасқанында» жатқан сияқты.

 – (‘адауатун) ғадауат–1) дұшпандық, қастық, жаулық; 2) ынтымақсыз, қырғи қабақтық, жек көрушілік. Нұртас Оңдасыновтың арабша-қазақша сөздігінен. 2-том.

«Ғадауат» арабша-ағылшынша сөздікте «a state of deep-seated ill-will» – терең орныққан қиянатшылдық күйі, яғни «анти-махаббат» деп түсінсек болады.

Неге «махаббат пен ғадауат майдандасып», «ғаділетті жүректің өділеті бұзылады»?

Ақынның өзі «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» дейді де, «Ғақлиат тасдиқатта» «Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» дейді. Бұдан түсінгеніміз, адамда табиғаттан бөлек өлмейтін мазмұн бар, «адамның адамдығы ақылы мен ғылымы» өлмейді екен, яғни табиғаттан тыс бола алады деген қисын.

Осы өлең жазылған жылы Абай елу үш жаста екен, бұл жаста акын кімді, нені сүю керектігін білгеніне шүбә жоқ. Яғни «Имани гүл» кейінірек жазылса да Алланы сүю, адамзатты сүю және әділетті сүю ақынның жүрегінде орын алған деп сеніммен айта аламыз.

«Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, сезіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі». Ол төртінші қара сөз.

Сонда гадауат қайдан шығады, неге махаббатпен майдандасқысы келеді?

Адамның адамдығы ақыл, ғылымда болса және бұлар фәни табиғаттан, өткінші дүниеден тыс болса, Хакімнің «нұрлы ақылына» келеміз. «Нұрлы ақыл» рухтың тарапынан. Рух Алланың тарпынан, ол батини-трансцендентті, яғни көрінбейтін өлемнің өкілі, онайлықпен қабылдау, түйсіну, тану қиын. Жаратушы адамға рух жайындағы түсінікті шектеп берген және солай деп Құранда айтылған. Адамда Рух патша болуы керек. Хакімнің «Нұрлы ақыл» деп бөлгеніне қарап отырып «нұрсыз ақылдың» бар екенін сезесіз. Енді «нұрсыз ақылға» келейік, нәпсі фәни, заттық дүниеден болған соң оның көзге көрінер қызықтырар жағы көп, байлық, билік сияқты көрнеу, захири-иманненті. Яғни, ақыл негізінен адамды жануардан парықтайтын рухтың құрамдас бөлігі, мазмұны, екі дүниеге ортақ, бірақ адамның өмірі сынақ фәни-материалдық дүниеде өтіп жатыр. Сондықтан ақыл да нәпсінің ықпалына түсіп қалады, рухқа қарсы шыға бастайды. Ақылдың «нұрсызға» айналуы осы жер. Рух оқшауланып қалады.

Енді майдан не үшін жүретінін Абайдың басқа өлең, қара сөздеріне зер салып, шама келгенше саралап көрейікші.

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Әділеттік, арлылық, махаббат пен – Үш жолдасың қабірден әрі өткенде». Осы жол «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» деген хакімнің өлеңінде «Үй жолдасың» деп те беріліп жүр. «Үй» ме, әлде «қи» пе? Ол да сурақ. «әділет, ар, махаббат» үшеуі мәңгілік «үйдегі» жолдасың...

«Әділеттік, арлылық, махаббат пен – Үш жолдасың қабірден әрі өткенде». Бұл жол Абайдың эсхатологиясы, эсхатология (грекше *Eschatologia*, көне грекшеден *Eschaton* – «соңғы» + *logos* – «сөз», «білім») – ақырет, о дүние жайындағы діни көзқарастар мен ұғымдар жиынтығы,

адамның тағдыры, оның басқа сапалы күйге ауысуы. Яғни, о дүниеге бұл дүниеден апара алатын пайдалы құндылықтар, сіздің әділеттілігіңіз, ар-қатыңыз, Аллаға, адамзатқа деген махаббатыңыз, бұлар екі дүние де керекті қасиеттер.

Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен озым ғой демектің бәрі де – ақымақтық». Он сегізінші қара сөз «Ғәділетті жүректің өділетін бұзыппы».

Яғни, екі дүниеге ортақ, өлмейтін – өділет, махаббат, ақыл, ғылым, ар, ғәділетті жүрек, мінез бұл рух тарапының өлшемдері, қабірден әрі өткенде о дүниеге сізбен бірге баратын серіктеріңіз, Қиямет күнінде, Мақшар майданында Пайғамбардың шалағаты мен Алланың рахметінен кейін сізге жар болатын Рух, көпше түрі Аруақ осы. Әрине, дұрысын Алла біледі.

Абайда «жүрек» көп: «ет жүрек», «қайран жүрек», «ғәділетті жүрек» т.б.

Пайғамбар СҒС хадистерін жеткізуші атакты Өбу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын): «Жүрек – патша, дене ағзалары оның әскері. Патша жақсы болса, әскері де қуатты келеді. Егер патша жаман болса, әскері де кесапат болады» деген.

Адам рухының Аллаға, Алланың сүйіп жаратқан адамына, Алланың бір сипаты Әділетке деген сүйіспеншілігі, Абайша айтқанда «түп иесін көксеуімен» адам нәпсісінің бұл дүниеге деген сүйіспеншілігінің өзара соғысы адам жүрегінің жаулау мақсатымен үшін үздіксіз жүріп жатады.

Яғни, сіздің жүрегіңізде рух патша болса нәпсіңіз тиылып, мінезіңіз түзеледі. «Ғәділетті жүрек» рух болғанда адамның нәпсісі оның өділетін, адамдық қалпын бұзады, сондықтан жүректе махаббат рухтың өлшемі ретінде нәпсімен майдан-дасып жатады.

«Уайым – ер қорғаны», – нұрлы ақылдың, рухтың ісі. Сары уайым – нұрсыз ақылдың – нәпсінің ісі, дүниеден байлық-мансаптан құр қалғанда өзін текке қажу.

«Жә, бізенді ақылды еркіне жібермесек, Құдай Тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған – ақылменен таныр» дегені қайда қалады?» Жиырма сегізінші сөз.

Ақыл бар кісінде рух бар, оған ғибадат парыз, сондықтан дінімізде есі дұрыс емес, ақылы кем адамға ғибадат парыз емес. Ұйықтаған адамның дәреті бұзылады, өйткені ұйқы

кезінде рух төннен Жаратушыға, бастауына барады, төн таза нәпсімен қалады. Төн кірлесе, былғанса, ләззатқа бөленсе нәпсі күшейгеннен дәрет бұзылады. Есірткі, арақ-шарап ішкенде рух төннен қашады, төнді нәпсі билеп, сайтанның сыбырына еріп, “батыр” болады.

«Расында нәпсісін тазартқан кісі құтылды да;

Әлде кім оны кірлетсе қор болды». («Шәмс» сүресі, 9-10 аяттар).

«Ғақлиат тасдиқатта», отыз сегізінші қара сөзде хакім «мінез жайындағы жөдігер» дейді де, әрі қарай мінез жайында айтпайтын сияқты көрініп, иманның «өділет пен мейіріммен бірге» екеніне тоқталып, толық адамның қасиеттерін – «ғылым», «өділет», «мейірім» жайында айтады. Осы үш қасиет те өлмейтін екі дүниелік рух тарапының мазмұны, бұлардың соңына түссеңіз рухыңыз күшейейді, мінезіңіз жақсы жағына өзгереді. Рух күшейген жерде нәпсі төмендейді, жаман мінез нәпсіден туындайтыны белгілі.

Иман келтіру – Жаратқан мен пенде арасындағы келісім-шарт, түзелем деген уәде, яғни өзін жақсы жағына өзгерту керек, содан кейін қоғамның жақсаруына атсалысуы керек.

«Расында бір қауым өздерін өзгертпейінше, Алла олардың жағдайын өзгертпейді» («Рағьд» сүресі, 11-аят)

«Кеше мен ақылды болып әлемді өзгерткім келді. Бүгін мен данышпанмын, сондықтан мен өзімді өзгертіп жатырмын». Руми.

Бақара сүресінің 11-аяты: «Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар (жіктемендер, азғындыққа бастамаңдар, ірткі салмаңдар)», – делінсе, олар: «Біздер түзеуші ғанамыз (жақсартушылармыз, түзетушілерміз, реформа жасаушылармыз, татуластырушылармыз)» дейді».

Қорыта айтқанда, махаббат пен гадауаттың майданы – ол рух пен нәпсінің майданы. Дұрысын Алла біледі.

**Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау...**

Қазір өлеуметтік желілерде, дастарқан басында да «қазақта кезінде Абай сияқты шалдар көп еді. Абайдың ел арасына тарап, атағының шығуы жазушы Мұхтар Әуезұлына тікелей байланысты» деген өңгімелер белен алып, тіпті «Атың шықпаса, Абайға тиіс» деген заманға сай мақал пайда болды. Бұл өңгімелердің негізгі себебін Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылғы «Қазақ» газетіндегі «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласынан көреміз: «Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу байындап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда».

Енді сол Абайдың әр жақ, бер жағында өткен «басқа шалдарға» сол Мұхтар Әуезов қалай баға беріп еді соған көңіл аударайық және Мағжанның «алтын хакімі» басқа қазақтың ақындарынан немен ерекшелетіндігіне көз жүгіртейік.

Хакімнің «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңі – сөз кәдірі, өлеңнің өзі қалай болуы керектігі жайындағы Абайдың жасауға мақсат қылған және жасаған, қазақ поэзиясын мүлде жаңа деңгейге көтерген, өз заманы үшін ойлы сөз өрнегі үлгісінің «теориясы». Кісі өліп қайғырса да, жастар үйленсе де, бала туса да, қуанса да, ренжісе де қазақ тұрмысының өлеңмен біте қайнасып тұтасқандығының, жалпы ұлттың ақынжанды екендігін көрсете отырып, сонымен қатар, сөз ұқпайтын надандардың да бар екенінен хабар береді. Өлең ақын қырықтан асып, «қайғы ойлап», толысқан, ақындығы жалпақ жұртқа белгілі болған кезде 1888 жылы жазылған.

**...Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау...**

1909 жылғы шыққан ақынның бірінші өлең жинағында бұл өлең «Бұрынғы жақсылардан өрнек қылған» атпен белгілі болып, осы екі жолдың соңғысы «Өлеңі бері жамау, көбі құрау» деп жазылған.

Аталған өлеңіндегі «Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау» деген жол Абайдың ойлы оқырманының өзіне «неге» деген сұрақ қойғызғанына күмән жоқ. Ең бірінші бұл сұрақты өзіне қойғанның бірі Мұхтар Әуезов десек тағы артық айта қоймаспыз. Астын сызып айтпаса да, бөлкім өзі үшін айтуға да тұрмайтын, тым түсінікті болса да ғұлама жазушы жанама болса да бір жерде белгі қалдыруы керек еді... Дулаттың атын атамаса да, Шортанбай, Дулат пен Бұқар жыраулар бізге «зар заман» ақындарының өкілдері ретінде Мұхтар Омарханұлының «Зар заман ақындары» деген еңбегінен белгілі. Жазушы «зар заман» ақындары дәуірін Асан қайғы мен Бұқар жыраудан бастап, Абайға дейін өкеліп, Нарманбетпен аяқтайды. Ішінде Махамбет пен Ыбырай Алтынсарин де бар.

Абай бұларды неге менсінбейді, хакім көзқарасында бұлардың қандай кемшіліктері бар еді? Бұған жауап беру үшін сұрақты сөз басқаша қойсақ, Абайда бар, аты аталған зар заман ақындарында жоқ пе бар? Бұл жауаптар ақынның осы «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңі мен жазушының «Зар заман ақындары» деген еңбегіне тұрғандай...

Аталған еңбектен дәйексөздер: «Зар заман деген – ХІХ ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарының бір араға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деген ат қойдық»...

...Онан соң ескі әдебиет жұрнақтарының барлығында бір бетте бір мақсатқа қарай тартқан бағыт жоқ. Елді құретіп, түзеп тастаймын, мұңын жоқтаймын деген тілек жоқ...

...Исатай, Кенесары қозғалыстары қайғылы халмен біткен соң, елдің тауы шағылып, иығы түскен, бұрын болымсыз үміт болса, белгісіз келешектен күткен аз ғана сәуле болса, барлығы да жаңағы ерлердің жолсыз жорығынан соң суалып біткендей болады. Сондықтан ХІХ ғасырдың орта кезіне кейін зар заман күйі қалың елге түгел жайылды... Бірақ қазақ тарихында Кенесары дәуірінің ауырлығы жалғыз Кенесарының өз тұсында туған жоқ. Ауыртпалық ары жерден, Абылай заманынан басталды дегенбіз. Қазақ елі қайда барып, қайда тұратыны туралы, басына келе жатқан ықтиярсыздыққа қарсы не шара қолдану тура

лы ең алғашқы рет қатты толғанып, ойланғаны Абылай тұсында болатын. Сол Абылай тұсында ілгергі күннің талай жұмбағына шешу айтылған сияқты болып, саяси бет, негізгі пікір сол кезде белгіленіп, қалыптана бастаған. Сол күнде-ақ, мүмкін болса, патша үкіметіне бағынбай, елдің өз іргесін өз бетімен бөлек сақтау тұбегейлі ниет сияқты нық байланған болатын. Орысқа қараған күнде ел басына құлдық, зорлық, ауыртпалық келетіні ел басшысының барлығына белгілі болатын...

...Ақынның (Бібырай Алтынсарин) қалың елге айтқан өсиеті көмескі, ұғымсыз. Өз заманындағы оқымаған на-дан көпшілікке ешбір үміт арта алмаған сияқты, олардың қолынан іргелі елдік келеріне де сене алмағандай. Сондықтан қалың елге кейде таза адамшылықты ем қылады. Кейде дін өсиетін ұлгі қылып ұстайды. Зар за-ман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалығын көп ұсынатын ақын Алтынсарин...

Кішкене қорытынды жасасак, «зар заман» ақындары «бір сарынды өлең айтты», «бір мақсатқа қарай тартқан бағыты болған жоқ», «Елді үйретіп, түзеп тастаймын, мұнын жоқтаймын деген тілектері жоқ», «зар заман күйі қалың елге түгел жайылады», «құлдық, зорлық, ауыртпалық келетіні ел басшысының барлығына белгілі болатын», «калын елге айтқан өсиеті көмескі, ұғымсыз. Өз заманындағы оқымаған на-дан көпшілікке ешбір үміт арта алмаған сияқты, олардың қолынан іргелі елдік келеріне де сене алмағандай».

Әр заманда, жалпы өдебиет, ауыз өдебиеті, өнер, эпостық жырлар, өлеңдер ұлт руханиятының негізі бо-лып, ұлттық мәдениетінің, ой-өрісінің дамуына әсер етіп, қоғамның қозғаушы күш ролін атқарып отырғандығы күмән туғызбайды.

Бұқардан Абайға дейінгі жүз елу, екі жүз жылға жуық уақытқа созылған «зар заман» дәуірінде «зар заман» ақындарының өлеңдеріне ұлттың мінезін өзгертетіндей, ұлтты сілкіндіретіндей үлкен идея болмады, айтқандары қалың жұртқа онсыз да белгілі жайттар болды. Ол ақындар өз заманының проблемаларын көтеріп айтқанымен нақтылы шешуін айтып, жолын көрсете алмады.

Дөйексөздер: ...Анығында, өсиетшіл қария, толғаушыл жыраудың негізгі міндеті өлеңшілік емес, елге басшылық істеп, басалқа айту болатын...

...Әуел басы Асаннан басталып, барлық зар заман ақын ұлдары осы сұрақтың алдында не дерін білмей, қайғылы қара жамылып тұрып, амалы құрығандықтан күрсініп жылап, күңіреніп өткен. Бүгінгі күні – қайғы күні толып жатқан жара сияқты, ауыр дерт, ащы азап күні. Бірақ алда не болады? Қай жарға апарып соғады? Шығар жол, көрер сәуле бар ма? Оны ешкім білмейді. Сол жолды білмегендіктен ел қамын ойлаған ойшылдың барлығы да тығырыққа қамалған сияқты. Шығар есік табылмаған соң, зар менен шер жеңеді. Сол сұрақ, сол жұмбақ, жүз жылға шейін шешілмеген. Сондықтан жүзден аса жыл бойында қазақтың есі кірген әдебиеті ылғи бірақ сарын, бірақ бағытпен өтеді. Ол бағыты – зар заман...

Өрине, «зар заман» дәуірі ақындары Кенесары, Исатай-Махамбет және басқа да көтерілістеріне ықпал етіп, халықтың рухын көтеріп, идеологиялық рөл атқарып, ел бірлігіне өсер еткеніне дау жоқ. Бірақ жалпы халықтың ұстанымы, көзқарасы ескі бағытта қалып отырып, заман ағымынан кейінде қалып, ұлт сапалы өзгеріске ұшырамады.

Қазақ қоғамында бұл «рухани кризистің» шешімінің табылуына үлкен сұраныс туды, өзгерісті керек етті, Европадағы, әлемдегі бірінші ғылыми-өнеркәсіптік революцияның сыртқы өсері, Ресейдің отарлау саясатының жаңа қадамдары Шоқан, Ыбырай, Абайлардың тууына алғышарт болды.

Осы «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңде хакім өлең жазудағы мақсатын ашып айтады:

...«Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңлін қойып, көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер»...

«Зар заман» ақындары «надан көпшілікке ешбір үміт арта алмаса», Абай «наданның көңлін қойып, көзін ашпақ», қалың бұқараны тәрбиелемек, «көпті ебін тауып, жолға салмақ», «тіл ұстартып, өнер шашпақ», «Өнер – өзі де байлық, өнерді үйренбек – өзі де жақсылық, жарылқаушылық». Өнер алды – қызыл тіл, ой толғаған сырлы тіл, өлеңде ой толғайтын идея тұруы керек, одан «ойлы жас жігіттер үлгі алып», ұлттың сапасы өзгеріп, ескі құндылықтардың негізінде, жаңа заманға лайық жаңа құндылықтар жасай білуі керек.

Абайдың бұл мақсаты орындалды, жүз елу-екі жүз жылға жуық «зар заман» ақындары іздеп таппаған жолдан

кейін, ақын бір бағытта мақсат қойып, қоғам кемшіліктері мен адам мінезін сынға алып және оларды қалай түзеу керек екендігінің, ендігі жол елді ағарту арқылы надандықты жеңу, еуропалық білім-ғылым жолы екендігін көрсете білді. «Хақтың сөулесі түскен» хакімнің ел арасына өлең, қара сөз болып тараған идеялары сана төңкерісіне әкеліп, іле-шала мыңдаған жылдық түркі тарихында көшпелі жұрттың мүлде жаңа сападағы ұрпағы «алашордашылардың» дүниеге келуіне тікелей өсер етті,

*Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол?*

*Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл.
Қыз таныстыр – қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма ғұл?*

*Бала туса, күзетер шылдақана,
Олар да өлең айтар шулап жаңа.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.*

*Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойласаңшы бос қақпай өлең-селең.*

*Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың,
Айтсаң да ұддасынан шыға алмайсың.
Сен білмейді екен деп айтпасын ба,
Неге мұнша сіресеіп құп алмайсың?*

*Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы тұзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?*

*Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді,
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.*

*Қадірін жақсы сөздің білер жанға
Таппай айтпа аған да айтыр кезді.*

*Сый дәмеппе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?
Сүйенерлік адамды құрмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.*

*Көп топта сөз танырлық кісі де аз ақ.
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.*

*Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі – жаману, бірі – құрау.
Әттең дүние – ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде – ақ көрініп тұр-ау.*

*Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңлін қойып, көзін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер.
Думан – саулық ойда жоқ әуел баста – ақ.*

Бүгінгі жазбаақындармен айтысақындарының біразының «зар заман» ақындарының кейбір тұсын қайталауы да бар, өрине, өлең көркемдік тұрғыда өлшеусіз өскен, дамыған, айтыс үлкен шоу деңгейіне жеткен, бірақ гибратты ой айттым, елдің мұңын жырладым, мұқтажын айттым дегендер жаһанданған дүбара заманның соққысы мен қазақтың бүгінгі жағдайын, дүниетанымын қабыстыра алмай «Шығар есік табылмаған соң, зар менен шер жеңіп... қалың елге кейде таза адамшылықты ем қылады. Кейде дін өсиетін үлгі қылып ұстайды», мәселені көтергенімен шешудің жолдарын көрсете алмайды, онсыз да жалпақ жұртқа белгілі мәселелер қағаз бетінде, не сахнада өлең түрінде жетіп, қалың оқушы мен тыңдаушы өзі айта алмағанын оқып не естіп, шындық айтылып, айызы қанғанмен, қазандар жабулы күйінде қала береді.

Бұл тұрғыдан қарағанда Абай өлі ескірген жоқ, оның идеялары өлі өзінің маңызын жоғалтпады.

Мағжан заманында «орыс-қытай алыстан салмақ салған» болса, бүгінде сол екеуі бар, басқалары бар ішіңе

кіріп, «бітеу сорғысы» келген, заң басқа, заман болып, халықтың мәселелерін үкіметтік құрылымдар тиімді шеше алмай жатқан соң, ұлт тәрбиесінде ақын-жазушыларды, журналистерді, блогерлер мен әлеуметтік желідегі «қазаққа күзетші» болғысы келгендердің барлығын «ебін тауып, өзгені де, өздерін де жөнге салып», ұлттың мінез өзгертіп, басқа сапа деңгейіне көтеру кезегі күтіп тұр. Бір қуаныштысы, ол үрдіс басталып кеткен...

Абай мен Әлихан

Ұлы деп айтқан Жартушыға ғана төн, бүкіл ғаламды жаратқан Тәңіріге ғана абсолюттік Ұлылық лайық дейді..

*«Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден Тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп Иең сүйсін».* Абай

Дегенмен де, пенделердің арасында да көптің қамын ойлаған, халқыма пайдам тисін деп «Күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған» елін сүю арқылы сол халқының, Тәңірінің сүйіктісіне айналған адам баласының өкілдерін де ұлы деп айту қалыптасқан. Жақын жүз жылдық тарихымызға көз жүгіртсек, Әлихан бастаған арыстардың туғып көтерген «Алаш идеясының» бастауында Абайдың тұрғанын көреміз. Қазақтың осы екі алыбын, екі ұлысын ортақтатыратын қандай идея бар?

Бөкейхановтың көптеген еңбектері оның орасан зор білімі мен өткір аналитикалық ақылын куәландырады, бірақ жазған еңбектері оның лирик ақын ретіндегі талантын да, исламдағы эрудициясын да, діни философияға деген қызығушылығын да көрсетпейді, ал бұлар Абай шығармаларында айқын білініп тұрады». Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ тарихын зерттеуші жапон ғалымы, профессор Томохико Уяманың бұл Абай мен Әлихан жайлы пікірі көптің көңілінен шығары анық. Әлихан да Абайды жақсы көргені, дөріптегені, некролог жазып, бірінші кітабының басылуына ат салысқаны белгілі.

Екі алыптың да көрегендігі ұлтты, қазақты түзу жолға салудың кілті оның мінезінде, мінезді түзетуде жатқандығын білгендігінде жатса керек.

«Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім». О баста «На-

сихат» деген атпен белгілі 37-қара сөзден. Сонымен қатар хакімнің шығармашылығының шыңы, «Кітап тасдиқтың» – 38 қара сөздің басында «перзенттеріме адам ұлының мінезі жайында жөдігер қалдырайын» дей отырып, «толық адам» болу мінез түзетуге негізделетінін жеткізеді.

Алаш көсемінің мінезге байланысты және мінез көрініс табатын пікірлерін келтіре кетейік:

•Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын».

•Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар, төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр: есікте қалмай, төрге тырмысалық».

•Тіршілік-ғұмыр белгісі – алыс-тартыс, арбау-өдіс».

•Біз – суды теріс ағызған атаның баласымыз!».

•Қазақ қияметке шейін қазақ болып қалмақ».

•Бауырларым, дені сау, жас шақтарыңда жұрт үшін шауып қал!».

•Бұл заманда жылап мұратқа жетем деу – аш түйенің күйсеуі сынды дәрменсіздік».

•Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден».

•Қиналып тапқан ақылды, толғатып сөзге аудардым. Енді бұл сөзді іс қылмақ, оқушы жұртым, қазақ өз мойнында!».

•Еуропа мәдениеттімін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал мінезі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ».

•Қазақтың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар».

•Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, өйтпегенде болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар».

•Өз күшіне сенбеген адам да, халық та ешқашан өмір бөйгесін ала алмайды».

•Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады».

•Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана».

•Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады».

•Жанайқай: қазақтың оқыған азаматтары, қазаққа осындайда қызмет етпегенде қашан қызмет етіп пайдамызды тигіземіз?!».

Әріге көз жүгіртсек, басқаны қойып, өзімізге қатысы бар Әл-Фараби бабамыздың да мінез жайлы айтқандарын келтіре

кетейік: «Бақыттың мәні — парасаттылықта, өркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-кұлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағаттап отыруында». «Мінез-кұлық міні — рухани кеселге жатады». «Мінез — жанның айнасы».

Мінез жайында идеялардың төркіні пайғамбарларда. Адамзат тарихында пайғамбардыкінен биік басқа миссия болуы да мүмкін емес. «Дін деген не?» деп сұрағанда Пайғамбарымыз СФС үш рет «Дін — көркем мінез» деген. Көркем мінез — жасық, қой аузынан шөп алмас деген мағынада емес. Тағы бір хадисте: «Расында мен көркем мінезді кемелдендіру үшін (адамзатқа) жіберілдім» деген.

Оксфорд сөздігінің мінез жайындағы анықтамасы: «Character is the mental and moral qualities distinctive to an individual». «Мінез — жеке адамға қатысты бар психологиялық және адамгершілік қасиеттер». Абайдың «Толық адам» ілімі сол кемел мінезге жеткізер жол. «Толық адам» — өділетті, мейірімді әрі ғылым игерген кәміл мұсылман. Әділетті, мейірімді адамнан көркем мінез шығады, бұлар Құранда «Ғамал ус салихқа» (Абай) (ізгі, салиқалы амалдар, жақсы істер) жатқызылған. Таза ақыл-ғылымның бағыты жоқ, жақсылыққа да жамандыққа да қызмет ете береді. «Иман мен адамдық — өділет, мейіріммен бірге» — дейді хакім. Толық адам-мінезі көркем адам.

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.*

Хакім бірінші өзін тануды, Алланы тануды, дүниені тануды айтады, өзін таныған Алланы таниды, Алланы таныған дүниені таниды. Дін — көркем мінез болса, сол діннің өзі үш құрамдас бөліктен тұрады: ислам, иман, иһсан. Исламның парыздарын орындауға қайрат керек, Алланы тануға, иман келтіруге ақыл, иһсанды болуға жүрек керек. Ислам — негізінен сыртқы көрініс, яғни шәһада айту, намаз оқу, ораза ұстау, зекет, қажылық көзге көрінісін тілмен, тәнімен істейтін амалдар.

Ислам сөзінің мағынасы «мойынсұну», «бағыну». Діни контекстте бұл «Құдайдың қалауына толықтай бағыну» дегенді білдіреді. Исламға келген адамды — мұсылман дейді.

Иман — ақылмен келетін сенім, Жаратушы бар және біреу ғана. Оның періштелеріне, жіберген пайғамбарларына,

кітаптарына, бұ дүниелік ісіне жауап беретін ақырет күніне, жақсылық пен жамандықты жаратқанына сену. Иман ақылы бар адамға парыз. Жануарларға, ақылы кем адамға, иман парыз емес. Иман сөзінің мағынасы тыныштықта, амандықта болу. Сенімділік, шыншылдық. Иманға келген адамды – мұмын, мұһмин дейді.

Иһсан – сенімнің жүрекке жетуі, ішкі дүниенің кемелденуі, ішкі әдемілік, тақуалықтың шыңы. Өзі Құдайды көріп тұрғандай, не Құдай оны көріп тұрғандай жүреді. Басқалардың көзінше істемеген жаман қылықты өзі жалғыз болса да істемейді. Яғни адам өз істейтін қарекетін, амалын Құдайдың заңына сай өз ішінен реттейді, сыртқы бір заңның, не адамдардың қалыптасқан көзқарасына сай «ақсақал айтты, бай айтты» дейтіндей емес. Иһсан сөзінің мағынасы: хасан, хусни сөздерімен түбірлес, әдемілік, көркемдік дегенді білдіреді. Иһсанға жеткен адамды – мұқсин дейді.

Сонда дін-сенім деген адамның үш өлшемін: сыртын-төнін, ақылын және ішін-жүрегін қамтиды екен. Ең жоғарғы деңгейі иһсан, одан кейін иман, үшіншісі ислам. Бізде мұсылманмын дегендердің көбіне иһсаны сын көтермей жатады. Енді алаш көсемінің «Еуропа мәдениеттімін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнсрінде ғана, ал мінезі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ» деген пікіріне келейік.

Әлихан неге «Еуропа хайуандық сапарынан қайтқан жоқ» деді?

Бізге даму үшін идея керек. Ол идеяны біз дамыған батыс пен шығыстан іздейміз, отыз жылдық тоуелсіз деп аталатын кейінгі тарихымызда кімнің шапанын иығымызға жамылып, кімнің бөрігін басымызға киіп көрмедік, кебісіне де жабыстық, ол тек біреудің батысшыл, екінші біреудің шығысшыл болуына, тағы біреулер маргиналданып шетін жолға түсуіне, енді бірінің қарабайырланып орта ғасырға бет бұруына, басқа да көптеген «орысқұл, арабқұл, қытайқұл» деген сияқты «-шылдар» мен «құлдықтарға» әкелді. Гейлер, лезбиандар, тіпті өткендегідей «жатыр иеленушілер» пайда болды.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,

Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.

Білген емес иман деген не нәрсе,

«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған. Мағжан Жұмабай,
«Пайғамбар».

Біреу ғасыр бұрын «өнер» деген сөздің мағынасы кең еді, кейін тілімізге «мәдениет» сөзі енгенде «мәдениет пен өнер» қатар айтыла келе, бүгін өнерді тек «музыка» деп түсіну қалыптаса бастады. “Жігітке жетпіс өнер де аз” деген мақалға қарасақ, ақылы бар адамға ғана тиесілі, өзіне де, адамзатқа да ор салада пайда келтіретін, руханиятты байытатын адамның іс-қимыл, қарекетімен жасалатын туындыны «өнер» деген. Ал біздің ұлттық төл музыкамызды өзіміз қор қылғанымыз бен дүниежүзінде «классика» деп еуропалық музыка қабылданғандығы болмаса, төл өнеріміз тарихы жағынан да өрі барып, көркемдігі мен алуандылығынан да терезесі тең түр деп ұялмай айта аламыз. Мысал ретінде Еуропада скрипка орта ғасырда крест жорығынан кейін пайда болып, оның атасы арабтың ребабы, қазақтың қобызы екенін айтсақ та жетеді.

Әлихан өнерді мәдениеттен бөлмей айтып отыр. Бұл жерде Әлихан ғалым ретінде «өнер» деп технологияны айтып отыр. Ал технология – оқу-ғылымның туындысы. Бірақ оқу-ғылым жақсы болғанмен одан мінез түзелмейді екендігін айтып отыр алаш арыстаны.

Сонда Еуропаның хайуандығы неде? Бізде бар, оларда жоқ не бар? Табиғатпен біте қайнасқан, тіпті көк шөпті босқа баспаған, қасқыр тұрмақ құмырсқаны босқа өлтірмеген, үйге кірген жыланға да тиіспей, басына сүт құйып үйден шығарған көшпелі бабаларымыз ақылымен де, күшімен де ғасырлар бойы өлемді мойындатқан, сөйте тұра жесірін жалғызсыратпай, жетімін жарылқаған, жеріне жауды жолатпаған, өділдігі мен мейірімділігі қоса жүрген мінезі – ұлттың негізгі жоғарғы моралдық құндылықтары бар еді.

Кейінгі ғасырларда, бодандық уақытта, өртүрлі соғыстар мен аштықтарда халықтың жақсы мен жайсаңы күресем, күтқарам деп бірінші қырылды, содан келесі ұрпақ нашарлап, яғни кері селекция жүрді.

Қырылып азайған, тағдыр тепкісінен, жоқшылықтан өткен сол ұрпақ кешегі мінезінен, басты құндылығынан айырылып, басқаның құндылығына қызыға қарай бастап, өрі сол технология тұрмысты жеңілдеткендіктен, ал тұрмыс сананы билегендіктен, олардың технологиясымен қоса хайуандығын да құндылық ретінде қабылдап, өзгеріске ұшырап жатырмыз. Тәрбие кетіп, дәстүрді тастауымыз мүң екен, қызымыз некесіз туып, баласын дәретханаға та-

стады, ұлымыз қолына мылық алып өзі хайуаннан асып, тірі жануар қалдырмай қыра бастады, гейлер мен лесбияндар шықты. Бауырмалдылық жоғалып, ағайынның араласуы тоқтады, бір-біріне қарайласуды қойды, ажырасу, жүкті әйел баласын алғызып тастау нормаға айналды, толеранттылық деп тоғышарлыққа, жөнсіздікке тезу, адам құқы деп үлкенді, тіпті өке-шешесін сыйлау жайына қалды. Толеранттылықтың деңгейі асқынғаны соншалықты, ол жайында мынадай қалжың пайда болды: «Толеранттылық ақылдылардың ойлауына тиым салады, өйткені ақылды ойлар ақымақтардың сезімін қорлайды».

Әлихан Бөкейхан белгілі түрколог Радловқа Ресей империясының басқа ұлттарға жасаған қысастық саясатын айтып, ғалым ретінде әртүрлі мінберлерден сол аз халықтардың мұңын жеткізе жүруді өтінген. Оны тыңдап тұрған Радлов: «Күштілердің әлсіздерді билеп төстеуі мемлекет аралық қатынастардың табиғи заңдылығы» деп жауап берген. Әлихан Радловтың бұл пікіріне төзе алмай шығып кеткен. Келе жатқанда Радлов алдынан қарсы шықса бұрылып кетеді екен. Бұл да мінездің көрінісі.

Л. Гумилевтің «пассионарлық теориясы» белгілі бір ұлттың, ұлыстың белгілі бір тарихи кезеңдегі белсенділігінің артатынын, сол себептен тарих саханасына шығатынын тілге тиек етеді. Яғни, өз «кезегі келгенше» тағдырдың жазуы деп күтіп жүруі керек. Яғни, сол империялық саясаттың теориялық негізі.

«Пассионарлық теорияға» ғалымдар бұрын да күмәнмен қараған.

Ал Абайдың «толық адам» идеясы, адамзат өзін «түзетсін, өзгерсін» сондаештегені күтпей-ақ өзі де, қоғам да жетістікке жететінін айтады.

Толық адамның мінезі көркем. «Елге (адамзатқа) қызмет ету мінезден». Бәлкім алаштың екі алыбы Абай мен Әлиханның табысқан, өрі тоғысқан жерлері де осы...

Шәкәрімнің бес сауалы

Шәкәрім атамыздың осыдан 108 жыл бұрын «Айқапта» жарияланған «Білімділерге қойған белгілі бес сауалы» дін мен философияны қамтығандықтан Құран мен хадистерге, Абайдың өлең-сөздеріне жүгіне отырып жауап береміз.

1. Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?

Адам туғанда өзінің ата-анасын, туған жерін, ұлтын таңдай алмайды. Осы еріксіздіктен біз сынақта екенімізді аңғарамыз. «Сүм өмір абақты ғой саналыға» (Мағжан). Алла жаратушы, бұл Оның сипаты, Аллада кемшілік жоқ, мұқтаждықтан жаратпайды. Адам Алланың жаратушы деген сипатының көрінісі. Біз адам Жер бетіндегі басқа жанды жаратылыстың барлығынан артық екенін білеміз. Несімен артық? Ақылы артық, ғылымы, өділеті, мейірімі, махаббат, ар-ұят, танымы бар, сөйлей алады, еркі бар, жердегі бар нәрсені үксатып, өртүрлі технологиялармен түрлендіріп, өз қажетіне жұмсай алады. Құранда (38:75) Алла адамды «Екі қолыммен» жараттым деген, Алланың біздің түсінігіміздей қолы жоқ екенін біле отырып, осыдан адамға деген артық махаббатты байқаймыз, өйткені «Екі қолыммен» деп тек қана адам жаратылысына байланысты айтылған. Абай да «Махаббатпен жаратқан адамзатты» дейді. Жалпы адам ойының, жасаған өнерінің биігін «руханият» дейміз. Түбірі «рух». Жоғарыда айтылған ақыл-ғылым, таным, өділет, мейірім, махаббат, ар-ұят, ерік, сөйлеу рухтың таралынан, яғни рухтың құрамдас бөліктері. Сонда Алланың адамға деген махаббаты қайда жатыр десек, адамға берілген рухта екенін байқаймыз. «Ақылы (рухы) барға ғибадат парыз». Рухты Абай «нұрлы ақыл» дейді. «Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық қылулары үшін жараттым». Құран (51:56). Ақыл-есі ауысқанға ғибадат парыз емес. Рух өлмейтін, тәннен бөліне алатын заттық емес жаратылыс. «Өділеттік, арлылық, махаббатпен Үй жолдасың қабірден өрі өткенде» (Абай), қабірден өрі тек рух қана өтеді. «Түп иесін көксемей бола ма екен? Және оған қайтпақсың, оны ойламай, Өзге мақсат ақылға тола ма екен?» (Абай). Рух әлемінен келген біздің рух Жаратушыны «көксейді», Оған қайтуды ойлайды, өйткені адам рухы бұ дүниеге келмей, тәнге қосылмай тұрып Жаратушыны сезініп білген. Тән топырақтан жаралып, топырақта қалады. Мақсат сол рухымызды былғамай, нәпсімізге жеңдірмей Аллаға қайту. «Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан. Ол, тым үстем, аса жарылқаушы», Құран (67:2).

2. Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

Адамға тіршіліктің ең керегі – дүние-сынақтан дұрыс өту. «Дүние-ақыреттің егіндігі», Абай келтірген хадистен

ұғатынымыз, Алла адамды сынақ үшін жаратып, жер бетіне тіршілікке жіберді.

Екі дүниеде бақытты болу үшін «толық адам» болуға тырысу керек, яғни Құдай ісінің соңында болу, дүниенің, болмаса адамның құлы болмас үшін Алланың құлы сезіну, үш қасиет: өділетті, мейірімді, ғылым-білімді болуға ұмтылу. Өзіңді тану арқылы Жаратушыны тану, дүниені тану,

3. Адамға өлген соң, мейлі, не жөнмен болсын, рахат-бейнет, сауап-азап бар ма?

Иман келтіргенде «Өлгеннен кейін тірілетініке сену» деген бар. Бұл сенім момынның бұ дүниеден түнілмеуіне себепші. Фәнидің «таусыншақ күн» екендігін білдіруші. Бірақ бұ дүние жалған емес. «Өмір өзі – ақиқат» «Қай жерде өмір жоқ болса, онда кемелдік жоқ», (Абай). Яғни, тіршілік бар жерде өсіп-өну бар, даму бар, кемелдікке жетуге ұмтылу бар, адамзаттың саны мен сапасы, ақыл-ойы, ғылымы мен технологиясы, экономикасы өсіп өркендейді. Сондықтан, бұ дүние жалған емес, жалған деп «таусыншақ күн» тез өтіп кететіндігі, жылтыраған алдамшылығы, уақытша сынақ болғандығы үшін айтылған, сондықтан бұл «ақыреттің егіні» – өмірді бос өткізіп алмас үшін, адам өзіне есеп беріп отыруы тиіс. Бұ дүние сынақ. Екі дүниенің Иесі Алланың бір сипаты – Өділ. Алла – Қиямет күнінің Иесі, өділдік орнатушы. «Адам баласынан Махшарда сұрау алатын қылып жаратқандығында өрі өділет өрі махаббат бар». (Абай). Сондықтан рахат-бейнет, сауап-азап бар.

4. Ең жақсы адам не қылған кісі?

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті,*

Адам сүйгенінің құлы. Алла мен оның махаббатпен жаратқан адамзатын сүйе алған – ең жақсы кісі. Алланы сүйсең, адал құлы болсаң Ол да сені сүйеді. Алланы сүйу – Оны дұрыс таныған соң заңдарын орындау. Адамзаттың ғылым-білімнің, технологиясының, экономикасының дамуына үлес қосып, өділет-шапағатың мол болып, оның

бейнетін жеңілдету – адамзатты сүю, мұның ішінде ұлтын, отанын сүю де жатыр. «Әділет – барша ізгіліктің анасы». (Абай). Бұларды сүйген адам ихсанға, тақуалыққа жетті деп қарастырса болады.

Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын өуелден Төңрі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп Иең сүйсін.

5. Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара ма?

Ақырзаман жақындағанда адамның адамшылығы бұзылады деген түсінік бар. Бірақ сол ақырзаманды адамдардың өзі жақындатады. Құдайдан алыстаған сайын бұзыламыз, ақырзаманға жақындаймыз. Құдай жоқ болса, адамды адастыратын Сайтан жоқ, Құдайдың Заңы жұмыс істемейтін жерде адамның шектеулі ақылынан шыққан заңдар қолданыла бастайды. Атеистік қоғамдағы гейлер мен лесбияндардың, «азшылықтың құқығы» шыға бастайды. Археологиялық зерттеулер Израиль жерінде Содом мен Гоморраның орнын тапты және олардың шынымен өртенгенін дәлелдеді. Яғни адамзат толығымен Құдайдан безгенде зауал келеді. Пайғамбарымыз Мұхаммед СҒС-нан жеткен хадис: «Бір кісіден: «Адамдар бұзылып кетті», – деген сөзді естісең, біліп қой: сол адамның өзі бұзылған» депті. Бұдан түсінгеніміз заман адамдардың іс-қарекетіне, ниет-пиғылдарына байланысты. «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі». (Абай). Заманның қандай болатыны біздің өзімізге, өзіміз құрған қоғамға, құдайшылығымызға байланысты.

Адам кім?

Абай: «Құдай тағаланың адамнан асыл жаратқан мақұлығы жоқ. Адам баласына жансызға жан салуға рұқсат жоқ, одан басқаның бәрінің де кілті бар. Өнер білімнің кілті бар. Өнер-білімнің кілтің жаңа-жаңа тауып келе жатыр. Әлі балықша суға жүзіп жүргенін де көресіздер, құс болып, қанат қағып аспанда, ұшып жүргенді де көресіздер. Және дүние мұнымен тұрмайды, өзгерісі болады. Адам баласы осы күнгі балалардың мал өсіріп, сенен мен артық бай боламын

деп таласқан бәсеке байлығындай, өнерге сенен мен артылам деп өнер арттыруға таласады. Мал байлық бәсекесі болмайды, өнер бәсекесі болады». Төлеу Көбдіковтің (Абайдан төлім алған ақын) естелігінен.

Адамзат өзінің ақыл-ойының даму барысында, бергі екі-үш ғасыр тарихында бүгінге дейін төрт өндірістік (индустриялық) революцияны бастан кешірді. Дұрысы қазір үшіншіден төртіншіге аяқ басты. Біріншісі су мен бу қозғалқыштарымен өндірісті механизациялады. Екінші өндірісті еселелеп көбейтуге әкелген электр тоғын пайдалатын моторлардың шығуы. Үшінші – электрондық құралдар мен ақпараттық технологиялардың дамуы өндірісті автоматтандырып, өнім шығару одан әрі көбейді. Интернет пен мобильдік байланыс үшінші өндірістік революцияның жемісі. Орасан мәліметтердің (Big data) күшімен Жасанды түйсіктің (интеллектінің) революциясы – цифрлық заман – төртінші революция да басталды.

•The Economist• журналының жазуы бойынша, ендігі ең қымбат ресурс мұнай емес, мәліметтер жиынтығы. Осы орасан зор мәліметтерді «сұрыптап», «үйреніп», өзі де «жасап», «үйрететін» жасанды түйсік (зерде), (интеллект), (artificial intelligence AI).

SpaceX, Tesla және Boring Company компанияларының жетекшісі Илон Маск «жасанды зерде үшінші дүниежүзілік соғысқа әкеледі» десе, Google Cloud-тың бас ғалымы Фэй-Фэй Ли «бүгінгі күні жасанды зердеге адамгершілік жетпей тұр» дейді. Ал Alibaba-ның атқарушы төрағасы Джек Ма «жасанды зерде бар болғаны мидың релін атқарушы ғана, ал данышпандық жүректен шығады» деген ойда. Илон Маск болса, Neuralink деген компания ашып, тіпті компьютер чиптерін адам миына орналастырмақшы, яғни адам мен мәшинені бір тәнге айналдырмақшы.

Асқан қабілеті бар адам болмаса, адамнан жоғары интеллектісі бар мәшине адамзатқа қандай залал я болмаса пайда әкелуі мүмкін?!

Google мен Uber-дің бұрынғы атқарушы директоры Anthony Levandowski жасанды интеллект «The way of the future», «Болашақтың жолы» деген шіркеуін құруда, яғни жасанды интеллект Құдайдың орнына жүрмекші. (<http://www.wayofthefuture.church>) «Еріккен, ойына келгенін істейтін батыс қой» деп қолды бір сілтеуге бо-

лар еді, бірақ Біріккен Араб Әмірлігі «жасанды интеллект министрлігін» құрды, оған министр болып Омар бин Сұлтан Әл Олама (Omar bin Sultan Al Olama) тағайындалды. Ой-лары заман көшінен қалмау. Ал Мекке мен Мединесі бар саудиліктер София дейтін роботқа азаматтық берді. NASA мен Google-дің ғалымдары мен инженерлері құрған SU Singularity University (Сингулярлық Университет) дейтін бар. Ғылымдағы даму мен «экспоненттік технологияға» баса мән беретін университет. «Экспоненттік технология» деген ұғым тұрақты және жылдам қарқынмен өсетін технологиялар. Singularity University-дің негізін салушылардың бірі атақты өнертапқыш, ойшыл және футуролог Рэй Куртвейл (Ray Kurzweil). Олардың жасанды зерде жайлы айтқандары төмендегідей: Компьютерлердің дамығаны соншалық шахматтан да қиын Го деген ойыннан адам болжанғаннан он жыл бұрын жеңіп отыр. Ол аз болса, АҚШ-та жас заңгерлерге жұмыс табу қиындаған. Жасанды зердеге негізделген IBM Watson жүйесінен секундтардың ішінде 90% дәлдікпен құқықтық кеңестер алуға болады. Адамның дәлдігі 70% екен.

SU-дың кеңесі бойынша, «егер сіз АҚШ-та құқық саласының маманы болайын деп дайындалып жүрсеңіз, тез райыңыздан қайтыңыз». Себебі, болашақта олардың 90% қысқартылады, тек таза мамандар қалады. IBM Watson жүйесінің обыр ауруын анықтауы адамға қарағанда төрт есе дәлірек. Facebook-тің бағдарламасы адамның бейнесін адамнан артық «таниды». SU-дің болжамы бойынша, 2030 жылы компьютерлер адамнан ақылдырақ болады екен. «Virtual Processing Unit» деп аталуы мүмкін чип секундына сегіз триллион операция атқаратын болады.

2018 жылы өздігінен жүретін жасанды зерде басқаратын көліктер көшеге шықпақшы. Олардың өзіндік-навигация жүйесі бар. 2020 жылдары аутокөлік өнеркәсібі тұтасымен бүліне бастайды, сізге жеке меншік көлік керек болмай қалады. Сіз көліктің өзіне тікелей телефон шаласызда тұрған жеріңізді және баратын жеріңізді айтасыз, ол өзі келеді де апарып тастайды. Жүрген жол ақысын төлейсіз, ішінде отырғанда алаңсыз жұмыстарыңызды бітіре бересіз. Біздің балаларымызға жүргізуші куәлігі керек емес және меншік көлік те керек емес болады. Біздің қалаларымыз да өзгереді, көлікке деген сұраныс 90-95% азаяды. Паркингтер паркке айналады.

Жылына әлемде 1,2 миллион адам жол-көлік апатынан көз жұмады екен. Қазір әрбір 100,000 шақырымға бір жол-көлік апаты, ал өзі жүретін көліктердегі жол-көлік апаты 10 миллион шақырымға біреу болады екен. Бұл дегеніміз миллион адамның өмірі сақталады деген сөз. Көптеген көлік компаниялары өзгеріске түсе алмай банкротқа ұшырамақшы. Дәстүрлі компаниялар эволюциялық тәсілмен, жақсырақ көліктер жасауға ұмтылады, ал (Tesla, Apple, Google) сияқты жаңа бағыттығы компаниялар революциялық тәсілмен дөңгелекті компьютер жаңа заманның көлігін жасайды. Volkswagen мен Audi инженерлері Tesladan қорқады.

Сақтандыру компаниялары үлкен қиындықтарға тап болады, өйткені жазатайым оқиғаны сақтандыру 100 есе арзан болады. Көлік сақтандыру бизнесі не өзгеріп, не құрып тынады. Алайда, егер жазатайым оқиғалар 100 есе төмендесе, бірақ сақтандыруды сатып алу құны тек қана 50 есе төмендейді, бизнес тиімдірек болуы мүмкін. Жылжымайтын мүлік өзгереді, егер сіз жолда келе жатып жұмыс істей алатын болсаңыз адамдар қаладан сыртқа, өдемі табиғат аясына жылжиды.

Жаңа Зеландияда жасанды зерде мектеп балаларына жасыл энергетика жайында сабақ бере бастады. Біз күнде қолданып жүрген Google translate те жасанды зердені қолданады. Сіздің дауысыңызды отыз секундта «көшіріп» айнытпай сіз сияқты сөйлейтін роботтар бар. Microsoft ағылшыншаны қытайшаға адам сияқты аударатын жасанды интеллект жасады. Жасанды зерде жазған музыкалық клиптер де пайда болды. Адамзатқа қауіп төндіретін жаңа ауру түрлеріне антибиотиктертерді де жасанды зерде іздеуде...

Ал Қытайда тіпті Ханчжоуды жасанды зерде қаласы деп жариялаған. Көп ұзамай сіздің айналаңыз қаншалықты шын, қаншалықты виртуалды (жасанды, жорамал) екенін ажырататын анти жасанды зердедеген технологиялар дамуын бастады.

Бүгінгі күні narrow AI, тар шеңбердегі жасанды зерде бір салада қолданылады, мысалы камерамен адамды тану, көлік жүргізу, шахмат ойнау сияқты. Бірақ, зерттеу институттары мен ғалымдардың мақсаты general AI, AGI artificial general intelligence немесе strong AI, жалпы жасанды зерде немесе мықты, күшті жасанды зерде жасап шығару. Бүгінгі тар шеңбердегі жасанды зерденің өзі адамнан жақсы жұмыс

істейді. Ал жалпы жасанды зерде яғни AGI барлық жағдайда өртүрлі тапсырмаларды адамнан артық орындайтын болады.

Бір қорқыныштысы жасанды зерде қарулануда, қорғаныс пен шабуыл жүйелерінде де кеңінен қолданылуда. Stephen Hawking, Elon Musk, Steve Wozniak, Bill Gates және басқалар жасанды зерде жайында өздерінің ойларын ашық білдіріп, қауіптенетіндерін айтқан. Адам санасының деңгейіндегі жасанды зерде 2060 жылдары пайда болады деп болжануда. Енді біреулер суперақыл 2100 жылы сөзсіз пайда болады десе, тағы біреулер пайда болуы мүмкін емес дейді. Іс жүзінде жасанды зерде эксперттерінің өздері өлі білмейді.

«Надандар ғана жасанды зердеден қорқады» деген қауесет те бар. Оған қарсы «жасанды зерде адамдарды басқарып өздерін-өздері жасап көбейеді, адамдарды құл қылады» деген де ойлар бар.

Бұл төрт өндірістік революция адамның ақыл-ойының жемісі. Адамзат ақылының қарыштап дамуы, тіпті олардың қолдан жасаған құралдарының өзі осындай биік деңгейге жетуі таң қаларлық құбылыс. Тағы бір таң қаларлық нәрсе «Хомо эректус», яғни тік жүретін адам тектестердің пайда болғанына 2,5 млн жыл болыпты. Ал Африкада олардың «аталары» шимпанзелердің пайда болғанына 6-7 млн жыл болған дейді ғалымдар.

«Адам кім?» деген сұраққа ғылым қалай жауап береді десек, оқырманның ойына ең бірінші Ч. Дарвиннің «эволюция теориясы» келері анық.

Неге аз дегенде 2,5 млн жыл, болмаса 6 млн жыл бойы өзгеріс жоқ, адам жабайы аң сияқты өмір сүрген, ал соңғы 5-ақ мың жылда революциялық өзгеріс бар? Сонда эволюция қайда қалды?

Бұдан Дарвиннің эволюциясын теріске шығарғалы отырған жоқпыз. Тіршілік судан басталғанын дін де, ғылым да мойындайды. Бір жасушалы (клеткалы) жәндіктер эволюция нәтижесінде кит, динозаврларлардай үлкен жануарларға айналады, балық тектестер судан шығып, қосмекенді болып одан құрлықта жүретін жануарлар пайда болады. Төрт аяқты жануарлар дамып, екі аяқты жануарлар маймылдар пайда болады. Маймылдан неандерталдық, денистік деген сияқты адам тектестер, пайда болды, әрине, ортасында «өлі табылмаған буындар» бар. Эволюцияның бар екеніне ғылыми дәлелдер, фактілер бар. Екі кілттің бар, бірі ең

бірінші бір клеткалы жөндік қалай жаралған? Екіншісі маймылдан адамға «өтетін» тұсы. Бір клеткалы жөндік болса да ол биологиялық жолмен көбейе алады, өзіндік ішіп-жейтін, ұрпақ қалдыратын мақсаты бар. Өзінен-өзі жаралса, «ақылсыз материя өлемі қалай ішкі масаттары бар, өзін-өзі қайталау (тудыру) қабілеті және «кодталған химиясы» – зауазат ДНК-сы бар тіршілік иелерін тудырады?». ДНК код – қайталанып отыратын химиялық элементтерден құралатын жиынтық, оның ақылмен, бір мақсатпен жасалғанын терістеу қиын, оның өз-өзінен пайда болу ықтималдылығы өте төмен. Бұны ағылшын ғалымы Antony Flew айтқан. Жарайды, сонымен «маймыл ағайындар» екі жарым миллион жылдар бұрын екі аяққа тұрып алыпты. Үй салмай, үңгірлерде жүріпті. Қауымдасып өмір сүру, мемлекеттің нышандары пайда болғаны он мың жылдың шамасы. Ең қызығы, біздің түсінігіміздегі адамзат мәдениеті, жазуы, өнер туындылары, поэзия, техника, технология яғни рухани дүниені қашан тугыза бастады десек, алты мың жылдан өрі бара алмаймыз. Өзен аралығындағы шумер сына жазуы 5500 жыл бұрын пайда болды. Донғалақтың ойлап табылуы – адамзат тарихындағы ең үлкен технологиялық төңкеріс. Оған да 6000 жылдың шамасы болды. Ең алғашқы эпостық поэма Гильгамештің (О. Сүлейменов «Білгөмеш» дейді, шумерден семиттердің аталарына өткен «ілім, ғылым» сөздері «білім» деген түркі тілінен алды дейді) пайда болғанына да бес мың жыл болған жоқ. Соған қарап, адамзатқа рухани құндылықтар тудыратындай он мың жыл шамасында қандай өзгеріс болды деген сұраққа жауап іздеген дұрыс.

Абай да Дарвиннің эволюциялық теориясына таң қалып: «Дарвинде кісіні құлатып ап кетерлік күш бар екен, бұғандін қазығыңды мықтап алмай соқтығу қатер екен», – дейді. М. Өуезов, «Абай ақындығының айналасы».

Эволюция қазір де жүріп жатыр. Оған мысал Аделаида (Аустралия) университетінің ғалымдары мынадай қызық жаңалық ашқан, адамның білегінде жатырда жатқанда кетіп қалатын «артық» үшінші артерия болады екен. Ғалымдар осы күнге дейін бұл органғы артерияның неге керек екенін білмейді. XIX ғ. бұл артерия адамдардың 10% болса, XXғ. бұл көрсеткіш 30% болған. 2100 жылы барлық адамдарда болады дейді ғалымдар. *Journal of Anatomy / Volume237, Issue 4 / p. 623-631.*

Шынымен неге 2,5 млн жыл бойы эволюция адамзатқа айтарлықтай өзгеріс әкелмейді? Неге ғылым-білім, жазу, поэзия, технология неге соңғы бес-он мың жылдың үлесінде? Он мың жыл 2,5 млн жылдың 0,4% құрайды. Тік жүретін адам тектестер тарихындағы ерекше дамуы соңғы 0,4% уақыққа тиесілі. Сонда он мың жыл шамасында адамзатқа мұндай революциялық өзгеріс қайдан келді? Неге адамның ақылы күрт көбейді? Біз неге адамзат ақыл-ойының жемісінен туындаған өнерді руханият дейміз? Христиандардың есептеуінше алты-жеті мың жыл бұрын Адам пайғамбар келді. Адам өрі адам-кісі болып, өрі пайғамбар болып келді. Пайғамбарлар кітаппен бірге білім әкелді. Адам — төніне бірінші рух үрленген пенде деп шамалаймыз. Бар пенденің рухы сол кезде жаратылған дейді. Олар сол кезде Жаратушыны сезген. Сондықтан да бәріміз егер жан қысылса, тіпті атеисттің. Құдай жоқ дегеннің өзі өйтеуір бір абсолюттік күшке «сиына» бастайды. «Үрледі» деген соң-ақ ол «рух» ұшатын нәрсе екенін бағдарлаймыз. «Жан ұшты, шыбын жан» дейтініміз де сол болар. Рух ұйықтағанда ұшып кетеді, өлгенде біржола кетеді дейді Құран (39:42). Ұйқыдан тұрғанда түк түсінбей мең-зең болып отыратынымыз сол болса керек. Енді біз «руханият» деген сөзге ой жіберсек, түбірі «рух» екені айқын, яғни адамзат баласы жасаған небір жөдігерлер, өнер туындылары, әдеби шығармалар, ғылыми жаңалықтар, технологиялық жетістіктер адамның рухына байланысты. Абайша айтқанда рух — нұрлы ақыл. Ал біздің айтып жүрген Дарвиннің эволюциясы тек төнге қатысты. Алланың бір аты «Бари», яғни дизайнер. Тіршіліктің дамуының о бастағы дизайнында эволюция ойластырылған. Арақ ішкен адамның мал деңгейіне түсетіні жаңағы адамды адам қылып тұрған рух «үркіп» кетіп қалады. Есі дұрыс емес адамға құлшылық парыз емес.

Абай төн мен жанды айтады. Дуализм деген қызық нәрсе. Латынша түбірі duo, ағылшын тілінде two-екі деген сөз. Мысалы көзге көрінетін жарықтың бөлшегі-кванттың немесе фотонныңекі табиғаты бар, өрісәуле, өрібөлшек. Әдемі түрлі-түсті көбелектің де әуелі көзге ұнай бермейтін күрт болып тіршілік жасап, артынан ұшып кететіні де қызық, сол күрт кейін аспанда ұшып жүретінін сезе ме екен десеңізші? «Екі жирен» әнінде: «Мұғалақ екі дүние бірінде жоқ, Дарига осыменен өтті заман», — дейді. Мұғалақ-халақ деген жаратылған

деген мағынада. Жартылған дүниенің бір бөлшегі Жер о баста бір кездердегі Күн сияқты жұлдыз жарылғаннан кейін қалған материядан құралған отқа оранған дене болды, оған басқа бір аспан денесі соғылып, Ай пайда болды. Біздің төрт мезгіліміз қыс, көктем, жаз, қыс Айға тәуелді, Айсыз олар болмас еді. Жер о баста от болса, тіршіліктің көзі су қалай пайда болды? Жердің сыртқы қабаты суыды, кейін жер бетіне түскен метеориттерде су (мұз) бар еді. Жердің ішкі қабаты әлі де от, балқыған темір, қатты темір қабаттары да бар, олар Жердің магнит өрісін туғызады, ал магнит өрісі жердегі тіршілікке қауіпті Күннен, ғарыштан келетін жоғарғы қуатты элементар бөлшектерден сақтаса, атмосфера қабаттары ультракүлгін, инфрақызыл сәулелерден қорғайды. Жердің орбитасына салыстырмалы түрде жақын орналасқан сыртындағы алып планеталар Юпитер мен Сатурн Жерге бағытталаып келе жатқан басқа метеорит, астероид сияқты ұсақ аспан денелерін өздеріне «тартып» алады. Осының бәрі кездейсоқтық па? Ол аз болса, Жер Күннен сәл қашықтау орналасса Жердегі су қатып қалады, мысалы Нептунда минус 200 градус, Уранда минус 218 градус, сәл жақын болса, су буланып кетеді екен, мысалы Меркуриде 450 градус ыстық, Шолпанда плюс 465 градус екен. Сосын біз дем алатын оттегі таза күйінде қауіпті, жарылады, ауаның құрамында 78% азот, соны табиғаттық өзі теңгеріп ұстап отырады, ол да кездейсоқтық па? Ал енді адамның денесі көміртегі, сутегі, оттегі, азот сияқты химиялық элементтерден тұрады. Топырақтан жаралып, топыраққа барып сіңетініміз сол. Ғылымның фактісі күшті, ақиқаттан айнымайтын кездері бар, бірақ адамзат ғылымды дамыттық, ғарышқа ұштық десе де аяқ астынан келген нәубет болса адамзаттың дәрменсіз екенін байқаймыз, оның бір үлкен дәлелі – коронавирус.

Адамды адам қылған төн эволюциясы емес, Рух революциясы. Оған қарапайым мысал компьютер. Компьютер тәні темір, оның операциялық жұмыс істейтін жүйесі, арнайы бағдарлама-программалары болмаса ол сол темір күйінде қала береді, мейлі оның жадын көбейтіп, мықты процессор орынатқанмен ештеңеге пайдасы жоқ. Адамның тәні 2,5 млн жыл бұрын «маймыл» болды. Ал рухқа ие болғанына он мың жылдай болса керек. Иә маймылдың да жаны бар. Бірақ есі түзу адамның жанында қосымша рух бар.

Адамның тәнінен бөлек жаны бар екенін білеміз. Тән адамның физикалық өлшемі болса, жан метафизикасы, яғни физикалық өлшем, түсінікке симайтын бөлігі. Жан, нәпсі, жүрек, рух. Әртүрлі әдебиетте жан мен рухты синоним ретінде қолдана береді, нәпсі мен жанды бір түсінікке сиғызу да кездеседі. Тереңірек үкілсе бұлар әртүрлі түрлі ұғымдар. Бұл ұғымдарды бір-бірінен анық ажыратпай, ара-қатынасын түсінбей адамдықтың рухани өлшемінің мағынасына жетіп, біртіндеп Құдайға жақындау процессін түсіну қиын.

*«Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі»*

Мұндағы жүрек ет жүрек емес – рухани жүрек, біз сезімімізбен өмір сүретін орын. Жүрек кірлеп немесе қатайды дегенде оның нәпсіге қарай бейімделгендігі. Жүрек тазарса (көзі ашылса) рухқа қарай бейімделеді. Құранда көрсетілген нәпсінің үш деңгейі бар. Бірінші – зұлымдыққа бұйыратын (өзінен басқаны кінәлайтын) ең төменгі нәпсі. Екіншісі – өзін-өзі сөгетін (жақсы мен жаманды айыратын) нәпсі. Үшіншісі – тыныштықтағы нәпсі, Алланың бұйрығына разы нәпсі. Жүрек нәпсіге бейімделсе дүниеге жақындайды.

Ал рух деген не? Ол жайында адамның мәліметі аз. Рух адамға сөйлеу қабілетін және Жаратушының барлығын білдіретін туа біткен терең білім береді. Рух бұл жерде өлмейтін мәңгілік жартылыс. Құдаймен бірге өмір сүретін нәрсе деп есептеледі, ал егер жүрек рухқа толық кіріктірілген болса, бейімделсе онда жүрек көрінбейтін өлемнің шындығына сөйкес өмір сүре алады, жүрек көзге көрінбейтін өлемнің әсеріне ашық болады. «Хақтың сәулесі құйылып, ерекше ілімге ие болады, бұл «Ладуни ілім» деп аталады. Адамның денесі-тәні рухтың жер бетіндегі уақытша сауыты. «Тән жанның қонақ үйі». Жетінші қара сөз.

Адамда рух пайда болғаннан бастап адамзатта руханият пайда болды. Ғылым-білім, техника, технология, өнер, жазу-сызу пайда болды. Адамның ақылы еселеп дамып, өзі жасанды инеллект жасауға мүмкіндігі жетті. Ал жасанды интеллект пен адамның ақылының не айырмашылығы бар? Адамда рух бар, ал жасанды түйсікте рух жоқ. Адамды клондағанда неге тура сондай адам шықпайды? Клондаған адамда төндері ұқсағанмен рухтары бөлек болады. Өлген соң тәнімізді мұзға

салып сақтағыннан бір кезде тірілте аламыз ба? Жоқ, оның рухы «ұшып кеткен». Тірілкенмен есі ауған адам сияқты болады. «Әрбір ақылды адамға иман парыз, әрбір иманды адамға ғибадат парыз» 28 қара сөз. Яғни ақылы дұрыс емес адамға ғибадат та парыз емес. Өйткені оның жаны-нәпсісі бар болғанымен толық рухы жоқ. Ғибадат кезінде адам рухы Рух әлемінен болғандықтан Жаратушымен байланыста болады деп шамалаймыз. Біз әрқайсымыз шексіз, таусылмайтын мейірім-шапағаттың өткізгіш шүмегіміз. Ол шүмек жабылса жан-жағымызға түсетін мейірім шуағы да тоқтайды. Дұрысын Бір Алла біледі.

ТОЛЫҚ АДАМ КІМ?

«Толық адам» жайында көп айтылса да, жазылса да, бүгін оның кім екені анықталып, бір тоқтамға келген ортақ көзқарас жоқ. Пікірлер алуан болып, қателесуіміз де заңды болар, өйткені Абайдан жеткен ілімді жете түсінуге ақынның «дағуасына» тереңдеп бойлап бармаса, жағасында тұрып қармақ салғанға іліне салатын жеңіл дүние емес. Жаза баса, қателесе жүріп, анығына жетіп, бұл ілімнің ел игілігіне жарайтын күніне де жетерміз. Тек тоқтамай талпына беруіміз керек.

«Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі».

Қиянатшыл жарым адам кім? Залым кім?

Жамандық қайдан шығады? «Тасдиқ кітабында» анықтауды талап ететін Абайдың сөгіп, астын сызған, адам баласының бойында болуы мүмкін жаман қасиеттер – қиянатшыл жарым адамдық, залымдық.

«Тасдиқ кітабынан»: «Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хатто (тіпті) иман игтиқада да (сенімге де) қиянатпенен болады. Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман».

Бұл жердегі қиянатбалаларға, ұрпаққа қатысты айтылған. Дін не дейді десек, бала Алланың адамға сеніп берген аманаты екен. Оларды өздері жетіп азамат болғанша өсіру, оқыту, тәрбиелеу (тәРбие сөзінің түбірі Раббы), өзін, Алланы тануына жол көрсету, қорғау – ата-анасының, сеніп тапсырған ұстазының міндеті. Сол Құдай алдындағы міндетке жүрдім-бардым, жауапсыздықпен қарау опасыздық, сол берілген аманатқа жасалған қиянат. Адам тәғдырына, баланың

болашағына, тәрбиесіне, сенім-иманына дұрыс қарамағандар жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Бұның салдарынан сол қиянатпен тәрбиеленген ұрпақ та, олар өмір сүретін қоғам мен заман да «жарым» болмақшы.

«Тасдиқ кітабынан»: «Залымдық – адам баласының дұшпаны». «Ғамал ус салих (ізгі, салиқалы амалдар, жақсы істер) залымдықтың зидды (қарама-қарсысы) болар». Басылған кітаптардың көбінде «залықтықтың» деп қате беріліп жүр.

Зұлымдық жасаушы адам – залым. Қатыгездік, әділетсіздік, қорлау мен біреудің құқығын бұзу, өзіне тиесілі міндетін орындамау – залымның ісі.

Бүкіл әлемде, елімізде «жарымдықтан» шығып жататын залымдық пен қиянат тансық істер емес.

Хакімнің сөз қисынымен айтсақ қоғамда «Жарым адамдар» мен «Толық адамдар» және соларға еретін «Көп» бар. «Көпте ақыл жоқ». Бірақ жарым адам да, толық адам да сол көптен шығады. Сол қоғамда «жарымдар» белсенді болса, билік құрса «көп» «жарым қоғамға» айналады, онда әділетсіздік, қиянатшылдық, зұлымдық, жемқорлық, надандық белең алады. «Жарым қоғам» өз кезегінде «жарым адам» тудырады. «Жарым адамдар» мал, дүние жолында бірігеді, өз қатесін көрмей, басқаны кінәлайды, «Өзі шотқа өзгені ит деп ойлар». (Абай).

«Толық адамдар» қоғамда белсенді болса «көпті ебін тауып жөнге салып» өз ортасын дамитын, өскелең, гүлденген қоғамға айналдырады. «Толық адамдар» ақыл жолында бірігеді, ең бірінші өзін дамытып, өз кемшілігін түзейді, одан кейін қоғамды түзеуге ат салысады. «Толық адамға» үлкен мысал Алаш арыстары.

Енді «Толық адам кім» дегенге Абайдың өзіне сөз берсек, осыған байланысты хакімнің берген екі анықтамасы мен бір шарты бар. Сонымен қатар «толық адам» қатарында бола алатын төрт адам санаты бар.

Абайдың 1889 ж. жазған «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңі:

*Әуелде бір суық мұз ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.*

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.*

*Ақыл да, ашу да жоқ, құлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.*

Кітап тасдиқ – 38 қара сөз, 1896ж: «Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраа сөз жазып ядкар (естелік) қалдырайын»... «Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз (шексіз) болады. Оның ниһаятына (шегіне) ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді»... «Сен де бұл ғылым, рахым (мейірім), ғадаләт (әділет) үш сипатпенен сипаттанбақ: ижтиһатың (ыждағат, ынта, жігер) шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсаниятың (инсаният-адамдық) бар болады»... «Белгілі жауанмөрттік (жомарттық) үш хасләт (қасиет) бірлән (пен) болар деген, сиддиқ, көрәм, ғақыл – бұл үшеуінен сиддиқ (шындық) – ғадаләт болар, көрәм – шафағат (шапағат-мейірім) болар. Ғақыл (ақыл) мағлұм (белгілі) дүр, ғылымның бір аты екендігі. Бұлар әр адамның бойында Алла табарақа уа тағала төхмин (шамамен) бар қылып жаратқан. Бірақ оған рәуаж (өрістету) беріп гүлдендірмек, бөлки, адам өз халінше көмәлатқа (кемелдікке) жеткізбек жәһәтінде (бағытында, жолында) болмақ. Бұлар – өз иждиһадық (ыждағат, ынта, жігер) бірлән (-мен) ниет халис (шын ниет) бірлән (-пен) ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ. Бұл айтылмыш үш хасләттің (қасиет) иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хакімдер, ең ақыры – көміл мұсылмандар».

«Толық адамның» анықтамасы (бойында болатын қасиеттері): ақыл, қайрат, жүрек, бұлар – бірінші үшкіл. («Үшкіл» – ғалым Ақыжан Машанов енгізген термин. Бір ізгі мақсатқа жұмылатын адамның үш қасиеті). Рахым-мейірім, ғадаләт-әділет, ғылым – екінші үшкіл. Шарты: Құдай тағаланың жолында жүруді мақсат қылған таза мұсылман. Төрт санаттағылар: пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер мен көміл мұсылмандар.

Абай 1889 жылы жазған өлеңінде ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған «толық адам» десе, 1896 жылы «Кітап тасдиқта» ғылым, рахым, гадалет «толық адам» сипаты дейді. Бұдан біз хакімнің пікір-ой дамуын, өзгерісін көреміз. Қазақтың, жалпы мұсылманның ғылымда, технологияда, экономикада, саясатта артта қалып отырғанын Абай көріп, өзгеріс керек екенін біліп отырғандықтан «толық адам идеясын» заманға сай жаңғыртып, жаңалап отырғанын байқаймыз.

Алғашқы «инсан әл көмил» – «кемел адам» пайғамбардың өзі, яғни пайғамбарға ұқсау үшін жасалған сол заманындағы идея, «жауанмөрттік» одан берідегі орта ғасырда болған, «толық адам» Абай заманының сұранысы. Бірақ түптеп келгенде бұлардың бөрінің мақсаты бір. Ал мақсаты бір болса, бұлардың атын өзгерткеннен бірдеңе өзгере ме? Тіпті кейбір ағылшынша аудармада «инсан әл көмил» – «complete person», яғни тікелей мағынасында «толық адам» деп аударылған. Әр заманның өз сұранысына орай өз «толық адамы» болғанын көреміз. Неге? Жауабы «Кітап тасдиқта»: «Және Пайғамбарымыз СҒС «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде сахабаи көрәмлар «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның пәтуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады». Абай өз заманының ғалымы, заман сұранысына орай жаңа «толық адам» ілімін әкелді, Жаратушының заңы өзгермегенмен, замана өзгеруімен адам санасының, ғылым-білімнің өзгеруіне байланысты қағидалар өзгеруі керек.

Абайдың бірінші, екінші үшкілдері дейтіндер не үшін керек, қайдан, неден бастау алған, күнделікті өмірімізде қалай қолданамыз?

Бірінші үшкіл: ақыл, қайрат, жүрек

«Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек».

Ақыл мен жүрек. Орта ғасырлардан бері мұсылман түсінігінде адамдағы ақыл мен жүрек (қалып) Алланы танудың құралы болып есептеледі. Яғни бұлар Абайдан бұрын бар, «кемел адамының» қасиеті.

Хакім әр сөзін ойдан шығара салмағаны анық, оларды өзі айтатын бұрыннан белгілі «нақлия ғылымдар» Құран, хадистерге сүйене отырып жазғанын байқаймыз.

Омар халифтен жеткен белгілі хадис бойынша Жебрейіл періште адам кейіпінде келіп Пайғамбарға СҒС дін жайында «Ислам, иман және иһсан деген не?» деп сұрақ қойған. Пайғамбарымыз СҒС: Ислам – мойынсұну, бес парызды: куәлік келтіріп шәһада айту, ораза, намаз, зекет, қажылық орындау, иман – Алланың барлығы және бірлігі, Оның кітабына, пайғамбарларына, періштелеріне, Қиямет күніне, тағдырға деген сенімде болу, иһсан – құлшылықта Жаратушыны көріп тұрғандай, болмаса Жаратушы сені көріп тұрғандай рухани деңгейде болу деп жауап берген. Пайғамбардың СҒС бұл үш сұраққа берген жауаптарына Жебрейіл періште «дұрыс» деп разы болған.

Ислам – негізінен сыртқы көрініс, яғни шәһада айту, намаз оқу, ораза ұстау, зекет, қажылық көзге көрінетін тілмен, тәнмен істейтін амалдар.

Ислам сөзінің мағынасы «мойынсұну», «бағыну». Діни контексте бұл «Құдайдың қалауына толықтай бағыну» дегенді білдіреді. Исламға келген адамды – мұсылман дейді.

Иман – ақылмен келетін сенім, Жаратушы бар және біреу ғана. Оның періштелеріне, жіберген пайғамбарларына, кітаптарына, бұл дүниелік ісіңе жауап беретін ақырет күніне, жақсылық пен жамандықты жаратқанына сену. Иман ақылы бар адамға парыз. Жануарларға, ақылы кем адамға, иман парыз емес. Иман сөзінің мағынасы тыныштықта, амандықта болу. Сенімділік, шыншылдық. Иманға келген адамды – момын, муһмин дейді.

Иһсан – сенімнің жүрекке жетуі, ішкі дүниенің кемелденуі, ішкі өдемілік, тақуалықтың шыңы. Өзі Құдайды көріп тұрғандай, не Құдай оны көріп тұрғандай жүреді. Басқалардың көзінше істемеген жаман қылықты өзі жалғыз болса да істемейді. Яғни адам өз істейтін қарекетін, амалын Құдайдың заңына сай өз ішінен реттейді, сыртқы бір заңның, не адамдардың қалыптасқан көзқарасына сай «ақсақал айтты, бай айтты» дейтіндей емес. Иһсан сөзінің мағынасы: хасан, хусни сөздерімен түбірлес, өдемілік, көркемдік дегенді білдіреді. Иһсанға жеткен адамды – мүксин дейді.

Сонда дін-сенім деген адамның үш өлшемін: сыртын-тәнін, ақылын және ішін-жүрегін қамтиды екен. Ең жоғарғы деңгейі иһсан, одан кейін иман, үшіншісі ислам.

Орта ғасырдан келе жатқан ақыл мен жүрекке Абайдың үшінші қылып қосқаны қайрат, дінтанудағы, Алланы

танудағы жаңалығының бірі де осы. Неге қосты және ол неге жаңалық?

Ақынның өзіне сөз берейік:

28-ші қара сөз: «Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, Құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады. Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады?».

17-ші қара сөз: «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, Ғылымға жүгініпті.

«ҚАЙРАТ: Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім..

ҒЫЛЫМ: «— Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан Тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің».

ЖҮРЕК: «Жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады».

ҒЫЛЫМ: «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет».

Хәкім неге «толық адамның» үш қасиетін Ғылымға жүгіндірді? Неге жүрекке бағын деді, бұл тұжырым неге негізделген?

Ғылым, қайрат, ақыл мен жүрек төртеуінің ішінде Ғылым Алланың сипаты, қалған үшеуі адамның қасиеті.

Енді жоғарыдағы келтірілген хадиспен кемеңгердің 17, 28-ші қара сөздермен тығыз байланысты табамыз.

Қайрат адамға «Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек» үшін, яғни ораза, намаз сияқты діннің сыртқы көрінісін атқару, адамзатқа қызмет қылмақ үшін керек екен.

Ақыл, «Жаратқан Тәңіріні де сен танытасың», яғни адамды иманға келтіретін, иманның шарттарын қабылдағатын ақылы, Құдайдың барлығына, бірлігіне сендіретін діннің екінші құрамдас бөлігін қамтиды, жаралған екі дүниенің жайын білуші.

Жүрек, «Жақсылыққа елжіреп еритұғын — мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын — мен, өділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады». Яғни Алланы көргендей, не Алла адамды бақылап тұрғандай деңгейге жеткізіп, осыларды адамнан шығаратын діннің иһсан аталатын үшінші әрі жоғары бөлігі. Адамның махаббаты мен өділеттінің көзі.

Енді барып хакімнің Ғылым деген Алланың сипаты арқылы жүрек неге ақыл мен қайраттан жоғары тұру керектігін айтуы діннің негізін түсіндіруші хадистен алынғандығын байқаймыз.

Иһсанды болмақ — жүректен, иманға адам ақылмен келеді, ислам парыздарын орындамақ, ерінбей, жалықпай жақсылық жасамақ үшін күш-қайрат керек.

17 ҚС. «Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам — сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды (жүрегіңді) таза сақта, құдай тағала қалпына өрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, — депті». Осыған қара отырып Абайдың жүрекке, иһсанға неге көңіл бөліп басымдық бергенін байқаймыз.

«Тасдиқ кітабынан»: «Иһсанда тапқан мал да махаббатыңды малға аудармайды». «Өнер — өзі де мал, өнерді үйренбек — өзі де иһсан. Бірақ ол өнер гадалттан шықпасын, шарғыға муафих (шарифатқа сай) болсын. Адамға халінше иһсанды болмақ — қарыз іс. Бірақ өзгелердің иһсанына сүйенбек дұрыс емес».

«Сұлуды сүймектік пайғамбар сүннеті». Абайдың осы бір сөзін сан-саққа жүгіртіп, өз іс-әрекеттерін ақтап алушылар да баршылық. Пайғамбарды СҒС ондай жеңілтек қылып көрсету Абайдың мақсаты емес екені тағы анық. Сонда «сұлу» деп ақын кімді, нені меңзеп отыр? 3-ші қара сөзде ақын «Жүйрікті байлап, сұлуды жайлап» отырмақшыларды сөгеді. Жалпы өз-өзіне қайшы келу үлкен ойшылдарда сирек кездесетін, жоққа тән нәрсе. 2-ші қара сөзде ноғайлар (татарлар) жайында айтқанда «өсем де соларда» дегенді байқасақ, ол заманда «өсемдік» деген сөздің болмағанын көреміз. Бұл «сұлулық» деген сөз де Абай заманында болмаған, жасала қоймаған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. «Сұлу» деген сөзге кейін «-лық» жұрнағы жалғасып, жаңа «сұлулық» деген жаңа зат есім пайда болды. Әдемі өскен гүлден де біз жаратылыс арқылы Алланың ісінен көркемдік

сипатын көреміз. Бұдан «Сұлулықты, көркемдікті сүю пайғамбар сүннеті» деген анық мағына шығады. Адамның сырты мен ішкі дүниесі, істеген ісінің нәтижесі өдемі болуы керек. Яғни иһсанды болу да сүннет.

Бірінші үшкіл жайында тұжырым: «Тасдиқ кітабынан»: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфәғат дәфғы мұзарратларны айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады». Адам ғылым-білімді үйренгеннен кейін «толық адам» жолына түсу үшін бірінші Алланы танудың маңыздылығын көреміз. Жоғарыда айтылғандай қайрат, ақыл мен жүрек бұл үшеуі Алланы танудың құралы, соған апаратын жол. Алланы тағаланы таныған өзін де, дүниені тануға мүмкіндік алады, өйткені Жаратушы ақылы бар адамның да, барлық материалдық әлемнің де жасаушы авторы.

Екінші үшкіл: ғылым, мейірім, әділет

«Муттакалимин мантикин бекер босқа езеді дүр» деген өлең жолына қарап Абайдың көлам мен мантиқтап, яғни теология мен логикадан жақсы хабары бар екенін сеземіз. «Тағриф», «тасдиқ», «ақыли, накли дәлелдер» бұл шығарма мантиқтың терминологиясын қолданғанына көз жеткізеді, яғни бұл шығармада логикасы бар философиялық жүйе барлығын көреміз. «Тасдиқ» сөзінің екі мағынасы бар, теологияда сенім-иман деген сөздің сининимі. Ал мантиқта шындық пен жалғанды анықтау, соған жету әдісі. Классикалық ислам екі түрлі білім мен ғылымға (ілім) негізделді – араб тілінде «нақыли», яғни «бұрыннан белгігі, таратылған, ауызша не кітап түрінде жеткен» және «ақыли» – «интеллектуалды» ақыл-ой қорытудың, пікірленудің жемісі, ғылыми жаңалық, жаңадан жасалған ғылым. Ақылдық білім – ғылым-білімнің қысқаша, керекті және ыңғайлы негізін алған соң, ғалымның өзі жасайтын білім. Нақылдық, ақылдық білімдердің, дәлелдердің өз орындары бар. Бұл екі білімді қай жерде, қалай қолдануды білетін интеллектуалдық кемелдікке жеткен, жүзеге асыра алатын және сөйкесінше әрекет ететін, дүниені тұтас қабылдай білген адам «хакім» деп саналады. Бірақ, хакімдіктің Алланың тапқырынан берілетін нығмет екендігі Құранда айтылған: «Алла

(Т.) хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады». (Бақара, 269 аят).

Абай «Тасдиқ кітабында» адам Аллаға ұқсау керек, төніміз емес, Құдайға ісімізді ұқсатуымыз керек дейді. Әл-Бұхари (6227) Мұслім (2841) Әбу Хурайрадан жеткен хадис: «Алла адамды өзіне ұқсатып жаратты».

Ислам логикасында (мантықта) үш әдіс бар. Тассаур, Тасдиқ, Истидлал, бұлар бір толық циклды құрайды. Тасауур – бұл объектілер мен ұғымдарды (зеттелетін тақырып, бұл жерде мінез, «Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядқар (естелік) қалдырайын») сипаттайтын әдіс, мінез сипаты, яғни адамның мінезін анықтайтын сипаттарын Аллаға ұқсату керек деп Алланың сипаттарын алынады. Тасдиқ – осы тасауурмен сипатталатын тақырыптың зеттеу барысында оның шын немесе жалған екенін зерттеу тәсілі. Шығарманың «Кітап тасдиқ» аталу себебі де осында жатса керек. Осы тасдиқпен зерттеп жеткен нәтижені тексеру, растау немесе терістеу үшін дәлелдер келтіруге истидлал әдісі қолданылады. Абай «Белгілі жауанмәрттілік» деп айтқанда оның бұрыннан белгілі екенін ескеріп отыр. «Жауанмәрттікті» дәлел үшін ғана қолданған, сондықтан оның Абайдың «толық адамына» жанама түрде ғана қатысы бар. Абайдың оқыған авторының бірі, ХІХ ғасырдың «ең ықпалды философы» атанған Джон Стюарт Милль. «Логика жүйесі» деген кітабының VI бөлімінде Милль «адамгершілік ғылымдар», яғни этика мен адам табиғатын зерттеу үшін физикалық ғылымдар сияқты логикалық құрылымдар керек екенін айтады. «Әрбір адамның этикалық сипаттағы қалыптасуы сияқты, адам психологиясы мен мінез-құлығы әмбебап заңдар арқылы басқарылады. Бұл заңдар бақылау мен эксперимент арқылы зерттелінбейді, сондықтан тек қана дедукция керек» – дейді Милль. Абай «Толық адамның» қасиеттері «ғылым», «мейірім», «әділетті» Алланың сипаттарынан дедукциялап (бөліп) шығарып алады. Бұл шығармада логикасы бар философиялық жүйе бар деп отырғанымыздың дәлелі осы, тек қана қолданылған терминдер ислам философиясынан (фәлсафа) алынған. Ислам фәлсафасы адам ақылы мен Құдайдың заңы арасындағы үйлесімділікті табуға, қалыптастыруға бағытталатын ілім. Яғни, осы «Кітап тасдиқ» сияқты нақылдық білім мен ақылдық білімнің синтезі.

Осы Абайдың үшкілдерінің мағынасына жеткен соң неге «толық адамның» жолының шарты Құдай жолы екенін түсінеміз. Абай жаңа заман ғылымы ретінде, уақыт талабына сай ғылым, рахым-мейірім, гадалет-әділетті «толық адамның» сипаты ретінде ұсынып отыр. Екі үшкіл, яғни «Толық адам» екі сатылы екенін байқаймыз. Бірінші Алланы дұрыс тану, Екінші дұрыс таныған соң Оған ұқсау. Мәңгілік құндылықтар «жүрек, ақыл, қайрат» – Алла тағаланы дұрыс тану үшін керекті адам қасиеттері, құралы. Алланы дұрыс танымау адамның дүниенің не басқа бір адамның құлы болып кетуіне, «жарым адамдыққа» апарады. Қазіргі біздің қоғамның сипаты. Алланы дұрыс танығаннан кейін Абайша айтқанда «Оған ұқсау» оңай болады, әділетті, мейірімді, ғылым-білімді болу жеңілдейді.

Жүрек, ақыл және қайрат өлшемге сияқы қиын ұғымдар. Ал әділет, мейірім, ғылым бұларды формалды түрде өлшемге сиғыза аламыз. Мысалы ғылым деңгейі бакалавр, магистр, PhD деген ұғымдармен өлшенетіні сияқты. Әрине бұл атақтарды арам жолмен алатындар бар, сондықтан сол атақты беретін жүйеде әділет болуы шарт. Абайша айтсақ «әділет барша ізгіліктің анасы». Әділет пен мейірімді өлшемге сиғызатын, формалды түрде өлшей алатын өдістер, батыста, шет елдерде жақсы зерттелген, соған негізделген адам мен қоғамды бағалаудың үлгілері бар. Сол тәжірибелерді үйрену арқылы «Толық адам» идеясын өмірімізде қолдануға мүмкіндік туады.

Бұл өмбебап заңдылық, жеке бастың ғана емес, кез-келген дамыған мемлекет осы маңызды үш жүйеге негізделеді: оқу-білім жүйесі – ғылым, құқық қорғау жүйесі – әділет, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау жүйесі – рахым-мейірім. Бұл үштік жүйе атеистік, зайырлы мемлекетте де белгілі бір уақыт шеңберінде ғана жұмыс істейді, өйткені Құдай жоқ деген жерде адамның шектеулі ақылы іске қосылып, тиым салынған мәселерге рұқсат бере бастайды, мысалы Еуропадағы бір жыныстылар некесі.

45-қара сөзде хакім «Әділет» пен «махаббатты» айтады. «Мейірім» мен «ғылымды» «махаббатпен» айырбастайды. Махаббатсыз мейірім де жоқ, қызығушылықсыз ғылым да жоқ.

Сонымен, «толық адам» кім? Жоғарыда төрт санаттағы бірінші айтылған пайғамбарлар біздің заманымызда жоқ. Әулие мен хакімдер мүмкін бар болса да, өздерінің рухани деңгейінің биіктігінен ол адамдар мен әулиемін, хакіммін

деп айта қоймайды, олай деп айтуға Құдайдан да ұялса керек. Араларымызда көміл мұсылмандардың барлығына күмән жоқ.

«Кітап тасдиқтың» басында хакім бұл шығарма «мінез жайында» деп хабар береді. «Дін деген не?» деп сұрағанда Пайғамбарымыз СФС үш рет «Дін – көркем мінез» деген. Көркем мінез – жасық, қой аузынан шөп алмас деген мағынада емес. Тағы бір хадисте: «Расында мен көркем мінезді кемелдендіру үшін (адамзатқа) жіберілдім» деген. Хакім «Насихатта», 37-ші қара сөзде: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» – дегені де тегін емес. Оксфорд сөздігінің мінез жайындағы анықтамасы: «Character is the mental and moral qualities distinctive to an individual». «Мінез – жеке адамға қатысты бар психологиялық және адамгершілік қасиеттер».

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыздың СФС адамзатқа жіберілгендегі миссиясы мінез кемелдендіру және адамзатта пайғамбардыкінен биік миссия болуы да мүмкін емес. Абайдың «Толық адам» ілімі сол кемел мінезге жеткізер жол. «Толық адам» — Құдайды, дүниені, өзін таныған, өділетті, мейірімді әрі ғылым игерген көміл мұсылман. Өділетті, мейірімді адамнан көркем мінез шығады, бұлар Құранда «Ғамал ус салихқа» (ізгі, салиқалы амалдар, жақсы істер) жатқызылған. Таза ақыл-ғылымның бағыты жоқ, жақсылыққа да жамандыққа да қызмет ете береді. «Иман мен адамдық – өділет, мейіріммен бірге» – дейді хакім. Толық адам болу мұсылман үшін сүннет. Адамның іс-амалы өділет пен мейірімнің сүзгісінен өтсе одан қиянат пен зұлымдық шықпайды. Абайдың «Үш сүюі»: адам мақсаты өділет жолында болып, Құдайға құлшылық, адамзатқа қызмет ету.

Толық адамның мінезі көркем. «Елге (адамзатқа) қызмет ету мінезден». Бәлкім алаштың екі алыбы Абай мен Әлиханның табысқан, әрі тоғысқан жерлері де осы...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құран түсініктері Халифа Алтай.
2. The influence of islam on medieval Europe, W. Montgomery Watt, Edinburgh. 1972
3. Time in Islamic Kalam, M.B. Altaie, Oxford. 2005
4. Каирдегі Бейбарыс медресесінің тараздық ұстазы. Ә. Дербісәлі
5. Проблема возникновения мира в произведениях А.Курсави и Ш.Марджани. А. Юзеев, Қазан. 1997
6. 38 -қара сөз, Абай, екі томдық, Жазушы. 1995
7. Al Fiqh Al Akbar, Abu Hanifah
8. 99 прекрасных имен Аллаха, Аль Газали, Москва – С-П, «Диля» 2009
9. «Егемен Қазақстан» 23 тамыз 2019ж
10. Ы.М. Палтөре. Абайдың отыз сегізінші қара сөзіндегі Құран мәтіндерінің берілуі.
11. «Өркениет» басылымы, 31 желтоқсан, 1994 ж
12. М.Әуезов 19 том, 31 бет, 19 том, 32 бет, 20 том, 181 бет
13. Имам Әл Ғазали «Их йа' 'улум ад-дин» – Издательский дом «Нуруль Иршад» МОСКВА 2007, 1 том,
14. Islamic Philosophical Theology, Edited by Parviz Morewedge, 1979, State University of New York Press, Albany, "Faith as Tasdiq", Wilfred Cantwell Smith, Dalhousie and Harvard Universities
15. Сахих Аль Бухари. Москва. Умма. 2003
16. «Әдебиет майданы» журналы, 1934, №11 саны
17. М. Әуезов. Таңдамалы. Қазақ энциклопедиясы. Алматы 1997.
18. Why are Jews so powerful? Saleem, Dr. Farrukh (18 December 2010). "Jews, Muslims & Power". *aishcom*. Retrieved 9 February 2018.
19. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. 42000 слов. — 6-е изд., стереотип. — М.: Русский язык, 1985. — 944 с.
20. George Kennan. «Siberia and the Exile System» English. Published: New York, Century Co., 1891, Volume 1.
21. М. Әуезов. Зап заман ақындары. <https://bilim-all.kz/article/7061-Zag-zaman-aqyndary>
22. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі, Алматы: «Ел-шежіре», 2014, 60 бет
23. З.Е. Кабульдинов. Об усилении миссионерской поли-

тики царизма в Казахстане в 80-е годы XIX века. «Отан тарихы» ғылыми журналы, 2017, 3 саны, 8 бет

24. Н. Тальберг «История Русской Церкви» (Jordanville, 1959. [репр. изд. Свято-Успенского Псково-Печерского монастыря, 1994. – С. 766.]

25. «Ақ жол» газеті, №86, 1921 жыл.

26. The Use of Logic in Contemporary Islamic Discourses, Article in Mediterranean Journal of Social Sciences · September 2016

27. An Islamic Perspective of Teaching Philosophy: A Personal Justification Dr. Qais Faryadi

IOSR Journal of Research & Method in Education (IOSR-JRME) e-ISSN: 2320-7388,p ISSN: 2320-737X Volume 5, Issue 6 Ver. III (Nov. – Dec. 2015), PP 49-60

СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Хакім өмірі ісімен де, шығармашылығымен де толған күрес, қарбалас қарекет... Өзін өзгертіп, одан өз ортасын өзгертуді өмірінің мақсаты қылды. Адамның мінезі өзгермей, адамдығы толыспайтындығын, жарым адамнан жарым қоғам туындайтынын түсіндірді.

Совет үкіметі тұсында заман ыңғайына қарай «Ғақлиат тасдиқаттың» зерттелуі құпталмады. Бұл мұра жазылғалы жүз жиырма жылдан аса уақыт өтсе де, қазақ данасының «толық адам» идеясын қажетімізге жарата алмадық.

Біздің қоғамға да сапалы өзгерістер керек. «Толық адам» болудың жолы қандай? Алғашқы қадам хакімнің барлық шығармаларымен қоса «толық адам» идеясының көзі «Ғақлиат тасдиқатты» зерттеп, көпшілік оқырманға ұсыну.

Мазмұны

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА	11
КІРІСПЕ.....	13
I БӨЛІМ	
•КІТАБИ ТАСДИҚ• МӘТІННІҢ ТҮСІНДІРМЕ ТАЛДАУЛАРЫ	22
II БӨЛІМ	
АЛТЫН ХАКІМНЕН КОУЧИНГ	55
•ҒАҚЛИАТ ТАСДИҚАТ• МӘТІНІ	87
THE WORD THIRTY EIGHT OR ‘AQLIYAN TASDIQAT	109
ТРИДЦАТЬ ВОСЬМОЕ СЛОВО ИЛИ АКЛИЛЯ ТАСДИҚАТ	123
ҒАҚЛИАТ ТАСДИҚАТТАҒЫ ҚҰРАН АЯТТАРЫ.....	137
АРАБ ЖӘНЕ ПАРСЫ СӨЗДЕРІНІҢ ТҮСІНІКТЕРІ.....	138
III БӨЛІМ	
•ҒАҚЛИАТ ТАСДИҚАТ• — АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ КЕМЕЛДІККЕ ЖЕТУІНІҢ ӘМБЕБАП ЗАҢЫ	147

Сұлтан Ыбырай

**ЖАРЫМ АДАМНАН –
ТОЛЫҚ АДАМҒА**

06.12.2021 ж. басуға қол қойылды. Пішімі 60х90^{1/16},
«Times New Roman» гарнитурасы. Офсеттік баспа.
Шартты баспа табағы 13,0. Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс №6394.



Адам Орд

Нұр-Сұлтан қаласы, Әбікей Бектұрpin көшесі, 3, 183

Тел.: 8(7172) 426-738, +7 771 111 68 32

E-mail: praha2002@mail.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

